

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

ӘОЖ 343.2/.7; 343.9

Қолжазба құқығында

ЕСЕНБАЕВА АЙГЕРІМ ОМИРЗАКОВНА

**Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты
қоздырудың қылмыстық-құқықтық жауапкершілігінің өзекті мәселелері**

6D030300 – Құқық қорғау қызметі

Магистр дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертация

Ғылыми жетекші:
Философия докторы (PhD)
Балгожина М.Е.

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2021

МАЗМҰНЫ

**БЕЛГІЛЕУ МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.
КІРІСПЕОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**

1 ӘЛЕУМЕТТІК, ҰЛТТЫҚ, РУЛЫҚ, НӘСІЛДІК, ТЕКТІК-ТОПТЫҚ НЕМЕСЕ ДІНИ АРАЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

1.1 Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздық ұғымы және оның еліміздегі қазіргі жағдайы

1.2 Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырушы адамдардың тұлғалық ерекшеліктері 18

1.3 Экстремизмге қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық және шетелдік тәжірибе

2 ӘЛЕУМЕТТІК, ҰЛТТЫҚ, РУЛЫҚ, НӘСІЛДІК, ТЕКТІК-ТОПТЫҚ НЕМЕСЕ ДІНИ АРАЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ- ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛГІОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.

2.1 Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың объективтік белгілері **Ошибка! Закладка не определена.**

2.2 Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың субъективтік белгілері**Ошибка! Закладка не определена.**

2.3 Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың қылмыстық-құқықтық жауапкершілігі.....

ҚОРЫТЫНДЫ..... 79

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕ

ҚОСЫМШАЛАР.....ОШИБКА! ЗАК

КІРІСПЕ

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздыққа байланысты түрлі қолсұғушылықтардан қорғау мәселесі халықаралық құқық нормалары мен Қазақстан Республикасының ата заңында белгіленген.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына (1948 ж.) сәйкес, әрбір адам «нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да наным-сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік, тектік-топтық немесе басқа да жағдаяттарға қарамастан ешбір айырмашылықсыз барлық құқықтар мен бостандықтарға ие болуы тиіс» (2 бап). Мұндай ережелер азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (1966 ж.) мен нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция (1965 ж.), дін немесе наным-сенім негізіндегі төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Декларация (1981 ж.) сияқты басқа да бірқатар негізгі халықаралық нормативтік құқықтық актілерде белгіленген. Ата заңымыздың 20-бабында республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейтіндігі көрсетілген [1]. Осы ережені жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының 1997 жылғы және қазіргі қолданыстағы 2014 жылғы қылмыстық кодекстерінде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық белгіленген [2].

Әрине, қылмыстық-құқықтық құралдар ешқашан өшпенділік немесе өшпенділік салдарынан болатын қылмыстардың жолын кесуде немесе алдын алуда басты құрал болған емес және бола да алмайды. Бірақ олар қол сұғылған топтардың мүдделерін қорғау үшін, осы қол сұғушылықтарды жасағандарды жауапқа тарту және жазалау үшін қажет болып қала береді. Оларды қажетті жағдайларда қолданудан бас тарту мемлекеттің әлсіздігі, қылмыскерлер тарапынан жаңа қол сұғушылықты көтермелеу ретінде қабылданатын болады.

Шынында да, соңғы онжылдықтардағы оқиғалар көрсеткендей, ұлтаралық, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстар мен соғыстар кез-келген мемлекетті, тіпті «халықтар достастығы» және «интернационализм» ұғымдары ондаған жылдар бойы барлық мемлекеттік және қоғамдық институттар қызметінің принциптері болып жарияланған мемлекеттерді де құлата алады. Осыған қарамастан, өкінішке орай, бүгінде Қазақстанда нацизм, нәсілшілдік немесе ксенофобияға негізделген қылмыстардың қауіптілігін бағаламауды немесе оларды біржақты бағалауды көрсететін көптеген практикалық шешімдер мен доктриналық тәсілдерді табуға болады.

Отандық ғылымда әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздыққа байланысты түрлі қолсұғушылықтар себептері бұрын да зерттеу тақырыбында қарастырылған. Алайда, қылмыстық заңнамаға үздіксіз өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оны қолдану тәжірибесіндегі қиындықтар мен кемшіліктер, көрсетілген себептер бойынша жасалған қылмыстар үшін

жауапкершілік пен жазалау мәселелері бойынша белсенді пікірталастар және, сайып келгенде, осы қылмыстардың қолайсыз статистикасы жаңа зерттеулер жүргізуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының көпконфессиялы және көп ұлтты табиғатын ескере отырып, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздыққа байланысты себептерді және оның қылмыстық - құқықтық маңыздылығын зерттеудің өзектілігі артып келеді. Бұл зерттеулер, сайып келгенде, өз азаматтарының теңдігіне қарсы қылмыстармен күресудің оңтайлы құқықтық моделін табу және құру үшін маңызды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қылмыстық құқық ғылымында әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздыққа байланысты түрлі қолсұғушылықтарсебептерін көптеген авторлар зерттеді. Олардың зерттелуіне К. П. Бабиченко, С. В. Борисов, А. В. Жеребченко, С. М. Кочои, Е. В. Кунц, А. Ф. Минекаева, А. П. Музюкин, А. Г. Мұстафазаде, А. В. Петрянин, Е. М. Плютина, Н. Г. Рахматулина, В. В. Ревина, А. В. Ростокинский, Д. Н. Саркисов, Е. П. Сергун А. И. Стрельников, А. Г. Хлебушкин, Л. Г. Шнайдер, П. С. Яни сияқты Ресейлік авторлар үлес қосса, Қазақстандық Е.Т. Карин, Д. Сәтпаев пен А. Әшімханұлы, М. Төлебаева, Ж.А. Шалабаев, Е. Тукумов, Ш.Ж. Жандосова, А.Д. Дәрменов, Д.Қ. Райбаев сияқты ғалым-зерттеушілер әртүрлі аспектіде қарастырған.

Зерттеу мақсаты – зерттеу айналымында бар мәліметтер мен ақпараттар негізінде экстремизмге қатысты қылмысты қарастыратын және оның алдын алу үшін ескертудің негізгі бағыттарын анықтайтын заң нормаларын дайындауға ғылыми негізделген тұжырымдар жасау. Осыған орай зерттеу жұмысының алдына төмендегідей нақтылы **міндеттер** қойылды:

– әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздық ұғымы және оның еліміздегі қазіргі жағдайы ұғымына анықтама беру, оның белгілері мен Қазақстан Республикасының аумағында көрініс табу ерекшеліктерін анықтау;

– әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздық себептерін, экстремист қылмыскердің тұлғалық ерекшеліктерін ашу;

– экстремизмге қарсы халықаралық ынтымақтастық пен халықаралық тәжірибе мазмұнын талдау;

– әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздық қылмыстарының объективтік белгілеріне талдау жасау;

– әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздық қылмыстарының субъективтік белгілеріне талдау;

– әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың қылмыстық-құқықтық жауапкершілігі мазмұнын ашу.

Зерттеу жұмысының нысаны. Қазақстан Республикасы аумағында экстремизмнің пайда болуына, тарауына ықпал етуші және оның алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастар кешені болып табылады.

Зерттеу жұмысының пәні. Қазақстан Республикасындағы экстремизмнің қылмыстанымдық көрсеткіштері, экстремизмге қарсы тұру шараларының қылмыстық-құқықтық және криминологиялық жиынтығы мен

қарсы тұрудың басқа да құқықтық және профилактикалық сипаттағы құралдары болып табылады.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін. Әлеуметтік-құқықтық үдерістер мен құбылыстарды танудың жалпы ғылыми және жеке диалектикалық таным әдісі, сонымен қатар оған негізделген тарихи, әлеуметтік, логикалық, салыстырмалы-құқықтық, статистикалық, формальды-заңдық талдаудың жалпы ғылыми және жеке әдістері құрайды.

Зерттеудің нормативтік негізін Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы Парламенті бекіткен (ратификациялаған) халықаралық нормативтік актілер, Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы, Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заңдары, қылмыстық, қылмыстық-атқару кодекстері мен заңды күші бар Президент Жарлықтары және ведомстволық нормативтік-құқықтық актілер құрайды.

Зерттеудің эмпирикалық қоры. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінен алынған мәліметтер негізінде жалпы қылмыстылықпен қатар, діни экстремизмге байланысты қылмыстылық жағдайы, динамикасы мен құрылымы бойынша 5 жылдық статистикалық материалдарды зерделеу және талдау қорытындылары, Қарағанды және Алматы облыстық соттарының мұрағатынан 5 жыл аралығындағы 80 қылмыстық іс, жазаларын өтеп жатқан сотталғандардың 73 жеке істері қарастырылып, Қарағанды мен Алматы облыстарының ішкі істер органдарының 91 қызметкері мен Қарағанды облысы бойынша ҚАЖ департаментінің Жезқазған қаласындағы АҚ-129/25 жаза атқару мекемесінің 80 сотталғандары арасында жүргізілген сауалнама қорытындылары, сонымен қатар Қарағанды, Алматы облыстарының 121 тұрғыны арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама қорытындылары құрайды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің экстремистік бағыттағы қылмыстарға байланысты нормаларына сондай-ақ басқа да бір қатар нормативтік актілерге талдау жасау нәтижесінде бұл бағыттағы жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етуші құқықтық құралдар ұсынылады.

Зерттеудің теориялық мәні маңызды әлеуметтік-құқықтық проблеманы кешенді түрде шешумен белгіленіп, зерттеу материалдары қылмыстық құқық және криминологияны жетілдіруде пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің практикалық мәні зерттеу материалдары бойынша жасалған қорытындылар мен ұсыныстарды діни экстремизмнің алдын алу бойынша өкілетті органдардың қызметтерін жетілдіруде, сондай-ақ қылмыстық құқықты, қылмыстық-атқару құқығын, криминологияны оқытуда пайдаланылуымен белгіленеді.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу диссертацияның негізгі теориялық және практикалық мәні бар нәтижелері автордың халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында шыққан 4 мақаласында жарық көріп, ҚР ІІМ Қарағанды облысы Жезқазған қаласының полиция

басқармасының жеке құрамына жауынгерлік–қызметтік даярлық сабақтарында қолданылады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

«Экстермизм – бұл әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни төзімсіздік уәжіне байланысты бір ұстаным негізінде құрылған көзқарастар жүйесін қоғамға мәжбүрлі түрде тану әрекеттеріне негізделетін қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер».

Диссертацияның құрылымы. Диссертацияның құрылымдық жүйесі зерттеу жұмысының көздеген мақсаты мен міндетіне қарай анықталды. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, бес бөлімшеден, қорытындыдан, қолданылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

1 ӘЛЕУМЕТТІК, ҰЛТТЫҚ, РУЛЫҚ, НӘСІЛДІК, ТЕКТІК-ТОПТЫҚ НЕМЕСЕ ДІНИ АРАЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

1.1 Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздық ұғымы және оның еліміздегі қазіргі жағдайы

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздық ұғымы мазмұнын ашу үшін біз осы арқылы күрделі ұғымды беруші әлеуметтік-құқықтық түсініктердің әрқайсына тоқталуымыз керек.

Ол үшін алдымен «әлеуметтік топ» тіркесінің семантикалық жағын қарастыруымыз қажет.

«Әлеуметтік топ» терминінің ғылымдағы қолданылу аясы әртүрлі және контексте қолданылу мазмұнына қарай өзгермелі. Мысалы, Макс Вебер «мәртебелік топ» терминін пайдалануды ұнатып: «Қоғам – бұл әлеуметтік топ конгломераты, ал көзқарас пен мүдделер алшақтығы мәртебелердің әртүрлі екендігінің алғышарты, ал ал көзқарас пен мүдделердің ішінара болса да сәйкес келуі бұрындар болған даулар мен олардың шешілу себептерін зерттеуді қажет етеді. Себебі ол басымдылық ету және келісім моделін қалыптастыруға әкеледі», - дейді [3]. Лингвистикалық терминдер сөздігінде әлеуметтік топқа төмендегідей анықтама беріледі: бұл «мүдделері, құндылықтары мен мінез-құлық нормалары ұқсас, индивидтердің спецификалық өзара байланыстарын адамдар арасында және жалпы қоғамда жүзеге асыратын адамдар жиынтығы. Әрбір әлеуметтік топтың өзіне ғана тән мінез-құлық нормалары мен түрлі сипаттағы байланыстары болады» [4]. Р.Мертон әлеуметтік топты белгілі бір жолмен бір-бірімен қарым-қатынаста болатын, өзінің сол топқа жататынын ұғынатын және басқа адамдардың көзқарасы бойынша оның мүшесі болып саналатын адамдардың жиынтығы ретінде анықтай отырып, оның үш айырмашылық белгісін бөліп көрсетеді - өзара іс-әрекет, мүшелік және сәйкестілік [5]. Ұқсас анықтама бере отырып, Н. Смелзер адамның мінезін көбіне оның қандай да бір топтың адамы екендігімен түсіну қажеттігімізді айтады [6]. Фролов С.С. әлеуметтік топты оның әрбір мүшесінің басқаларға қатысты белгілі бір жолмен қарым-қатынаста болатын жеке адамдардың жиынтығы деп түсінеді. Бұл анықтамаларда жиынтықты топ деп санау үшін қажетті екі маңызды шартты көруге болады: 1) оның мүшелері арасындағы өзара іс-әрекеттің болуы; 2) топтың әрбір мүшесінің басқа мүшелерге қатысты әрекеттерінің болуы.

Әлеуметтік топтар өзінің шамасы, саны бойынша шағын (екіден он бес адамға дейін) және үлкен болып бөлінеді. Шағын әлеуметтік топты ажырату белгілері: 1) құрам санының аздығы; 2) мүшелерінің кеңістіктегі жақындығы; 3) өмір сүру ұзақтығы; 4) топтық құндылықтардың, нормалардың және мінез-құлық үлгілерінің ортақтығы; 5) топқа кірудің еріктілігі; 6) адамның мінез-құлқын бақылаудың бейресмилігі болып табылады.

Сондай-ақ, «Әлеуметтік топ-бұл ресми немесе бейресми әлеуметтік институттар реттейтін қатынастар жүйесімен байланысты белгілі бір қызметке

қатысуына негізделген жалпы маңызды әлеуметтік белгісі бар адамдардың бірлестігі» [7] -деген де анықтама бар. Әрбір әлеуметтік топ белгілі бір тарихи контекст аясында жеке адамдар мен тұтас қоғам арасындағы белгілі бір нақты қатынастарды қамтиды.

Әлеуметтік топты зерттеу тарихы ежелден келе жатқан дәстүрге ие. Гоббс әлеуметтік топқа анықтама беруге тырысты "...жалпы қызығушылық пен іспен біріктірілген адамдардың белгілі саны " деп атап өтті және топтар реттелген және тәртіпсіз, саяси, жеке және басқалай болатындығын белгіледі [8]. Болашақта бұл термин терең әлеуметтік бояуға ие болды. Әлеуметтік топ теориясының негізін қалаушылардың бірі - микро және макроқұрылымдардың өзара әрекеттесуінің заңдылықтары мен аспектілерін қарастырған Зиммель болды. Әлеуметтік топ теориясы практикада социометрия деп аталатын тұлғааралық өзара әрекеттесудің сипаты мен деңгейін өлшеу әдістемесін айналымға енгізген өндірістік топтық құрылымдардағы ынтымақтастықтың оңтайлы жағдайларын зерттеуге баса назар аударған Э.Мэйоның еңбектерінде одан әрі дамыды. Функционалды талдау аясында әлеуметтік топтың қоғаммен өзара әрекеттесуінің жалпы мәселелерін Парсонс зерттеді. Әлеуметтік топ теориясы психология аясында ең үлкен дамуға ие болды, онда топтың ішкі сипаттамалары ерекше атап өтілді, олардың призмасы арқылы сыртқы әлем одан әрі жобаланды. Дәл осы контексте топты тұтастай және топтар арасындағы өзара әрекеттесуді зерттеуге үш жалпы психологиялық көзқарас пайда болды: 1) мотивациялық (Фрейд, Берковиц, Адорно), онда постулат жалпы пайда мен мақсаттар негізінде топты құру сәті болды, топтық дүшпандық және топ ішіндегі бірлік тұрғысынан; 2) ситуациялық (А. Тэджфел, М. Шириф), онда топтың қалыптасуының жалғыз негізі мақсаттары негізделді: «...өзара тәуелді әрекеттер арқылы мақсатқа ұмтылатын адамдар топқа айналады, олар әлеуметтік иерархияны және нақты нормаларды дамытады; 3) когнитивті (Фергюсон, Келли, Горовитц және т.б.), топтың қалыптасуы екі немесе одан да көп адам өздерін топтық-топтық санаттау позициясынан қабылдай бастағанда белгіленеді. Адамдардың арасындағы субъективті түрде қабылданатын айырмашылық олардың және басқа адамдардың арасындағы айырмашылықтан аз болса, олардың кез-келген жиынтығы өздерін топ ретінде сипаттайды. Әлеуметтанулық теорияларда әлеуметтік топты зерттеу мәселесі топтың өмір сүру атмосферасына емес, оның қоғамдағы басқа әлеуметтік құрылымдармен өзара әрекеттесу процестеріне шығу тұрғысынан белгілі бір функционалды рөлге ие болды. Осы тұрғыдан алғанда, холизм (әлеуметтік жүйелер теориялары, құрылымдық-функционалдық талдау және т.б.), мәдениеттану тұжырымдамалары (антропологиялық, гуманитарлық түсініктер және т. б.), биологизм сияқты онтологиялық көзқарастар да орын алады. Әр бағытта әлеуметтік топ ұғымының түсіндіруде өзіндік ерекшелігі бар [9]. Кейбір ғалымдар әлеуметтік топтың сыртқы белгілерін анықтайды:

1) әлеуметтік топтың өмір сүру статикасы жасырын немесе айқын түрде топтық процестердің үздіксіз динамизациясында көрінеді;

2) әлеуметтік топ әлеуметтік нормалардың белгілі бір жиынтығымен, топтық контекстте көбейтілетін құндылықтарды институционализациялаумен сипатталады;

3) әлеуметтік топтың функционалды жүктемелері айқын рөл құрылымы бар.

Әрбір әлеуметтік топтың іс-әрекетінің нақты болмысын сипаттайтын өлшемдердің едәуір саны бар: олар кіретін жеке тұлғалардың санына (Үлкен, Орта, Кіші), оларға кіретін жеке тұлғалардың жеке сипаттамаларына, ішкі құрылымының сипатына, қоғамдағы мәртебесіне, ұйымшылдық деңгейіне, мүшелердің өзара әрекеттесу дәрежесіне, оның мәдени сипаттамаларына сәйкес бөлінеді [3].

Үлкен топтарға бүкіл қоғамның ауқымында өмір сүретін адамдар жиынтығы кіреді: олар әлеуметтік топтар, кәсіби топтар, этникалық қауымдастықтар (ұлттар, ұлттар), жас топтары (жастар, зейнеткерлер) және т.б. әлеуметтік топқа жататындығын және сәйкесінше оның мүдделерін өздері ретінде түсіну біртіндеп жүреді, өйткені топтың мүдделерін қорғайтын ұйымдар пайда болады (мысалы, жұмысшылардың ұйымдары арқылы олардың құқықтары мен мүдделері үшін жұмысшылардың күресі).

Орта топтарға кәсіпорын қызметкерлерінің өндірістік бірлестіктері, аумақтық қауымдастықтар (бір ауылдың, қаланың, ауданның тұрғындары және т.б.) жатады.

Әр түрлі шағын топтарға отбасы, достық компаниялар, көрші қауымдастықтар сияқты топтар кіреді. Олар тұлғааралық қатынастардың және бір-бірімен жеке байланыстардың болуымен ерекшеленеді.

Осылайша, бұл жағдайда біз әлеуметтік топтың анықтамасының белгілі бір қызмет пен қарым-қатынас жүйесімен қалыптасқан белгілі бір негізге сілтемесін көреміз, оны өз кезегінде әлеуметтік институттар реттейді.

Оқу және ғылыми әдебиеттерде «әлеуметтік топ» анықтамасы нақты емес деп танылады. С.С. Фролов дұрыс атап өткендей, «топ ұғымы әлеуметтанудағы ең маңыздыларының бірі болғанына қарамастан, ғалымдар оны анықтауға толық келісім бермейді» [10].

Атап айтқанда, әлеуметтік топтың «өкілдерінің» кез-келген тобын (егер оны осы топқа кіретін барлық адамдардың жиынтығы ретінде анықтауға болатын болса да) әлеуметтік топтың өзімен байланыстыру мүмкін емес:

«Біз позицияға қарсылық білдіретін агенттерді позицияның өзімен анықтай алмаймыз, тіпті егер бұл агенттердің жиынтығы ортақ қызығушылық үшін ортақ іс-әрекетке жұмылдырылған практикалық топ болса да» [11].

Осылайша, адамдардың әлеуметтік топқа саналы түрде қатынасы олардың осы топқа жататындығын және тіпті бұл топтың бар екенін білдірмейді.

Әлеуметтік топ өзін - өзі анықтау үшін емес, басқа адамдардың көзқарасы бойынша сыртқы тану үшін, дәлірек айтқанда, қоғамның құрылымын тұтастай анықтайтын және нақты әлеуметтік қатынастарды көрсететін әлеуметтік сананың фактісі ретінде әр түрлі негізде жасалады. Шын мәнінде, бұл тұрақсыз қоғамдарда тұрақты әлеуметтік топтар, қоғамның тұрақты әлеуметтік құрылымы жоқ дегенді білдіреді. Нәсілімен, дінімен және этностығымен

байланысты үлкен әлеуметтік топтарды қоспағанда әлеуметтік топтардың жас, мүліктік, жұмысқа қабілеттілік, білім деңгейі және т.б. сияқты әлеуметтік-демографиялық, антропологиялық және мәдени факторлар бойынша есепке алынатын және объективті сипаты бар екендігін де ұмытпаған жөн.

Белгілі бір топтың болуы оның құбылыс ретіндегі тұрақтылығын, яғни әлеуметтік қатынастардың тұрақтылығын білдіруі керек. Тек осы жағдайда топтардың белгілері пайда болады: біртектілік, топтық сана, ішкі өзара әрекеттесу (символдық байланыс жүйесімен бірге), сәйкестік (осы топтың мүшесі ретінде «тырнақшамен» бірге) және сыртқы тану («стигматизациямен» бірге – «жапсырмалардың» символдық дизайны).

Мемлекеттік қызметшілер, прокуратура, сот, ІІМ қызметкерлері, депутаттар сияқты топтардың құқықтық мәртебесіне назар аудару қажет. Ішкі заң бұл топтардың жеке мүдделерінің болуын білдірмейді, бұл оларды қалыптасқан немесе дамып келе жатқан әлеуметтік топтарға немесе тұтастай қоғамға қарсы қояды. Керісінше, барлық көрсетілген ресми топтар (бұл жағдайда ресми емес, әлеуметтік емес) өз қызметінде жалпы қоғамның мүдделерін, сондай-ақ егер қоғамда болса, басқа топтармен жанжалсыз әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеруі керек.

Жалпы «Әлеуметтік араздық» терминіне келер болсақ, бұл сөз халықаралық құқық пен халықаралық тәжірибеде жиі қолданылады. Бұл сөз еркіндігін асыра сілтеудің бір түріне жатады, яғни «Hate speech» немесе «жек көру сөзі» деп аталады. Бірақ мұның өзі, яғни әлеуметтік араздықты тұтату – белгілі бір адамды анық, нақты кінәлаған жағдайда ғана ескеріледі. Әрі мұндай кезде «әлеуметтік араздықты тудырды» деп айту үшін сол сөздің ең кемінде үш түрлі салдары болуы керек.

Бірінші, сол әлеуметтік топ немесе сол топқа қатысы бар адам жәбірленген болуы тиіс.

Екінші, сөз қандай түрде болса да (мейлі, баспасөзде жариялансын, үнпарақпен таратылсын), осы адамға немесе әлеуметтік топқа деген жеккөрушіліктің қозуына себепкер болуы керек.

Үшіншіден, қандай формада айтылса да, ол сөз зорлық-зомбылық жасауға итермелеуі немесе осындай іс-әрекетке үндеген болуы керек.

Міне, осы кезде бұл әрекет қылмыстық іс саналып, жазалануға лайық болады. Ал жеке адамның немесе белгілі бір әлеуметтік немесе этникалық топтың құқығын қорғау әлеуметтік наразылықты қоздыру емес.

Ұлттық алауыздық тіркесіне келер болсақ,

Әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты "ұлт" және "ұлт" ұғымдары Батыс Еуропа мен Шығыс Еуропа түсінігінде айтарлықтай ерекшеленеді. Батыс Еуропа түсіндірмесінде "ұлт", "ұлттық тиістілік", кем дегенде, белгілі бір елдің азаматтық қоғамына, азаматтығына жатады (Тарихи тамырлар немесе белгілі бір мәдени немесе этникалық қауымдастыққа бұрынғы тиесілі деп аталатынына қарамастан). Сонымен, БҰҰ – бұл ішкі этникалық немесе нәсілдік әртүрлілігіне қарамастан, осы ұйымға мүше мемлекеттер халықтарының өкілдігі. Бұл түсінік бізде де кездеседі, мысалы – "ұлттық сыртқы саясат", "Ұлттық экономика", "Ұлттық ресурстар" және т. б. сонымен бірге Шығыс Еуропа, әсіресе кеңестік,

"ұлт", "ұлт", "ұлттық тиістілік" дәстүрлері мүлдем басқа мағынаға ие: белгілі бір халыққа – этникалық топқа (Ю. В. анықтамасын қолдана отырып. Бромлея) немесе азаматтығына қарамастан жеке этникалық топ [12, 22 б.]. Осыған байланысты ұлттық немесе нәсілдік өшпенділік немесе өшпенділік негізінде жасалған қылмыстар осы басылымда этникалық қылмыстар ретінде айқындалады. Этникалық мәселе бойынша пікірлердің кең ауқымы бар: жеке тұлғаның немесе топтың этникалық қасиетін танудан бастап, этникалық қауымдастықтарға, топтарға және әрбір адамға тән, этникалық топтың және жеке тұлғаның ерекше әлеуметтік қасиеті ретінде өмір сүру фактісін жоққа шығаруға дейін.

Этникалық немесе ұлттық тиістілік деп аталатын нәрсенің жалғыз аспаптық қасиеті қазіргі уақытта немесе бұрын біртұтас мәдени қасиеттері бар адамдар тобына жататындығын, яғни адамдар өздерінің әлеуметтік болмысын жүзеге асыратын немесе бір кездері жүзеге асыратын жалпы формаларды түсіну критерийі болып қала береді. Бұл элементтер мәдениет осы немесе өткен сөйлейді үшін индивидтің рөлін индикаторлар әлеуметтік бірлігі осы немесе өткен көрсеткіштер ықтимал әлеуметтік жақындығы, керек-жарақтары, әлеуметтік қауымдастық, әлеуметтік родству, бұл тегінде көрсетіледі самосознания және самоназвания. Мәдени белгілер негізінде жеке әлеуметтік қауымдастыққа жататындығын түсіну ұлттық (этникалық) өзіндік сана мазмұнының негізін құрайды. Дәл осындай принцип басқа мәдени белгілер – басқа мәдени қауымдастыққа, ал сол арқылы өткен немесе қазіргі кездегі басқа әлеуметтік қауымдастыққа жатудың индикаторлары арқылы іске асырылатын басқа топтарға қатысты жұмыс істейді. Әлеуметтік антропологияда мұндай қауымдастықтар қиялдағы қауымдастықтар деп аталады, өйткені біртұтас мәдениетке жататындығын түсіну және тіпті бірыңғай мәдени нормаларды ұстану адамның немесе топтың біртұтас әлеуметтік жүйеге, мемлекетке немесе әлеуметтік қабатқа нақты жататындығын білдірмейді. мұндай қоғамдастықтың барлық мүшелерінің әлеуметтік немесе саяси ынтымақтастығын міндетті түрде білдірмейді. Дегенмен, ұлттық (этникалық) фактор "өз" тобының әлеуметтік корпоративтілігін күшейту немесе басқа ұлттық (этникалық) топтың ерекше корпоративтілігін белгілеу үшін белсенді қолданылатыны белгілі.

Ю. Н. Демидов ұлтаралық және діни қақтығыстар негізіндегі қылмысты төтенше жағдайлардағы қылмыстарға, соның ішінде жаппай тәртіпсіздіктер, террористік актілер, топтық төбелестер, сондай-ақ ұлтаралық алауыздық негізіндегі барлық қылмыстарға жатқызады. Төтенше оқиғалар мен олардың салдарын жергілікті, аймақтық және жаһандық деп бөлуге болады [13]. Бұл жіктеудің критерийі белгілі бір аймақтың оқиғаның жағымсыз салдарымен зақымдану дәрежесі болып саналады.

Р. А. Сәбитов ұлтаралық және діни қақтығыстар негізіндегі қылмысты басқа ұлт адамдарына немесе нәсіліне, дінге қатыстылығына, қылмыс жасау себебіне: өшпенділік, дұшпандық, дұшпандық, басқа ұлт пен нәсілге төзбеушілік негізінде оның басқа түрлерінен ажыратады [14, 8-бет].

В.В. Лунеев ұлтаралық және тайпааралық қақтығыстар себеп болған қылмыстарды қылмыстың жеке түріне біріктіріп, оны ұлтаралық

қақтығыстардағы қылмыс деп атайды: 1986 ж. – Алма-Ата; 1988 ж. – Сумгаит, Таулы Қарабақ; 1989 ж. – Тбилиси, Ашхабад; 1990 ж. – Баку, Душанбе, Ташкент облысы; 1991 ж. – Оңтүстік Осетия, Солтүстік Осетия, Таулы Қарабақ; 1992 ж. Абхазия, Грузия, Солтүстік Кавказ; 1993 ж. – Абхазия, Грузия, Таулы Қарабақ; 1994 ж. – Абхазия, Әзірбайжан, Таулы Қарабақ, Шешенстан; 1995-1996 жж. – Абхазия, Тәжікстан, Шешенстан [15].

Қылмыстың бұл түрі ұлтаралық, діни қақтығыстарды тудырады, адамдардың теріс энергиясын босатады, жазасыздықты көрсетеді және "әділеттілік" деп аталатын идеяны жүзеге асырады.

Ұлттық немесе нәсілдік араздық немесе жеккөрушілік негізінде жасалған заңсыз әрекеттер ретінде қарастырылуы мүмкін оқиға кезінде міндетті түрде келесі компоненттерді бөліп көрсетуге болады:

1. Оқиғаның әлеуметтік және дүниетанымдық контексті-объективті және субъективті әлеуметтік қолайсыздық және оны түсіндірудің таңдалған тәсілі.

2. Нақты немесе болжамды ұлттық немесе нәсілдік тиістілік негізінде кінәлілік, қатыгездік және олардың қоғам үшін қауіптілігі презумпциясы түрінде азаматтарды ұлттық немесе нәсілдік белгісі бойынша кемсітуге уәждеме жасау. Дәл осы кезеңде біртұтас әлеуметтік қауымдастық аясында Бірге өмір сүрудің психологиялық қолайсыздығы ретінде жеккөрушілікке айналатын ұлттық дұшпандық негізінде дұшпандық көзқарастың негізі жасалады.

3. Әлеуметтік жүйені белгілі бір ұлттық немесе нәсілдік топтағы адамдар үшін зиянды деп танылған элементтерден тазарту әдісін белгілеу.

4. Қандай да бір деңгейдегі әлеуметтік ортадан іс-әрекет объектісін ығыстыруға, топты немесе жеке тұлғаны кемсітуге, материалдық залал келтіруге немесе денсаулыққа немесе өмірге зиян келтіруге не осы іс-әрекеттер объектісінің нақты немесе болжамды ұлттық немесе нәсілдік тиістілігі негізінде осы іс-әрекеттерді жүзеге асыру қатеріне бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыру. Мұндай әрекеттер, әдетте, қорғаныстық реакцияны ынталандыратындықтан, олар ұлтаралық араздықты қоздыру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және ұтымды шешуге қиын топтық қарама-қайшылыққа айналуы мүмкін.

Отандық ғылыми әдебиеттерде қақтығыс ұғымы нақты анықталмаған, діни құбылыстар, қақтығысқа жақын, бірақ ондай емес діни процестер сияқты ұғымдарда түсініксіздік бар.

Жанжал дегеніміз-мүдделер, көзқарастар мен құндылық бағдарларының қарама-қайшылығына немесе айтарлықтай айырмашылықтарына байланысты тараптардың қарама-қайшылығы, яғни екі тарап бір-біріне қарсы бағытталған белгілі бір әрекеттерді жасайтын жағдай. Сөйтіп жоғарыда айтылғандар негізінде ұлттық алауыздық-бұл ұлттық немесе басқа таптық белгілерге негізделген адамға немесе адамдар тобына төзбеушіліктің, құрметтемеушіліктің көрінісі деп санаймыз.

Рулық алауыздық ұғымын ашу үшін ең алдымен ру деген түсінікке тоқталамыз. Жалпы рулық қоғам — алғашқы қауымның экономикалық, әлеуметтік негізгі ұясы; арғы тегі бір әкеден немесе бір шешеден тараған

туыстар тобы. Ру алғашқы адамдар тобынан басталып, кейінгі рулық құрылысқа ауысты. Рулық ұйымның кейінгі құрамын ғана зерттеуге мүмкіндік болғандықтан, рудың даму тарихын зерттеу мәселесінде ғалымдар арасында әр түрлі көзқарастар бар. Көптеген Ресей ғалымдары (Ю.П. Аверкиев, А.М. Золотарев, М.О. Косвен, С.П. Толстов, Ю.И. Семенов, т.б.) рулық қауым екі кезенді -матриархат (аналық ру) пен патриархатты (аталық ру) бастан өткерді деп тұжырымдайды.

Матриархат кезінде адамдардың өндірістік қатынастары қандас туыстардың қатынастарына сай келді. Бұл рулық қауымның алғашқы сатысы болды. Өндіргіш күштердің дамуы нәтижесінде рулық қауым екінші саты — патриархатқа көшті. Халықтардың көпшілігінде бұл жағдай көшпелі мал шаруашылығының, ағаш соқамен жер жыртудың, металл өңдеудің дамуына байланысты еді. Бұл кезеңде руда некелік пен діни әдет-ғұрыптың ықпалы басымырақ болды. Қатар қоныстанған әр түрлі рулық патриархалдық отбасы көршілес қауымға бірікті. Сөйтіп, әлеуметтік бөлініс басталып, жеке меншік дамыды да, біртіндеп рулық қатынастар ыдырап, таптық қатынастар қалыптаса бастады (қ. Алғашқы қауым). Таптық қоғам кезінде де рулық қауымның әр түрлі әдет-ғұрпы сақталды. Бұл жағдай, әсіресе тау халықтары мен көшпелі халықтарға тән. Ежелгі рулар туралы нақтылы деректер Інжілде, гректердің, римдіктердің, галдардың, германдықтардың көне әдебиеттерінде (Аристотель, Т.Ливий, Ю.Цезарь, К.Тацит, т.б.) сақталған.

Көне замандағы Орталық Азия тайпалары туралы Геродот, ежелгі қытай және парсы жазба деректері К.Багрянородный, Ибн Хаукал, Рашид әд-Дин, Мұхаммед Хайдар Дулат, Рузбехан, Қыдырғали Жалайыри, т.б. тарихшылардың жазбаларында айтылады.

Орталық Азия көшпелі халықтарында, соның ішінде қазақтарда ру күні бүгінге дейін сақталған. Рудың өз алдына таңбасы да, ұраны да болған. Қазіргі кезде Азияның, Африканың, Мұхиттық аралдардың артта қалған халықтарында руға бөліну әлі де сақталып қалған.

Демек, рулық алауыздық деген ұғым қазақ халқы үшін жат түсінік емес. Ол ата деген ұғымды береді. Осы негіздегі бөлінгендік үшін ұлттық заңда қылмыстық жауаптылық белгіленген.

Нәсілдік алауыздық термині де ұлттық алауыздықпен өзара ұқсас ұғымдар деп санаймыз. Нәсілшілдік – қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті адамның биологиялық сипатымен негіздеуге тырысатын ғылымға қайшы теория. Кең мағынада Нәсілшілдік – тарихи процеске, жалпы өмірдегі және қоғам дамуындағы оқиғалар мен құбылыстардың барлығына адамдардың биологиялық нәсіл ерекшеліктері себеп болады деп санайтын тұжырымдамалар жиынтығы. Нәсілшілдік адам нәсілдері биологиялық және психологиялық жағынан тең емес, сондықтан нәсілдердің бірі “төмен” (бағынышты), екіншілері “жоғары” (үстем) деп дәлелдейді. Нәсілшілдіктің салдарынан елде қайсыбір топтың немесе топтардың үстем топтан антропологиялық және нәсілдік айырмашылықтары негізінде кемсітушілік жайттары орын алады. Нәсілшілдіктің белгілері ежелгі заманнан мәлім. Құлдық қоғамда Нәсілшілдік идеясын ұстанушылар мырзалар мен құлдарды адамдардың әр түрлі

“тұқымына” жатқызып, табиғат біреуіне билікті, екіншісіне бас ию міндетін жүктеген деп қарады. Отаршылдық дәуірінің бас кезінде (16 – 17 ғасырлар) адамдар нәсілінің теңсіздігі жөніндегі “теория” қалыптасты. 19 ғасырдың аяғы – 20 ғасырдың басында нәсілшілдер “герман” нәсілінің дүние жүзі халықтарынан “артықтығы” жөніндегі (француз социологі А.Гобино) теорияны басшылыққа алды. 1930 – 40 жылдары герман фашизмі Вольтманның, Аммонның, т.б. антропосоциологиялық және социал-дарвинистік теорияларын ресми идеология деңгейіне көтерді. 2-дүниежүзілік соғыс кезінде фашизм Нәсілшілдікті негізге алып, өз елі мен жаулап алған жерлерде қырып-жою саясатын жүргізді. Соғыстан кейінгі жылдары Нәсілшілдік Оңтүстік Африка Республикасында жергілікті қара нәсілге қарсы апартеид идеологиясынан көрінді. Қазіргі кезде адамзат нәсілінің бәрі біртұтас биологиялық түрден тұратындығы, жалпы бір тектен шыққандығы және эволюциялық дамудың белгілі бір дәрежесінде екендігі ғылыми дәлелденген. Нәсілдік ерекшеліктері (тері түсі, шаш пошымы, т.б.) адамдардың тек сыртқы айырмашылықтарын көрсетеді, олардың мәдени дамуына ешқандай қатысы жоқ [16]. Сөйтіп, біз нәсілшілдіктің ретроспективті аспектісіне қысқаша тоқталық өттік. Нәсілшілдік-адам нәсілдерінің теңсіздігі және нәсілдік айырмашылықтардың тарих пен мәдениетке шешуші әсері туралы ережелерге негізделген идеологиялық көзқарастардың жиынтығы [17].

Нәсілшілдіктің біршама кең анықтамасы бар. Сонымен, Britannica энциклопедиясында нәсілшілдік — бұл адамдарды нәсілдер деп аталатын қатаң сараланған топтарға бөлуді, мұрагерлік физикалық белгілер мен мінез-құлық белгілері, ақыл-ой, мораль, мәдениет арасындағы байланысты, сондай-ақ кейбір нәсілдердің басқаларға қарағанда туа біткен артықшылығын білдіретін идеология екендігі көрсетілген [18].

БҰҰ Бас Ассамблеясы 25 сессияда (1970 жыл) "бүкіл адамзаттың ар-ожданы мен әділеттілік сезімі бүлік шығаратын нәсілдік дискриминация мен нәсілшілдікті толық жоюға деген нақты шешім" деп қарар қабылдады [19].

Мәскеу ЮНЕСКО-ның" сарапшылар тобы " нәсілшілдіктің барлық түрлерін айыптады 1964 [20].

1966 жылы Бас Ассамблея нәсілдік кемсітушілікті жою үшін халықаралық күрес Күнін белгіледі.

2001 жыл Бас Ассамблея "нәсілшілдікке, нәсілдік кемсітушілікке, ксенофобияға және олармен байланысты төзбеушілікке қарсы күресу үшін күш-жігерді жұмылдырудың Халықаралық жылы" деп жариялады [көзі көрсетілмеген 237 күн].

2001 жылы Бас Ассамблея нәсілдік дискриминацияны жою комитетінің тыңдауын өткізді, онда нәсілшілдік пен нәсілдік дискриминацияға қарсы іс-қимыл үшінші онжылдықта жүргізіліп жатқандығы айтылды [21].

Енді **тектік-топтық алауыздық** ұғымына келетін болсақ, бұл түсінік негізгі Заңның 20-бабын орындау үшін ҚР Қылмыстық кодексіне қосылды.

Осы түсінікке қатыс: «Ешкім нақты түсініктеме бере алмайды деп қорқамын, өйткені заң тұрғысынан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы тұрғысынан «сословие» сияқты азаматтық – құқықтық ұғым жоқ», - деп өз пікірімен бөлісті. - Егер біз ортағасырлық қоғамның тарихына жүгінетін

болсақ, онда мүлік құқықтары мен міндеттері, Әлеуметтік мәртебесі мен капиталы мұра болған адамдар тобының болуы болды. Қазіргі капиталистік әлемде де-факто, демократиялық флерден бас тартса да, мүлік өмір сүруді жалғастыруда, бірақ қазіргі де-юре қоғамында мұндай шындықты мойындау, әрине, ешкімнің батылы жетпеуі екіталай."саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени немесе қоғамдық өмірдің кез-келген басқа салаларында адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын тең негізде тануды, пайдалануды немесе жүзеге асыруды жоюды немесе төмендетуді мақсат ететін, нәсіліне, түсіне, рулық, ұлттық немесе этникалық шығу тегіне негізделген кез-келген айырмашылық, алып тастау, шектеу немесе артықшылық.

Ал қазақстандық заңнамаға жаңа жұмыс істемейтін норма не үшін қажет? Заңгерлер мәселені шешудің екі нұсқасын ұсынды.

- Біріншісі-негізгі заңнан "сословиелік тұжырымды" алып тастау. Бірақ бұл мүмкін емес – Конституция енді ғана түзетілді, - деп жағдайды Л. Н.Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультеті кафедрасының меңгерушісі, профессор Жұмабек Бұсырманов түсіндіреді.

Екінші жол-жылжымайтын мүлікті заңдастыру, сондықтан мүліктік араздықты қозғау туралы істермен жұмыс істейтін прокурорлар, адвокаттар, судьялар бұл не туралы екенін түсінеді. Бірақ сол кезде қазіргі Қазақстанда қандай сынып-топтарды Заңды ету керектігін шешу керек.

- Мүлік-бұл мұрагерлік берілген атақ. Патшалық Ресейде дворяндар, боярлар, көпестер болды. Ал біздің қоғамда қандай белгілер бойынша сыныптарға бөлінеді? Мемлекеттік қызметкерлер, жалдамалы жұмысшылар, аграршылар, кәсіпкерлер? Біз не қол сұғатынымызды және не бұзатынымызды білу үшін бәрімізді топтарға бөлуіміз керек", – дейді профессор. - Содан кейін айыпталушының қандай таптар арасында алауыздық тудыратыны, ол нақты не үшін жазаланатыны анық болады. Егер бұл болмаса, не үшін екенін қалай түсінуге болады?

Адвокаттар терминдерді түсінуге тырысты.

– ҚР Қылмыстық кодексіне берілген түсініктемелерде оқимыз: «Сословие – әлеуметтік қабат, өзінің мұрагерлік құқықтары мен міндеттері, Бекітілген әдет-ғұрыптары немесе заңдары бар топ, оның мүшелері өзінің құқықтық жағдайы бойынша ерекшеленеді», - дейді Қазақстан Адвокаттар одағының Президенті Әнуар Түгел. Ол:

- Егер Конституция бойынша бәріміз заң алдында тең болсақ, біздің қоғамды қандай сыныптарға бөлуге болады? Осы пікірлерді негізге ала отыратектік-топтық деген түсініктің біздің зайырлы, демократиялық, егеменді қоғамымызда орын алмауы қажет деп пайымдап, бұл түсініктің қолданыстан алынып тастауына қолдау білдіреміз [23].

Келесі ұғым «діни алауыздық» түсінігі болып табылады.

Бәрімізге етене жақын «дін» сөзінің мазмұнына тоқталсақ: «Дін – әлеуметтік институт ретінде адамзат қоғамымен бірге жасасып келе жатқан рухани құбылыс деп білеміз» [24].

Отандық дінтанушылардың пікірлері бойынша: «Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты

мақсаты адамның рухани жетілуі ...» [25, б.11],– десе, келесі бір автор: «Діни дүниетаныммен сусындаған ұлттық мәдениет адамға «моральдық негіз беретін» өзінің тегіне, ата-баба өсиетіне, әкелеріне, халқы мен Отанына қатысы барын сездіретін білім» [26, с.11], –деп тұжырымдайды. Дінге қатысты берілген бұл анықтамалар жалпы шынайы дінде экстремизм болмайтындығын анықтап, оның рухани өмірдегі аса маңызды орны белгіленеді. Сондықтан өз сенімін заңға сыйымды әрекеттер арқылы қорғау және оған қолдау жасау көптеген конфессиялардың негізгі доктриналарының бірі деп пайымдаймыз.

Қоғамдық өмірге талдау жасаумен айналысатын «Pew» ағылшын зерттеу орталығының мәліметтері бойынша жер шарының 84% халқы (6 млрд. артық адам) өздерін құдайға сенушілер қатарына жатқызады. Олардың: 2,2 млрд. (31,5%) – христиандар (іштей бұл топтың 50% католиктер, 37% протестанттар, 12% православтарды құрайды), 1,6 млрд. (23%) – мұсылман (іштей бұл топтың 87% – сүннеттер және 13% – шейіттер), 1,1 млрд. (16%) – «белгісіз» діни наным-сенімдегілер құрайды, 900 млн. (15%) – индуистар, 450 млн. (7%) – буддистер, 405 млн. (6%) – «халық діндерін» таратады (африк тайпаларының наным-сенімдері және т.б.) 58 млн. (1%) – басқа діндер (даосизм, джайнизм және т.б.), 14 млн (0,2%) – иудаизм [27]. Бұл мәліметтер жер шары тұрғындарының діни өмірлерінің алуан түрлі екендігін және кейбір діндердің ішінде діни ағымдардың барлығын көрсетеді.

Қазақстан үшін өзге Орта Азия мемлекеттері сияқты діни экстремизмнің исламистік нысаны өте қауіпті болып табылады. Себебі, «Статистика мәліметтері көрсеткендей, Қазақстандағы ең көп діни қауымдастық Исламмен ұсынылған. Қазақстандағы мұсылмандар – 12 млн. адам, мұсылмандықты тәжірибеде қолданатын мұсылмандар 120 мың, жалпы мұсылмандар санының 1% (оның ішінде 96 мың адам (80%) дәстүрлі ислам дінінің өкілдері және 24 мың (20%) деструктивті ағым өкілдері» [28, с.125]. Сөйтіп, 18 млн. жуық халқы бар Қазақстанның 24 мың адамы деструктивті ағым өкілдеріне жатқызылған.

Қазіргі таңда діннің мән-мағынасы емес, оның саяси және әлеуметтік көрінісі сұранысқа ие. Діннің айтарлықтай саясаттануы орын алды, енді осы саясаттандырылған дін әлемдік, аймақтық және мемлекеттік деңгейдегі саясатқа тартылуда [29, с.57]. Сөйтіп, біз діни алауыздыққа саяси элементтердің тән екендігін жоққа шығара алмаймыз, себебі адами өркениеттің даму тарихы көрсетіп отырғандай, экстремистік және террористік әрекеттердің пайда болуының діни алғышарты мемлекеттілік пайда бола бастаған кезден қалыптаса бастаған. Сондай-ақ, қазіргі уақытта әлем бойынша діни негізде дұшпандылық пен жеккөрушіліктің сандық және ең бастысы «сапалық» көріністерінің артып бара жатқандығын жасырудың мәні жоқ [30, с.86]. Сөйтіп, біздер әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздыруға байланысты қылмыстарды экстермистік қылмыстар деп атауды жөн көретінімізді белгілеп өткіміз келеді. Себебі бұл әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни шеткілік дегенді білдіреді.

Жоғарыда айтылған пікірлерді есепке ала отыра, өз пайымымыз негізінде біздер әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни

араздықты қоздыруға байланысты қылмыстарды экстермистік қылмыстар деп танып, оған төмендегідей анықтама береміз: «Экстермизм – бұл әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни төзімсіздік уәжіне байланысты бір ұстаным негізінде құрылған көзқарастар жүйесін қоғамға мәжбүрлі түрде таңу әрекеттеріне негізделетін қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер».

Қылмыстың белгілі бір уақыт (кезең аралығындағы) деңгейі мен құрылымындағы өзгерістерін білу үшін қылмыстылық динамикасына назар аударамыз. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп Комитетінен алынған мәліметтер негізінде соңғы 5 жыл (2017-2021) ішінде республика аумағында жасалған жалпы қылмыстылықпен қатар біз қарастырып отырған бағыттағы қылмыстылық динамикасы да жыл сайын (кесте 1), әсіресе, соңғы үш жыл ішінде өсу үстінде деп тұжырымдауға болады. Жалпы қылмыстылықпен салыстырғанда бұл қылмыс түрінің көрсеткіші соншалықты жоғары емес сияқты болып көрінгенмен ұлт аралық және конфессия аралық саладағы өте нәзік және спецификалық мәселеге қатысты бір қылмыстың өзі жеке қаланың ғана емес тез арада бүкіл бір мемлекеттің проблемасына айналып кетуі ықтимал құбылыс екендігін естен шығармаған жөн.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасындағы жалпы экстермистік бағыттағы қылмыстылық құрылымының динамикасы

Жылдар	2017	2018	2019	2020	2021
Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік, топтық немесе діни алауыздықты қоздыру (ҚР ҚК, 174-б.)	241	188	99	72	

Мұрағаттық қылмыстық істермен танысу барысында істің 90% ҰҚК, ПД немесе прокуратура сияқты уәкілетті органдардың анықтауымен қозғалатындығы белгілі болды. Ал жеке адамдардың арызы бойынша қылмыстық істің қозғалуы өте аз кездеседі. Біз зерделеген қылмыстық істер

бойынша осы мәндегі бір ғана іс болғандықтан, тоқтала кеткенді жөн көрдік: 18.11.2016 ж.т. А.А. Муковнин деген азамат К.А. Сеитовті «колбит–салафит» деп атап, намысына тиген және филологиялық сараптама қорытындысы бойынша оның сөздерінде ұлттық, діни алауыздықты қоздыруға, азаматтың ұлттық намысы мен қадір–қасиеті мен діни сезіміне тию белгілерінің бары анықталған [31]. Мұндай әрекеттер күнделікті өмірде жиі кездескенмен көп адамдар (оның анық салдарының болмауына байланысты) ол үшін жауаптылыққа тартуға болатынын да білмейді немесе мән бермейді деп пайымдаймыз.

Мұрағаттық қылмыстық істерді зерделеу барысында 174-баппен сараланатын қылмыстық әрекеттердің 77% – діни алауыздықты қоздыру мақсатында діни экстремистік материалдарды таратуға байланысты қылмыстық құқық бұзушылық, 18% – әлеуметтік (басым бөлігі Ақтөбе облысында қозғалған), 5% – ұлттық алауыздықтарды қоздыруға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қозғалғанын анықтадық. Ал рулық, нәсілдік, тектік-топтық (қазіргі қолданыстағы қылмыстық кодекстің жаңалығы) қатыстылығы белгілері бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарға байланысты істердің тіркеле қоймауы мұндай қылмыстық құқық бұзушылықтарға жол берілмеуден емес, олардың табиғи латенттілік сипатына байланысты болар деп топшылаймыз. Бір айта кететін жәйт, сот және тергеу практикасын зерделеу барысында әрбір жағдайдың екіншісінде діни экстремистік мазмұндағы материалдарды олардың өздері емес, өзге, олар танымайтын адамдар дайындаған. Әрине, дайындаған адамдар туралы мәліметтердің қылмыстық істе болмауына байланысты діни экстремистік бағыттағы материалдарды дайындаушы немесе әкелуші адамдар жауапқа тартылудан құтылып кетеді. Мұның салдарынан экстремизмнің теріс әсеріне мүдделі тұлғаларды білу, оның таралу ауқымын белгілеу мүмкіндігінен уақытша болса да айрыламыз.

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздыруға байланысты қылмыстылықпен күрес жүргізу мәселесі ҰҚК құзыретінде болуына байланысты ақпараттардың басым көбінің құпияландырылуы алынатын мәліметтер легіне шектеу қоятындықтан экстремистік мазмұндағы тәркіленген материалдар туралы ақпараттар арасында сәйкессіздіктің барын айта кеткіміз келеді. Сондықтан осы зерттеу жұмысында біздер тек Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және есеп Комитетінен алынған мәліметтерді ғана негізге алуды жөн көрдік.

1.2 Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырушы адамдардың тұлғалық ерекшеліктері

«Қылмыстылыққа деген жүйелі ыңғай оның терең әлеуметтік себептерін ашуды білдіреді» [32, с.127],– деп Ү.С. Жекебаев белгілегендей, діни экстремизм көріністерінің өсу тенденциясы оның себептеріне үңіліп, оны бақылауды, зерделеуді және бұл құқық бұзушылық түрін ескерту мақсатында белгілі бір қорытындылар жасауды қажет етеді.

Қылмыстылық себептері мен жағдайлары және факторлары, сонымен қатар қылмыстардың жасалуына ықпал етуші жағдайлар туралы жүйелендірілген ілім жасау үшін жалпы қылмыстылық пен нақты қылмыстарға қатысты қолданылушы «себептер», «жағдайлар» және «факторлар» терминдерінің мәнін бағалау қажет» [33, с.181].

Қылмыстылық себептері – бұл қылмыстылық пен қылмысты өзінің заңды салдары ретінде тікелей туындатушы әлеуметтік-психологиялық құбылыс [34, с.61]. Жағдай бұл қылмыстылықты немесе қылмысты өздігінен туындатпайды, бірақ туындау үдерісіне әсер етіп, қылмыстылық детерминациясына қатысады [35, с.236]. Себептер мен жағдайлар арасында тығыз өзара байланыс болып, оның болуы екеуін де қамтитын жалпылама «криминогенді детерминанттар» ұғымын пайдалану мүмкіндігін береді [36, с.62]. Сондай-ақ, себеп пен жағдай «түрлі қоғамдық құбылыстарда бір жағдайда себеп ретінде саралануы, ал басқасында жағдай болып қалуы мүмкін» [35, с.184].

Қылмыстылық себептері мен жағдайларына талдау жасауда «факторлар» ұғымының мәні зор..., «фактор» ұғымы тиісті құбылыстың белгілі бір мәні бар, қандай да бір үдерістің жүргізілуіне немесе нәтижесіне әсер ететіндігін білдіреді [32, с.186]. Демек, біз діни экстремизм себептерін ашуда мазмұны беріліп, айырмашылықтары шектелген осы ұғымдарды пайдаланатынымызды ескертеміз.

Зерттеу жұмысы шеңберінде қызығушылық туғызушы діни экстремизмге байланысты қылмыстылықтың себептері бір немесе екі фактордан ғана емес себептер кешенінен тұратыны жазылып жүр. Елімізде діни экстремизмнің пайда болу себептерін отандық саясаттанушылар төмендегідей бағыттар бойынша ашуға әрекеттенген:

– біріншіден, экстремистік идеологияны қабылдауға іштей дайын белгілі бір әлеуметтік топтардың болу қаупімен байланысты объективті факторлар бар. Нарықтық өмір индивидуалистікке, эгоистікке, каталдық пен күшке негізделгені ешкімге де кұпия емес. Нарықтық қатынастарға көшу барысында жақсылық, ізгілік, шыншылдық сияқты адамгершілік негіздері бұқаралық ойда құнсызданып кетті. Болашақ пен бүгінге сенімнің жоғалуы, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, бұрынғы идеалдардың бұзылуы жаңа миссионерлер үшін нағыз табылмайтын құтты негіз болды, олар соны пайдаланып, агрессивті прозелитикалық жұмысты бастап кетті;

– екіншіден, экстремистік идеялардың табан тіреп енуіне субъективті фактор болып табылатын идеологияны жоғалту үдерісі жатады. Кеңестік кезеңнен кейінгі демократияның жоғалуы негізінде жалған діни тәжірибені және олардан кейін келе жатқан идеологиялық геосаясат жобасын шексіз жүргізуге жағдай жасалып, жақсы мүмкіншілік туғызды [33, с.40]. Біз бұл авторлар көрсеткен факторлар діни экстремизмнің себептерін үстіртін, бір жақты ғана ашады деген пікірдеміз.

Ал ресейлік ғалым А.В. Петрянин жалпы экстремизмнің даму себептерін: а) әлеуметтік-экономикалық себептер; б) бақылаусыз миграция; в) жалпы мемлекеттік және жалпы ұлттық идеологияның болмауы; г) бұқаралық ақпарат құралдарында цензураның болмауы; д) антиэкстремистік заңнаманың

жетілмеуі; е) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің экстремизммен күрестегі кәсіби деңгейлерінің төмендігі; ж) халықты, әсіресе, жастарды толеранттылыққа тәрбиелеу бағдарламаларының жоқтығы сияқты факторлармен байланыстыра келіп, діни экстремизм себептерін халықтың діни сауатсыздығы, рухани және имандылық қасиеттер деңгейінің төмендігінен болатындығын айтады [35, с.336-339]. Автордың пікірімен ішінара келісе отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында цензураның болмауын экстремизмнің дамуына ықпал етуші факторлардың біріне жатқызуын ғылымда дискуссия туғызатын пікір деп есептейміз.

П.Н. Кобец ХХ ғасырдың соңында квазидіни ілімнің кеңінен таралуын экзистенциалды вакуум, яғни адамдардың өмірінің мәнін құраушы құндылықтардың, сонымен қатар имандылық пен әлеуметтік бағыттарының жоғалуымен байланыстырады [36, с.18-21]. Бұл пікірді де жоққа шығара алмаймыз. Әрине, ешнәрсе де кездейсоқ, өздігінен пайда болмайтыны анық. Сондықтан біз елімізде діни экстремизмнің етек жаюына ықпал етуші сыртқы және ішкі себептер бар деп қарастыра отырып, сыртқы факторларға әлемдік жаһандану факторын жатқызамыз. Ол қазіргі кезеңде әлемдегі жаһандану үдерісі мен шиеленісу әлеуетінің өсуіне ықпал ететін халықаралық және ұлттық қауіпсіздік ахуалына елеулі әсерін тигізіп отыр [37].

В.В. Лунеев, В.Н. Кудрявцев, В.Е. Петрищев сияқты ғалымдардың пікірлері бойынша жаһандану жағдайында терроризм мен экстремизмді туындатушы басты факторлар – бұл бай және кедей мемлекеттер арасындағы терең және ұзаққа созылып кеткен дау-дамайлар. Егер әлеуметтік және халықаралық аспектілерге келер болсақ, бұған ұлтшылдық, сепаратизм, діни және саяси сенімдер түріндегі терроризмді де қосу қажет. Шешен оқиғаларында осы факторлардың, оған қоса бұрмаланған түрдегі діни факторлардың да болғандығын, себебі ислам бейбіт тұрғындарды өлтіруді, жалпы басқа діни көзқарастардағы тұлғаларға қатысты соғысты қолдамайтындығын айту да жеткілікті [38, с.55-56].

Геосаяси фактор. Қазақстандық К. Бурханов, Е. Тукумов, А. Дәрменов сияқты ғалымдар мен басқа да бірқатар зерттеушілер экстремизмнің дамуына ықпал етуші факторлардың біріне еліміздің геосаяси жағдайын жатқызады. Біз де олардың пікірін қолдай отыра, Қазақстанның діни фанаттардың жарылыс жасауы әдеттегі жаңалыққа айналған Ресей мемлекетімен, сондай-ақ жалпы экстремистік жағдай жанданып, өзекті мәселеге айналып, экстремистік ұйымдардың билікке қол жеткізу үшін қарулы қақтығыстарға барып жатқан Орта Азия мемлекеттерімен көршілес болуы – Қазақстанға алаңдатушылық туғызушы факторлардың бастысы деп санаймыз.

Өзбекстан, Қырғызстан мен Тәжікстанда экстремистік қозғалыстардың белсенділігінің артуы саяси курстың әлсіздігі, экономикалық жағдайдың нашарлауы, сыбайлас жемқорлық, өмір сүру деңгейлерінің күрт төмендеуі мен мемлекеттік басқару тиімсіздігі сияқты факторлардан туындап отыр [39].

Орта Азия өңіріндегі жағдай негізінен ұлттық қиын проблемалармен, қалыптасқан ішкі және мемлекетаралық саяси-экономикалық мәселелермен тығыз байланысты. Өңірдегі жағдайды түрлі діни экстремистік құрылымдар

мен террористік ұйымдардың іс-әрекеті одан әрі қиындата түсуде. Тұрақтылық болмаған елде әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарып, елдің экономикасы өркендемейтіні белгілі.

Заңсыз көші-қон факторлары. Бүгінде Орта Азия мемлекеттерінің аумағы Еуропаға заңсыз көші-қонды жеткізуші транзиттік база ретінде пайдаланылуда. Оның зардаптарын біздің мемлекетіміз де көріп жатыр. ҰҚК деректері бойынша: «Лаңкестік пен экстремизмнің тағы бір таралу мүмкіндігі заңсыз көші-қон болып табылады, оның ішінде лаңкестік және діни экстремистік ұйымдар – әрекет ететін елдерден келетіндер. Тараз қаласында маусым айының он екісі күні Шешенстандағы заңсыз қарулы құрылымдардың қызметіне қатысқаны үшін мемлекетаралық іздеуде жүрген Ресей Федерациясының азаматы ұсталды [40].

ҰҚК-нің БАҚ берген ақпараттары бойынша: « Ағымдағы жылдың он үшінші маусымында лаңкестік әрекеттері мен қасақана кісі өлтіргені және бір қатар қылмыстары үшін Р. Құлбеков өз елі Өзбекстанға тапсырылды. Елімізде лаңкестік пен экстремизмнің таралуына қару-жарақтың, оқ-дәрі мен жарылғыш заттардың заңсыз айналымы да үлкен себеп болуда. Оның жолын кесу үшін Ішкі істер министрлігі, Қорғаныс министрлігі және басқа да мүдделі ведомстволармен бірлесіп, республикамызға олардың заңсыз келуін анықтау, сондай-ақ әскери бөлімшелердегі қоймалар мен арсеналдардағы, лицензиялау рұқсат беру жүйесі нысандарындағы қару-жарақ пен әскери техниканың сақталуын қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. ҰҚК органдарының материалдары бойынша заңсыз айналымнан жыл сайын атыс қаруының, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттардың айтарлықтай көлемі тәркіленуде» [39].

Ішкі себептер:

Бұл ең алдымен мемлекеттегі әлеуметтік-экономикалық жағдай.

Әлеуметтік себептер өзге мемлекеттермен қатар қазіргі Қазақстан үшін де діни экстремизмнің дамуына ықпал етуші негізгі себептердің бірі болып табылады. Бұған ел азаматтары арасындағы әлеуметтік және мүліктік теңсіздікті жатқызамыз [41, б.366]. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайының маңызды құрамдас бөлігі адамдардың жұмыспен қамтамасыз етілу деңгейі болып табылады. «Қазақстан жастары ұлттық баяндамасындағы» әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша 2014 жылы 14-29 жас аралығындағы респонденттердің 60,3% – жұмыспен қамтылмаған немесе ішінара қамтылған болғандығына көз жеткіземіз, олардың 56,7% – қала жастары және 43,3% – ауыл жастары [42, б.54] болып шықты. Сонда еңбек қабілеттілігі мен ішкі әлеуеті жоғары, бірақ жұмыспен қамтылмаған жастар өз уақыттарын неге жұмсауы мүмкін? деген заңды сұрақ туындайды.

Ал, Еуразиялық экономикалық комиссияның мәлімдеуі бойынша 2015 жылғы тамыз айында 2014 жылғы тамыз айымен салыстырғанда қазақстандық жұмыссыздар саны 5,5% өскен, бұл экономикалық белсенді халықтың 0,7% құрайтынын айтса [43], кейбір дереккөздер Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі бойынша ресми деректер нақты емес және өте

төмендетілген деген пікірде, олардың санауы бойынша шынайы жұмыссыздық деңгейі 11,2% құраса керек [43]. Осы бөлімді жазу барысында алдымызға қойған міндеттерді орындау үшін, яғни әлеуметтік орта өкілдерінің күнделікті тыныс-тіршілігін, олардың әлеуметтік жағдайларын анықтау және сол арқылы қарапайым адамдардың экстремистер қатарын толықтыруларына не түрткі болатындығын белгілеу мақсатында Қарағанды, Алматы облыстарының 121 тұрғындары (мұнан әрі – облыс тұрғындары) арасында сауалнама (тұрғындардың әлеуметтік сауалнамаға қатысуға белсенділік таныта қоймайтындықтан небәрі 121 респондент қана қатысты) жүргіздік. Жауап берген респонденттердің 61% әйел адамдар және қалған 39% ер адамдар. Жас шамасына келер болсақ 27-40 жас аралығындағылар 32%, 41-50 жас аралығындағылар 44% және 51-73 жас аралығындағылар 24% құрайды. Олардың 71% қазақтар, 12% орыстар, 7% украин, 1% белорус, 4% неміс, 2% шешен және 3% кәріс ұлтының өкілдері.

«Кәсібіңіз кім?» деген сауалға қатысушылардың 24% мемлекеттік қызметкерміз деп, 30% бюджеттік қызметкерміз деп, 26% жұмысшымыз деп, 13% зейнеткерміз деп және қалған 7% уақытша жұмыс істемейміз деп жауап берген. «Өзіңізді материалдық жағынан қамтамасыз етілген адамдар қатарына жатқызасыз ба?» деген сауалға респонденттердің 47% өздерін тұрмысы орташа адамдар қатарына жатқызатындықтарын, 16% өздерін материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілген адамдар қатарына жатқызатындықтарын және 37% өздерін тұрмысы орташадан төмен адамдар қатарына жатқызатындықтарын айтты.

«Табыстарыңыз қандай қажеттіліктеріңізді өтеуге жетеді?» деген сауалға олардың 44% күнделікті өмір сүрулеріне ғана жетіп, мүлктік қор жинақтауларына мүмкіндік бермейтіндіктерімен негіздеді ал, 16% табыстарының барлық қажеттіліктерін жабуға жететіндіктерін, сонымен қатар шет мемлекеттерде дем алатындықтарын, жылжымайтын мүлік, қымбат автокөліктері мен жеке бизнестерінің бар екендігін, сондықтан өздерін материалдық қамтамасыз етілген адамдар қатарына жатқызатындықтарын айтса, 40% өздерінің тамақтану, медициналық қызмет алу мен басқа да әлеуметтік қажеттіліктерін өтеуде қиындықтарының барлығымен негіздеді.

Қалай болғанда да жұмыссыздық, материалдық қамтамасыз етілмеушілік әлеуметтік тұрақсыздық пен әлеуметтік шиеленіске апарып, ал ол өз кезегінде адамдардың наразылығын туғызып, тығырықтан шығудың кез келген жолын іздеуге итермелеуші фактор болып табылатындықтан респонденттердің 40% өздерінің тамақтану, медициналық қызмет алу мен басқа да әлеуметтік қажеттіліктерін өтеуде қиындықтарының барлығын айтуын жақсы болжамға жатқыза алмаймыз.

Мемлекеттік немесе ұлттық идеологияның жоқтығы:

Республикамызда мемлекеттік немесе ұлттық идеологиялық бағдарламалар жоқ, сонымен қатар, идеологияның тиімділігін негіздеуші іргелі еңбектер мен жүйелі зерттеулердің де жоқтығын айта кеткен жөн. Белгілі қазақстандық режиссер Т. Теменов: «Біз өнеркәсіп, мұнай мен газ, космос, жаһандылық туралы үнемі айтамыз, алайда, ең бастысы адамдардың көзіне қарауды ұмытып қалыппыз. Неге бізден 150 адам, балаларымен бірге Сирияға

кетіп қалды. Бұл мемлекеттік масштабтағы төтенше жағдай! Егер бір адам, дос үш адам кетсе түсінер едім, бірақ 150 отбасы деген бір ауыл ғой! Неліктен олар соғысу үшін басқа мемлекетке кетті? Демек, онда бізге, осы адамдарға қарсы жұмыс істейтін қуатты идеология бар. Бұл дегеніміз, егер бізде идеология болмаса оны басқа, бізге жат идеологиямен толтырады» [44],– деген. Сол сияқты «Ұлттық идеологияның кенжелеп қалғанын Қазақстанның түрлі секталардың ошағына айналып отырғанынан да көруге болады» [45]. Бұл авторлардың пікіріне толығымен қосыла отыра, діни экстремизмнен күресудің ең негізгі тиімді жолы мемлекет тарапынан мемлекет немесе ұлт идеологиясын құру деп есептейміз. Біздің бұл пікірімізді қала тұрғындары арасында жүргізген сауалнама жауаптары бекіте түседі. Олардың пікірлері бойынша «Қазақстан халқына діни экстремизммен күресу үшін қандай рухани қажеттілігімізге мән беруіміз қажет?» деген сауалға респонденттердің 62% ұлттық идеологияны дамытуға назар аудару қажеттігін, 21% отбасылық тәрбиеге көңіл бөлу қажеттігін және қалған 17% сапалы білімге мән беру қажеттігін білдірген. Яғни, «...қай уақытта болмасын адамның танымдық болмысы бос болмауы керек. Адамға әсер ету, оны тәрбиелеу жолында идеологияның мәні зор екендігіне Кеңес үкіметінің тарихы куә. Сондықтан, насихаттық-идеологиялық жұмыстар белсенділігін арттырып, жас ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелейтін уақыттың келгендігіне көз жеткізіп келеміз» [46, б.114].

Қоғамдағы отбасы институты рөлінің төмендеуі.

Оған төмендегідей себептерді жатқызамыз:

– отбасы мүшелерінің рухани қажеттіліктерін толық көлемде қанағаттандырмаушылық;

– отбасылардағы материалдық қажеттіліктердің рухани қажеттіліктерден басымырақ болуы;

– ата-аналардың тым жұмыс бастылығы мен балалардың бос уақыттарын өздігінен өткізулері. Біз келтіріп отырған үш себеп кез келген орта деңгейдегі отбасының өмір сүру салты десек қателеспейміз. Өз әлеуметтік жағдайларына байланысты (әлеуметтік жәрдемақылардың тек бала бір жасқа толғанға дейін берілуі, тұрғын үйдің қымбаттығы және т.б. себептер) әйел адамның үйде отырып бала күтімімен, бала тәрбиесімен ғана айналысуына мүмкіндік бермейді.

Облыс тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама қорытындылары бойынша «Отбасында екеуіңіз де жұмыс істейсіздер ме?» деген сауалға респонденттердің 58% екеуіміз де жұмыс істейміз деп жазса, 27% өздерінің жалғызбасты ана екендіктерін, тек 15% әйелінің (күйеуінің) жұмыс істемейтіндігін көрсеткен. «Сіз материалдық қажеттіліктеріңізді бірінші орынға қоясыз ба және қоюыңызға не себепші?» деген сұраққа 43% өздерінің материалдық жағдайларын басты кезекке қоятындықтарын жазған, 29% қойғысы келмегенмен өмір талабының солай екендігімен байланыстырған, 27% материалдық қажеттілікті бірінші кезекке қоймайтындықтарын білдірсе, 11% жауап беруге қиналатындықтарын жазған.

Білім беру жүйесіндегі кемшіліктер.

– ғылым мен білім беруге бөлінетін қаржының аздығы;

– жаратылыстану және қоғамдық пәндерге қаражаттың қалдық қағидаты бойынша бөлінуі;

– жалпы орта білім беру мектептері мұғалімдерінің басым бөлігінің өз жұмыстарына тек табыс көзі ретінде қараулары;

– жалпы орта білім беруші мектептердің басым бөлігінің білім беру мен оқушы тәрбиесіне формальды ыңғай танытулары.

Респонденттердің 58% орта мектепте берілетін білім сапасына разы еместіктерін білдірген, оның себебін 52% мұғалімдердің өз жұмыстарына тек табыс көзі ретінде қараулары деп түсіндірсе, 27% білім беру жүйесінің дұрыс ұйымдастырылмауы деп, 19% ұстаздардың өз шәкірттеріне талап қоя білмейтіндігімен және 2% балалардың сабақ оқуға деген ынталарының төмендігімен байланыстырған. «Мектеп ұжымы қазіргі оқушылардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра ала ма?» деген сауалға сауалнамаға қатысушылардың 31% мүлдем қанағаттандыра алмайды деп, 52% ішінара ғана қанағаттандыра алады деп, 17% қанағаттандырады деп жауап берген.

Сондай-ақ, «ғылымға жұмсалатын қаражат ЖІӨ (жалпы ішкі өнім) үлесімен өлшенеді. Былтырғы жылы бұл көрсеткіш көлемі 0,16% болса, қазір онан да аз. Дамыған мемлекеттерде ЖІӨ үлесін қаржыландыру 3% құрайды. Қаржыландырудың абсолютті көлемінде емес, үлестік қатынаста. Біз 20-25 есеге қалдық. Қаржыландырудың мұндай үлесі ғылымды жетелеу үшін аздық етеді. Мемлекет қалыпты даму үшін ғылымды қаржыландыру ЖІӨ-нің 1,5%-нан кем болмауы керек» [47],– деген статистикалық талдау нәтижелерін біз жоққа шығара алмаймыз.

Сыбайлас жемқорлық: Жекелеген жергілікті мемлекеттік шенеуніктер тарапынан орын алатын сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократизм [2] де экстремизмнің дамуын ықпал етуші ішкі себептердің біріне жатады.

Азаматтардың діни сауаттылықтарының төмендігі: дәстүрлі дін негізінде жазылған әдебиеттерді мүлдем оқымағандық немесе үстіртін білу; адамдардың, әсіресе жастардың діннің іргелі негіздеріне (имандылық, ата-анаға деген құрмет, терең білім алу, қайырымдылық және т.б.) емес, жанама аспектілеріне (сақал қою, балақ ұзындығы және т.б.) ерекше көңіл бөлулері; діннің шығу және таралу тарихын білмеулері [48]. Себебі діни сауаты бар адам дәстүрлі ислам дінін жалған діннен тез ажыратқан болар еді деп пайымдаймыз.

Адамдардың психологиялық денсаулығындағы проблемалар: отандық денсаулық сақтау жүйесінің халықтың рухани (психиатриялық) денсаулығын қамтамасыз етуге ыңғайланбағандығы; денсаулығында психикалық ақаулары (әсіресе жастар арасында) бар халық санының өсіп келе жатқандығы; адамдардың психикалық ақауларын табу және емдеудің тиімділігі жоғары әдістерінің жоқтығы. Астана қаласы әкімдігінің психикалық денсаулық орталығы директорының мәлімдеуі бойынша әлемдегі әрбір төртінші адамда өмірінің түрлі кезеңдерінде психикалық денсаулық проблемалары болуы мүмкін екен. Астананың психикалық және мінез-құлық бұзылулары 100 мың халыққа шаққандағы 72,9 жағдайды құрап, шизофрения, ақыл-ой кемтарлығы сияқты ауру түрлері тұрақтылыққа ие екен [49].

Облыс тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің ешқайсысы психиатр дәрігердің көмегіне жүгініп көрмеген. Дегенмен, адамның физиологиялық болмысы тәннің ауырғаны сияқты жан ауруы жағдайында да арнайы дәрігерлік көмекті қажет ететіні анық. Сондықтан адамдардың түрлі күйзеліске түсу жағдайларын түрлі діни ағымдар өз пайдасына жарату жағдайларын жоққа шығармаймыз. Респонденттерден «Сіз өзіңізге психиатр дәрігердің көмегі қажет деп ойлайсыз ба?» деген сауалға 23% қажет ететіндіктерін білдірсе, 16% дәрігерлік көмектің бұл түрі біздің менталитетімізге келмейді деп жауап беріп, 35% бұл туралы мүлдем ойланып көрмегендіктерін және 26% дәрігерлік көмектің бұл түрін қажет етпейтіндіктерін жазған.

Жалпы «Діни экстремизмнің елімізде таралуына не себеп?» деген сауалға қала тұрғындарының 46% адамдардың материалдық жағдайларының төмендігін, 3% адамдардың діни сауаттылықтарының жоқтығын, 6% діни сауаттылықтарының төмендігін, 21% ұлттық идеологияның жоқтығын, 19% адамдардың психологиялық болмыстарының тұрақсыздығын және 16% қазақстандықтардың имандылықтарының төмендігін жазған (Ә қосымшасын қараңыз). Сөйтіп, сауалнама қорытындылары негізінде респонденттер әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігін көп мәселеде шешуші фактор ретінде көрсеткен деген қорытындыға келдік.

Қылмыскер жеке басын криминологиялық тұрғыдан зерттеу ең алдымен «тұлғаның қылмыстық мінез-құлқын тудырушы қасиеттерін, қылмыстылықтың алдын алу мақсатында табу және бағалау» [50, с.47] үшін жүзеге асырылады. Сондықтан осы зерттеу жұмысында біз діни экстремист жеке тұлғасын мұқият зерттеп, жан-жақты қарастыруға тырысамыз.

Криминологияда көптеген уақыт бойы қылмыскердің жеке тұлғасы мәселесіне қатысты түрлі пікірлер бар. Мұндай пікірталастардың қисындық нәтижесі авторлардың қылмыскер жеке тұлғасы ұғымына қатысты өз пікірлерін дәлелдеуі болып табылады.

Ғалымдардың біразы қылмыскер жеке тұлғасын күрделі, жағымсыз қасиет, жағдай кешені ретінде қарастырып, олардың құрылымы, әлеуметтік және психологиялық сипаттамасы нақты объективті жағдайлармен бірлесіп, қылмыстық мінез-құлықты құрайтынын көрсетеді [51, с.14], [52, с.17], [53, с.20]. Кейбір криминологтар «қылмыскер тұлғасы» терминін пайдаланудың ғылыми дұрыстығына күмән келтіреді. Қабылдауға ыңғайлы болмағанмен «қылмыс жасаушы (жасаған) адамның (индивидтің) жеке басы» [50, с.15] сөз тіркесін пайдалану дұрысырақ болар еді дегенді айтады. Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отыра, өз жұмысымызда қалыптасқан, ыңғайлы ұғым «қылмыскер тұлғасы» деген тіркесті пайдаланамыз.

Зерттеу жұмысы барысында біз діни экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлғаларды зерделеу нәтижесінде, ең алдымен «мұндай әрекет не үшін және қалай жасалды, мұндай қылмыскер қандай жауапқа тартылуы керек, мұндай тұлғаларға қолдану үшін ескерту шараларының қандай түрі тиімді» деген сияқты сұрақтардың жауабын табуға тырысамыз. Дегенмен, осы мәселені зерттеген Ресейлік ғалым А.В. Петряниннің: «...зерттеп отырған құбылыстың

ғылыммен қатар нормативтік деңгейдегі мазмұнындағы, сонымен қатар экстремизмнің бір-бірінен қағидатты түрде ерекшеленетін түрлеріндегі белгісіздіктерді есепке ала отырып экстремист жеке тұлғасын сипаттаушы белгілердің нақты тізімін анықтау мүмкін емес» [50, с.349], – деген пікірімен ішінара қосыла отыра, экстремистік бағытта қылмыс жасаған тұлға деп – өз психологиялық ерекшеліктері, қоғамға қайшы көзқарастары бар және өмірлік құндылықтарға деген көзқарасы бұрмаланған, жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоғамдық қауіпті жол таңдаушы тұлғаны белгілейміз.

Криминологияда қылмыскер тұлғасының сипаттамасы оның құрылымы арқылы ашылады. Құрылым бұл элементтері арасында тұрақты өзара байланыс бірлігі ретінде шығатын жүйе құрылымы мен ішкі нысаны. Қылмыскер тұлғасы құрылымының элементтері – оны дербес бүтін жүйе ретінде сипаттайтын оның жеке қасиеттері, ерекшеліктері мен жағдайы [50, с.57]. Бұл жерде криминологияда қылмыскер тұлғасының құрылымдық компоненттерін белгілеуге қатысты бірдей көзқарастың жоқтығын айта кеткен жөн. Бір авторлар қылмыскер тұлғасы құрылымын ғылыми-практикалық мәні зор әлеуметтік-демографиялық және қылмыстық-құқықтық сипаттамаларын есепке алмастан тек психологиялық бағытпен қарастырады [54, с.74], [55, с.91]. Алайда өз еңбектерінде қылмыскер тұлғасы құрылымына әлеуметтік-демографиялық, қылмыстық-құқықтық және моральдық-психологиялық компоненттерді енгізген авторлар да біршама [56, с.88-89], [57, с.89-90], [58, с.27], [59, с.72]. Қылмыскер тұлғасы құрылымына қатысты айтылған соңғы пікірлерді діни экстремистік бағыттағы қылмыстар жасаушы тұлғалар құрылымын зерттеуде негізге алдық. Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-демографиялық аспектісін ашуда оның жынысы, жасы, білім деңгейі, отбасы жағдайы, әлеуметтік жағдайы мен кәсібі және т.б. туралы мәліметтер назарға алынады. Бұл мәліметтерге статистикалық деңгейде талдау жасау арқылы қылмыскер тұлғасының демографиялық көрсеткіштерін, әлеуметтік жағдайы мен мәртебесін, білім мен мәдени деңгейін анықтаймыз.

Ал қылмыскердің қылмыстық-құқықтық сипаттамасына қылмыстық қол сұғушылық мотиві, мінез-құлқының кәнігілік нысаны, қылмыс жасау кезіндегі психикалық жағдайы, рецидив туралы мәліметтер кешені енеді. Қылмыстық-құқықтық сипаттама негізінде қылмыстық қолсұғушылық генезисі, қылмыскердің қоғамға қайшы бағытының тұрақтылығы мен тереңдігі, қоғамдық қауіптілігі туралы қорытындылар жасаймыз.

Экстремист тұлғасын зерттеу оның моральдық-психологиялық мінез-құлық ерекшелігінсіз толық болмас еді. Оған тұлғаның мінез-құлық бағыты, эмоционалдық-ерік қасиеттері, моральдық бейнесі, физикалық-психикалық денсаулығы және т.б. көрсеткіштер жатады. Сөйтіп, қылмыскер тұлғасы құрылымын жоғарыда көрсетілген бағыттар бойынша қарастыру қылмыскердің ерекше қасиеттерін анықтап, соның негізінде типологиясын жасауға, қылмыстық әрекетінің алдын алуға болады.

Қарағанды, Алматы және Қарағанды облыстық соттарының мұрағатынан 5 жыл аралығындағы 80 қылмыстық істерді және осы облыстардың ҚАЖД жаза

орындау мекемелерінде отырған сотталғандардың 73 жеке істері зерделеніп, 80 сотталған адамдар арасында сауалнама жүргізілді.

Қылмыскер тұлғасының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы оның көптеген қасиеттерін ашатыны анық және әлеуметтік-демографиялық сипаттаманың маңызды элементтерінің бірі – адамның жасы десек қылмыскерлердің жасына байланысты деректерді қарастыруда біз мұрағаттық қылмыстық істердегі көрсеткіштермен шектелуді жөн көрдік. Себебі жаза атқару мекемелерінде отырған сотталғандар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері кәмелетке толмағандардың ол мекемелерде ұсталмайтындығына байланысты діни экстремист тұлғасының жас ерекшелігіне байланысты мәліметтерді анықтауда бізге көмектесе алмайды деп есептедік. Мұрағаттық қылмыстық істер бойынша діни экстремистік бағыттағы қылмыстар жасаушы тұлғалардың басым бөлігі (96%) ер адамдар екендігіне көз жеткіздік. Қылмыскерлердің жасына байланысты мәліметтер төмендегідей: діни экстремистік бағытта қылмыс жасаған тұлғалардың 33,9% – 14-18 жас аралығындағылар, 45,3% – 19-25 жас аралығындағылар, 16,7% – 26-30 жас аралығындағы және қалған 4,1% – 30-дан асқан азаматтар еншісінде деп айтуға болады. Яғни діни экстремистік сипаттағы қылмыстарға кәмелетке толмағандар мен жастардың тартылуы өте жағымсыз үдеріс.

Ғалым-криминолог С.М. Иманбаевтың пайымдауы бойынша: «Көбіне кәмелетке толмағандар террористік актілерге, жаппай тәртіпсіздік, жарылыс ұйымдастыруға қатысады. Олар экстремистік топтарға да жиі тартылады. Олардың өздерін танытуға деген құштарлықтары көбіне оларды криминалды ортаға әкеледі» [60, с.8]. Осы негізде 14-18 жас аралығындағы экстремистік бағыттағы қылмыстардың 33,9% кәмелетке толмағандардың құрауы бір жағынан олардың рухани жан-дүниелерінің тұрақталмағандығын, ішкі дүниетаным әлеуетінің қалыптаспағандығын білдірсе, екінші жағынан отбасы тарапынан тиісті бақылау мен тәрбиенің жоқтығын көрсетеді деп ойлаймыз. Сондай-ақ, 2013 жылғы 10 қазанда Атырау облысының қылмыстық істер бойынша ауданаралық сотында радикалды ағым идеологиясын насихаттаушы террористік топтың 9 мүшесіне үкім шығарылды, олардың ішіндегі екі кәмелетке толмаған балалардың жас ерешеліктерін ескере отырып, оларды алты жылға бас бостандығынан айыруға соттады [61]. Тереңірек үнілер болсақ, мұндай жағдай біраз уақыттан соң Қазақстан Республикасын келешегінен үміт күттірер қоғамға пайдалы азаматтарынан айырып, діни фанаттардың көбеюіне ықпал етуі мүмкін. Бұл жерде отбасы рөлінің баланың тұлға ретінде қалыптасуына тигізер әсерінің айрықша екендігін баса айтқымыз келеді. Сонымен қатар, ақпараттық технология дамыған бұл заманда интернет желісі арқылы ақыл-ойы бекімеген кәмелетке толмағандар ойына түсетін оң және теріс бағыттағы ақпараттар легінің көптігі, олардың ақпараттарды қабылдағанмен оның жақсысын жаманынан ажырату мүмкіндіктерінің аздығы жақсы үдеріс емес. Осы мақсатта түрлі теріс бағыттағы діни ағымдар мен одан туындайтын өзге қылмыстардың алдын алу бойынша оларды зорлықтан сақтандыратын, кез келген дінге, оның өкілдеріне құрметпен қарап, оның тарихын зерделеулеріне ықпал етуші бағыттар таңдалуы керек. Сондай-ақ,

отбасымен қатар білім беру жүйелерінің де рөлі күшейтілуі қажет деп есептейміз.

Атап көрсеткендей, жалпы экстремистік бағыттағы қылмыстар өз табиғаты бойынша қылмыскердің мәдени және білім деңгейімен байланысты. Сондықтан қылмыскердің жеке басын зерделеуде оның білім деңгейінің маңызы айрықша. Экстремистік бағыттағы қылмысы үшін сотталғандардың істерін қарастыру барысында орта білімі толық емес сотталғандар – жоқ, орта білімі бар сотталғандар – 40%, арнайы орта білімі барлар – 32%, аяқталмаған жоғары білімі барлар – 20%, жоғары білімі барлар – 8% құрады. Осы эмпирикалық мәліметтер негізінде экстремистік бағыттағы қылмыскерлердің білім деңгейлерін қажетті деңгейде деп айта алаймыз. Сотталғандар арасында 30 жастан асқандар санатына енген қылмыскерлер қылмыстық топ ұйымдастырушылары мен жетекшілері болған тұлғалар, зерттеу материалдары бойынша олардың 88,2% жоғары білімдері және қалған 11,8% орта білімдері бар екендігі анықталды.

Қарастырылып отырған санаттағы қылмыскерлердің жоғары білім деңгейінің болуы экстремистік сипаттағы әрекеттер орындалуының күрделілігіне байланысты орындаушының даму деңгейінің жоғары болуын немесе оның психология, тарих, мәдениеттануды жақсы білуін және адамдарды айтқанына сендіре білу дағдысының болуын қажет ететіндігімен негізделетін болар деп топшылаймыз [19, с.215]. Діни экстремист тұлғаның жеке басын сипаттауда оның тұрақты күн көріс көзінің болу-болмауын зерделеудің маңызы зор. Сауалнама барысында діни экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлғалардың 58,4% тұрақты кіріс көздерінің болмағандығына, 27,6% ұсақ кәсіпкерлікпен айналысып, 8,7% жұмыстан шығып қалған және тек 5,3% ғана сотталғанға дейін жұмыс істеп жатқан тұлғалар екендігі белгілі болды және олардың 93,6% біліктілігі төмен, ақшасы аз жұмыстарда істеген. «Діни экстремистік идеяны таратқаныңыз үшін жалақы алдыңыз ба?» деген сұраққа респонденттердің 37% қоғамдық жұмыс ретінде қарағандығын, дегенмен қажетті жағдайда белгілі бір адамдардың әлеуметтік сұрақтарын шешуге көмектескендігін айтса, 39% қаржылық көмек берілгендігін жасырмады, 9% сол ұйымға мүше боламын деп өз қаражаты мен мүлкінен айрылып қалғандығын және 15% бір жаратушының разылығын алайын деген ниетте ғана болғандығын айтты. Қылмыскер жасаған қылмыстың қоғамдық қауіптілігін, оның ұстанымдарының тереңдігі мен тұрақтылығын анықтау үшін қылмыстық қолсұғушылық генезисіне назар аудару қажет. Оған қоғамдық қауіпті мінез-құлқының негізгі нысандары, қылмыс жасауының кейбір жағдайлары, құқыққа қайшы әрекеттерінің қайталануы жатады. Бұл міндетті шешуге қылмыскер тұлғасы жасаған құқық бұзушылықтың қылмыстық құқықтық сипаттамасы көмектеседі. Кінәлілердің қоғамдық қауіптілік сипаттамасында олардың қылмыстық әрекеттерінің уәжінің маңызы зор. Кез келген қылмысты жасау механизмі қылмыстық уәжді немесе индивидті қылмыстық мінез-құлық жасауға итермелеуші фактілерді анықтауды белгілейді. «Мінез-құлық уәжі – бұл адамның ішкі әрекет түрткісі, сыртқы орта мен нақты жағдайлар әсерімен

пайда болатын әрекет, қажеттілік пен мүдделер, сезімдер мен адам қалауы» [62, с.61].

Зерделеген қылмыстық істерден мысал келтіретін болсақ, А.К. Машайықов есімді азамат 2016-2019 жж. Қарағанды қаласында жасырын жиындар өткізіп, онда «кәпірлермен» күресу үшін «қарулы жиһад» жасауды насихаттап, өз сөзінің дәлелі ретінде жиналғандарға интернеттен алынған террористік сипаттағы бейне роликтер таратқан. Осыны есепке ала отырып, А. Машайықовтың әрекеттерінде, сонымен қатар №4831 психологиялық-филологиялық сараптама қорытындысына сәйкес А. Машайықовтың Ж. Жахметовке 2017 жылғы сәуір айында берген дискісінде діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қасақана әрекеттер белгісі байқалған [63]. А. Машайықов бейнероликтердегі материалдарды негізге ала отырып, таныстарын дін үшін күресуге, «елімізді «кәпірлерден» азат етуге» шақырған. Сөйтіп, ол адамдар арасында діни алауыздық туғызу түріндегі қажеттілігін қанағаттандыра отырып, адамның қандай да бір әрекет жасауына түрткі болу және әрекет етуге қандай да бір тұлғалық ой беру, ой туындату ниеттерін жүзеге асырған. А. Машайықовтың адамдар арасында насихат жұмыстарын жүргізу уақытын және оның әсеріне қаншама адамның түскендігін әрине, анықтау мүмкін емес, дегенмен, бұл қылмыс түрінің қоғам үшін қауіптілігі де оның осындай өзіне тән ерекшелігінде. Қылмыстық істерге талдау жасай отыра діни экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлғалардың 30,3% бұрын сотталған тұлғалар екендігі анықталды. Бұрын сотталған тұлғалардың 46,7% жеке тұлғаға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар, 16,6% бұзақылық, 17,8% меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылық және тек 18,9% экстремистік бағыттағы қылмыстары үшін бұрын сотталғандықтары белгілі болды. Әртүрлі қылмыс жасаушы тұлғалардың экстремистік қылмыстар жасағаны үшін қайтадан қылмыстық жауапқа тартылуын жаза атқару мекемелерінде экстремизм идеяларының еркін таратылатындығымен байланыстырамыз. Жаза атқару мекемелерінің діни экстремистік идеяларды кеңінен тарату үшін таптырмас орын екенігін айта отырып, респонденттердің 23% ислам дінін (оның ішінде христиандықтан ислам дініне өткен азаматтар да бар) жаза атқару мекемесінде отырған кезден бастап бой ұрғандығын айтады. Сотталғандар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша (қосымша В-ны қараңыз) діни экстремистік бағыттағы қылмыстары үшін жазаларын өтеп жатқан сотталғандардың 22% сотталғанға дейін «Хизб-ут-Тахрир» діни экстремистік партиясының мүшелері болған, 10% ИГИЛ мүшелері, 21% ваххабизм идеяларын ұстанған, 14% «Шығыс Түркістан исламдық партиясының» мүшелері, 9% «Исламдық Джихад» Одағын (Орта Азия моджахеттерінің жамағаты) жақтаушылар, 6% салафиттік бағыттағы террористік топ мүшелері, 4% заңсыз қаруланған жасақ қызметтеріне қатысқан, 5% «Джамаат такфир» діни-террористік топ мүшелері, 4% «Джамаат «Аль-Фараби» радикалды діни топ мүшелері, 3% «Аль-Каеда» діни-экстремистік партия мүшелері, 2% «Накшбандия» діни ұйымының мүшелері болған.

Діни экстремистік бағытта қылмыс жасағандар арасында жүргізілген сауалнамадағы «Жасаған әрекеттеріңіздің құқыққа қайшы екендігін біліп, енді

соған өкінесіз бе?» деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі 62% жасаған әрекеттері үшін өкінбейтіндіктерін және сондай мүмкіндіктері болса, қайталап жасауға әзір екендіктерін көрсетеді. Сондай-ақ, олардың 78% өздерін экстремистік деп мойындамай, өз әрекеттерін ақтаушы дәлелдер келтіруі олардың діни экстремистік бағыттағы сенімдерінің тұрақты қалыптасқандығын көрсетеді. «Сіздің өзге дін өкілдеріне деген көзқарасыңыз қандай?» деген сұраққа респонденттердің 52% жағымсыз қарайтындықтарын білдірсе, 35% жауап беруден бас тартып, 13% толеранттылықпен қарайтындықтарын айтты. Респонденттердің өз діни наным-сенімдерін өзге діндерден жоғары қоюы (респонденттердің басым бөлігі ислам дінін ұстанушылар) республикамызда дін (діни ағымдар) мәселесі өзектілігінің жыл сайын өсіп жатқандығын көрсетеді.

Жалпы қылмыстық мінез-құлық туралы айтатын болсақ, құқықтық тыйымды бұзумен ұштасқан қоғамдық мүдделерге қолсұғушылық жасаумен байланысты кез келген қылмыстар – қылмыскердің қоғамды сыйламайтындығының көрсеткіші. Экстремистік мазмұндағы материалдарды қасақана тарату, ең алдымен, қылмыскердің өз қажеттіліктерін жүзеге асырудың осы түрін таңдауды дұрыс деп есептейтінін және оған сенімді екендігін көрсетеді [19].

Экстремист тұлғасының имандылық-психологиялық қасиеттерінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Ю.М. Антонянның пікірі бойынша: «Имандылық қасиет ерекшеліктері өмірлік жағдайды, мінез-құлық жолын, өмірлік мәселелерді шешу тәсілдерін, өзге адамдармен және кіші әлеуметтік топтарда қарым-қатынас жасау стереотипін таңдауды анықтайды [64, с.10].

Экстремист тұлғасының имандылық-психологиялық қасиеттерін ашу үшін біз жаза атқару мекемелерінде олардың жеке істерін зерделеуге баса назар аудардық. Экстремистік бағыттағы сотталғандардың психологиялық көңіл-күйлерін анықтау үшін (психодиагностика) олардың жеке істерінде тігілген жаза атқару мекемесінің психолог мамандары жүргізген психологиялық тестілердің нәтижелерімен таныстық. Сотталғандар келген бетте жүргізілетін «Люшер» тестісінің көмегімен адамның психикалық денсаулығының эмоциялық компонентін зерттеуге болады. Бұл мақсатта Люшердің түрлі-түсті тестілерінің қысқартылған «Сегіз түсті қатары» сынағы жүргізілген екен. Кейіннен жаза өтеу барысында «ТиД» (беймазальық пен депрессиялық) әдісінің көмегімен экстремист сотталғандардың беймазальылығы мен депрессиялық көңіл-күйі зерттелген. Сондай-ақ, олардың невропатизация және психопатизация деңгейін анықтауға арналған УНП (невропатизация және психопатизация деңгейі) сауалнамасы қолданылған. Олардың жеке істеріндегі психологиялық мінездемелерін зерделеу барысында экстремистік бағытта қылмыс жасаушы сотталғандарды «пайдакүнемдік мақсаттарда діни экстремистік қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушы тұлғалар, діни идеологияны ұстанушы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушы тұлғалар және өмірден өз жолын таба алмай жүрген өзін танытуға құштар тұлғалар» деп шартты түрде үш топқа бөлуге болады деп ойлаймыз. Бірінші топқа жататын сотталғандарға тән қасиеттер: прагматизм, жеке әлеует төмендігіне байланысты басқа табыс табу жолын білмеушілік, өзін ақылдымын деп санау, қиналмай көп пайдаға кенелуді

мақсат тұту, ойлаған мақсаттарының жүзеге аспауына байланысты айналасындағы адамдарға сенбей, күмәнмен қараушылық [66-68]. Екінші топ өкілдеріне діни идеологияларына берік сотталғандарды жатқызамыз. Олар: бірбеткей, идеялы, еліктегіш, қиялдаушылық қасиеттің тым дамып кеткендігі, қиялдар мен армандарға берілгіштік, сезімтал, ортаға бейімделу қабілеттері төмен адамдар. Аға нұсқаушы-психолог тарапынан жасақ бастықтарына ұсыныс ретінде осы топтағы адамдардың мінез-құлықтарына назар аудару қажеттігі жазылған [69-71]. Ал үшінші топ өкілдеріне тән басты қасиеттер: көбіне эгоцентризмге ауысатын өзімшілдік, өз пікірін әрдайым дұрыс деп есептеу, кекшілдік, лидер болуға ұмтылу, ашуланшақтық [72-74]. Сотталғандардың психологиялық мінездемелерін зерделеу барысында Алматы облысы бойынша ҚАЖ департаментінің жаза атқару мекемесі психологтарының бұл мәселеге формальды түрде қарамайтындықтары байқалады. Әрбір мінездемемен таныса отырып, адамның ішкі әлемінің қайталанбас ерекшеліктерінің барлығына көз жеткіздік.

Бірқатар ғалымдардың пікірлері бойынша тұлғаның нормадан ауытқуы жағдайында немесе қылмыстық мінез-құлық жағдайында бірінші кезекке мойындау, қауіпсіздік, беделін немесе мәртебесін сақтау, көтеру, лидерлік, басымдылық таныту және т.б. әлеуметтік қарым-қатынас жасау қажеттіліктері қойылады [64, с.101]. Осы қасиеттер біз қарастырған үшінші топ өкілдерін қылмыс жасауға итермелеуші факторлар деп пайымдаймыз. Экстремистік бағыттағы әрекеттерден қандай да бір қажеттіліктердің болуын анықтау қиын. Алайда, мұндай қиындықтар қажеттіліктің болмауынан емес, мұндай мінез-құлық психологиялық механизмінің күрделілігімен байланысты. Біз экстремизм генезисіндегі ең бастысы индивидтің өзін-өзі таныту қажеттілігі деп есептейміз. Әрине, бұл жерде «өзін-өзі таныту қажеттілігі неліктен өзге адамдар есебінен, зорлық көрсету немесе жағымсыз әлеуметтік зардаптарға ұшырату жолымен жүзеге асырылуы керек» деген заңды сұрақ туындайды. Көп жағдайда мұндай тектес белсенділік адамның ішкі дискомфортты, іште жиналып қалған психикалық күйзелісті сыртқа шығару, фрустрация қажеттілігімен түсіндіріледі. П.М. Якобсон: «Фрустрация бұл адамның өз жағдайына қанағаттанбауымен, жеке кемшіліктеріне байланысты тұрақты түрде күйзелуі» [75, с.84],–деп көрсетеді. Бұл жағдай субъектінің тұлға ретіндегі мәні мен құндылығының шынайы жетістіктер мен қоғамдық мойындалуы арасындағы алшақтықтың болуына негізделеді деп ойлаймыз.

Қызметте жетістікке қол жеткізбеуден туындаған психикалық күйзеліс жағдайы мазасыздық, қанағаттанбаушылық сезімдерімен сипатталады. Фрустрация кезінде осы жағдайға реакция ретінде агрессия, жауығу сезімдерінің күшейетіндігі байқалады. Жалпы мағынада агрессия күш көрсету, жеке адам немесе адамдар тобына қатысты күш қолдану қаупін білдіруі мүмкін. Агрессия жеке немесе ұжымдық сипатқа ие [99, с.11]. Әрине, мұндай жағдайда адам өзін толық емес күйде сезініп, оның мотивтері терең, санасыз сипатқа ие болып, өз-өзіне сенімсіздік, қорқыныш, мазасыздық, өмірдегі өз орны үшін қорқыныш сезімдері баурайды.

Мазасыздық сезімінің жоғарылығы мен күйзелісінің тереңдігі сонша, ол адам өзін-өзі таныту үшін өзгелерді ысырып, тіптен бойындағы қауіп көзін жою, яғни өз психологиялық проблемаларын шешу үшін ең соңғы шараларға да барады [76, с.18]. Сөйтіп, оның белсенді әрекеттері ішкі психологиялық проблемаларын шешуге, өзіне деген қатынасын (өз-өзіне сенімсіздік, ішкі әлсіздік, өзіндік бағасының төмендігін) өзгертуге бағытталады. Өз әрекеттерінің мәнін жақсы түсінбегенмен оның нәтижесі субъектіні қанағаттандырып, психикалық күйзелістен шығарып, жоғалтқан ішкі рухани көңіл-күйінің қалпына келуіне ықпал етеді. Сотталғандармен, олардың жеке істерімен, психологиялық мінездемелерімен және олардың берген жауаптарын зерделей отырып, осы психологиялық сипаттамалардың бәрі діни экстремистік бағыттағы тұлғаларға тән құбылыс деп пайымдаймыз.

Жоғарыда мазмұндалғандар негізінде біз экстремистік бағыттағы тұлғаларға тән жалпы қасиеттерге шартты түрде сипаттама беруге тырыстық. Енді жалпыдан жалқыға көшу арқылы біз қылмыскерлер типологиясын жасауға ауыссақ дейміз.

Типология – объектілер жүйесін мүшелейтін, жалпылама, идеалдандырылған модель немесе тип көмегімен топтастыратын ғылыми таным әдістерінің бірі [64, с.26]. Қылмыскер типологиясын жасаудың ғылыми-практикалық мәні зор, ол арқылы қылмыстық әрекет себептерін түсіндіруге тырысып, криминологиялық болжамдар жасап, ескерту шараларын жүзеге асыру мүмкіндіктеріне ие боламыз. Р.М. Узденовтің пікірі бойынша экстремист тұлғасын зерттеудегі проблема доктриналды деңгейде экстремизм түрлері санының көптігі және соның салдарынан адамды құқыққа қайшы экстремистік жолға итермелеуші себептердің сан қилылығы болып табылады [77, с.118]. Сондықтан экстремист-қылмыскер тұлғасын ашу үшін тек қана қылмыс уәжінің болуы аздық етеді деген пікірдеміз. Өз еңбегінде М.Ф. Мусаелян экстремист-қылмыскер тұлғасының төмендегідей типологиясын ұсынады: «а) қатардағы экстремист-орындаушы; б) экстремистік ұйым (топ) немесе экстремистік қауымдастық лидері (басшысы), в) идеолог-көсемнің (экстремист-идеологтың) жақын идеялық серіктері (жақтастары), г) идеолог-өсем (идеолог-экстремист)» [78, с.22-23]. Пікірімізше, автор бұл типологияны ұсыну арқылы экстремист қылмыскер тұлғасының мазмұндық мәнін ұсынбай, олардың экстремистік әрекеттердегі ролін ғана белгілейді. Ал, А.Д. Дарменов уәжге байланысты қылмыстық мінез-құлықты төмендегідей типтерге бөледі:

– импульсивті әрекет. Бұл жағдай зорлықшылдық эмоционалдық ұстамсыздыққа байланысты жағдайға деген тікелей реакция;

– діни жағымсыздық, дұшпандық қылмыстық мінез-құлықтың орталық мотиві мен негізгі мақсаты. Бұл жағдайда зорлықшылдық жеке тұлғаның жағдайға байланыссыз базалық, ішкі агрессиялық ұстанымы;

– экстремистік бағыттағы әрекеттер жасау қоғамдық қауіптілік салдарын бірден көтеретін топтық (ұйымдасқан) мотивация нәтижесі [19, с.150-153]. Бұл автордың экстремистік бағыттағы қылмыскердің мінез-құлқын жоғарыдағыдай типтерге бөлуі жалпылама сипатқа ие.

Ал А.В. Петрянин нақты тұлғаның қалыптасуына және басым бөлігінде экстремистің спецификалық ерекшеліктерін анықтауға әсер ететін қылмыстық мінез-құлық мотивіне негізделген экстремист жеке тұлғасының типологиясын анықтау үшін экстремисті толық көлемде зерттеу мотивті-рөлді типология арқылы жүзеге асырылу мүмкіндігін айтып, оларды төмендегідей топтастырады: а) экстремист-лидер (идеолог); б) экстремист-орындаушы; в) экстремист-кек алушы; г) экстремист-альтруист. Автор типтердің әрқайсына анықтама беріп, осы типтер негізінде қылмыстық мінез-құлық мотивіне байланысты оларды а) діни, б) идеологиялық, в) саяси, г) нәсілдік, д) ұлттық деп топтастырады. Әрі қарай автор діни, нәсілдік және ұлттық экстремистердің ерекшелігі ретінде өзге дін, нәсіл немесе ұлт өкілі болып табылатын опоненттерге деген оларды толық жоюға дейін баратын жаратпаушылық нақты бір дінге, нәсіл мен ұлтқа деген ұстанымының болуы деп қарастырып, мұндай тұлғаларды ритуалдық адам өлтіру мен суицидалды актілер негізінде көрініс табатын фанатизмнің нақты белгілерін сипаттайды деп көрсетеді [35, с.360-363]. Біз жоғарыда авторлар ұсынған экстремист-қылмыскер типологиясы өзгертуге және толықтыруға болатын шартты түсініктер екендігін ескере және экстремистік қылмыстардың түрлі бағыт пен мазмұнда болатынын есте сақтай отырып, А.В. Петрянин ұсынған экстремисті толық көлемде зерттеу мотивті-рөлді типология арқылы жүзеге асырылады деген пікірге қосыламыз.

Ойымызды тұжырымдай келе, осы бөлімді жазу мақсатында пайдаланылған қылмыстық істерді, сотталғандардың жеке істері және сотталғандар арасында жүргізілген сауалнама жауаптарын зерделеу нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасаймыз:

Кез келген әлеуметтік құбылыс ретінде жалпы қылмыстылықтың оның ішінде діни экстремизмге байланысты қылмыстардың дамуына ықпал етуші ішкі және сыртқы себептер бар: Сыртқы себептерге жаһандану, геосаяси факторлары мен заңсыз көші-қонды жатқызамыз. Ішкі себептер ретінде елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, мемлекеттік немесе ұлттық идеологияның жоқтығы, қоғамдағы отбасы институты рөлінің төмендеуі, білім беру жүйесіндегі кемшіліктер, рухани негіздердің өзгеруі, азаматтардың билік беделіне, заңға және өз қауіпсіздіктеріне деген сенімдерінің аздығы, азаматтардың діни сауаттылықтарының төмендігі мен адамдардың психологиялық денсаулық жағдайларын қарастырамыз.

Экстремистік бағыттағы қылмыс субъектілері – 14-30 жасқа дейінгі аралықтағы орта білімі бар және мәдени деңгейі төмен, тұрақты табыс көзі жоқ азаматтар. Қоғамдық мәні бар мүдделерінің болмауы және бос уақытының, күші мен энергиясының жеткілікті болуы оларды криминалды ортаға жетелейді.

Экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлғаларды пайдакүнемдік мақсаттарда діни экстремистік қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушы тұлғалар мен діни идеологияны ұстанушы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушы тұлғалар және өмірден өз жолын таба алмай жүрген өзін танытуға құштар тұлғалар деп шартты түрде үш топқа бөлдік.

Экстремистік қылмыстар жасағаны үшін сотталғандардың басым бөлігін материалдық қамтамасыз етілу деңгейлері төмен адамдар құрайды, ал экстремизмді ұйымдастырушы адамдар көп жағдайда қандай да бір мақсаттары мен мүдделері бар қылмыстық жауапкершіліктен түрлі себептерге байланысты құтылып кетіп жататын ауқатты адамдар. Сондай-ақ, экстремистік ұйымдардың өзге мемлекет азаматтары тарапынан қаржыландыру мәселесі де жоққа шығарылмайды.

1.3 Экстремизмге қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық және шетелдік тәжірибе

Әлемдік тәжірибе заман талабына сәйкес көптеген елдерде экстремизмге (соның ішінде діни экстремизм) қарсы тұру шараларының жылдан жылға оңтайланып, қолдану тиімділігінің артып келе жатқандығын көрсетеді. Егер Қазақстан Республикасы үшін экстремизм феномені салыстырмалы түрде жаңа түсінік болатын болса, көптеген шет мемлекеттер үшін бұл құбылыспен күрес ұзақ жылдар бойы жалғасып келеді

Халықаралық ынтымақтастықтың негізгі міндеті – шетелдік тәжірибені зерделеу, қорытындылау және өз мемлекетімізге бейімдеп қолдану болып табылады. Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабы мемлекеттік органдардың шетелдік органдармен және халықаралық ұйымдармен экстремизмнің алдын алу, анықтау және жолын кесу саласындағы қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен, халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтасып жұмыс істеп, Қазақстан Республикасы Заңнамасына немесе халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы не басқа мемлекеттердің аумағында жедел іздестіру іс-шараларын жүргізетіндігі жайлы белгіленген [79].

Қазақстан Республикасы халықаралық шарттары туралы 2005 жылғы 30 мамырдағы №54 Заңына сәйкес «Қазақстан Республикасының халықаралық шарты – Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен немесе халықаралық ұйыммен жазбаша нысанда жасасқан және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше құжаттарда екендігіне қарамастан, сондай-ақ оның нақты атауына қарамастан халықаралық құқықпен реттелетін халықаралық келісім» [80] болып табылады.

Халықаралық шарттардың басты міндеті – халықаралық құқық нормалары мен принциптеріне негізделген, әлемде тұрақты, әділ, демократиялық және тиімді халықаралық қатынастар жүйесін қалыптастыруға үлес қосу. Халықаралық ынтымақтастық ұйымдарына мүше болмас бұрын сол шарттардың басты міндеттері сол елдің ұлттық заңнамасында көрініс табуы қажет. Сондықтан бұл бөлімшеде біз экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізудегі шетел тәжірибесімен бөлісуді, сондай-ақ ұлттық заңнамамыздың Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық құжаттарға сәйкестілігі тарапынан да мәнін ашуға тырысамыз.

Қазақстан Республикасы жалпы экстремизмге қарсы күресудегі қызметін реттеуші құқықтық құжаттарды зерделер болсақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабында былай делінген: біріншіден, ҚР қолданылатын

құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, халықаралық шарттар мен Республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады; екіншіден, Конституцияның ең жоғары заңды күші бар және ол Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданылады; үшіншіден, Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде [81], тікелей қолданылады. Осы бап ережелері негізінде осы саладағы халықаралық құқықтық құжаттарға талдау жасаған жөн.

Экстремизм жағдайы көрініс тауып, бел алған кезде, ең алдымен қоғамдық резонанс туғызатын жағдай адам құқығы, ұят пен діни наным-сенім бостандығына байланысты қоғамдық қатынастардың бұзылуы болатындықтан, осы салаға бағытталған халықаралық-құқықтық нормаларды қарастырып көрелік. Оған жататын басты құжат адам құқықтары туралы халықаралық билль. Адам құқықтары туралы халықаралық билль – құқықтар туралы жалпы декларация (БҰҰ Бас Ассамблеясы 1948 жылғы 10 желтоқсанда бекітіп, жариялаған) экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (БҰҰ Бас Ассамблеясы 1966 жылғы 16 желтоқсанда қабылдаған) Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (БҰҰ Бас Ассамблеясы 1966 ж. 16 желтоқсанда қабылдаған) және соған 1-2-факультативтік хаттамалар түріндегі халықаралық құжаттар жиынтығы [82].

Сонымен қатар, осы бағытта БҰҰ қабылдаған төмендегідей маңызы зор бірқатар халықаралық құжаттар бар: дін немесе наным-сенім негізінде төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы декларация (БҰҰ Бас Ассамблеясы 1981 жылғы 25 қарашада қабылдаған), 1989 жылғы 15 қаңтардағы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық Кеңесінің мемлекет қатысушылары өкілдерінің Венадағы кездесулерінің қорытынды құжаты, Еуропа әлеуметтік хартиясы (1961 жылғы 18 қазанда қабылданып, 1965 жылы күшіне енді), нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция (1966 ж. 7 наурызда қабылданған) [83] және т.б.

Қазіргі демократиялық өмірде адам өмірі ең жоғары құндылық болғандықтан, ол адам құқығы мен бостандығы арқылы қамтамасыз етілуі қажет. Бұл халықаралық стандарт, барлық өркениетті мемлекеттер қоғам мүшелеріне қатысты осы қағидаттарды ұстанады. Адам құқығын – адамдық рухани құндылықтардың ең ұлысы ретінде мойындау жолы ұзақ, әрі күрделі. Оның нәтижесі ретінде барлық халықтар мен мемлекеттер орындауға тиіс БҰҰ Бас Ассамблеясының адам құқықтары туралы жалпы декларациясын атауға болады. Қазақстан Республикасы халықаралық демократиялық қауымдастыққа ұмтылушы мемлекет ретінде өзінің қолданыстағы және әзірлену үстіндегі заңнамалық актілерінде жоғарыда көрсетілген халықаралық-құқықтық актілерді негізге алады. БҰҰ Бас Ассамблеясының экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактісі мен азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактілерінде (КСРО атынан 1969 жылғы 22 қаңтарда қол қойылып, 1973 жылғы 18 қыркүйекте КСРО Жоғары Кеңесі

Президиумы тарапынан ратификацияланды) жанама түрде әлемдік қауымдастық тарапынан экстремизмге қарсы тұру маңыздылығы атап көрсетілген [84].

Осы құжаттың 8-бабында осы Пактіге қатысушы мемлекеттердің міндеттері: а) әрбір адамның өз экономикалық және әлеуметтік мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында кәсіби одақтар құрып, соған өз таңдауы бойынша мүше болу құқықтары бар, оларға тек сәйкес ұйым ережелерін сақтау міндеті туралы шарт қойылады; б) әрбір мемлекет заңдарына сәйкес жүзеге асырылған жағдайда адамдардың ереуілге шығу құқықтары бар.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 18-бабында әрбір адамның ой, ұят және діни бостандығы туралы айтылып, 2-тармағында: «Ешкім өзінің бостандығына қол сұғушы мәжбүрлеу шараларына ұшырамауы және дін мен наным-сенімдерін өз таңдаулары бойынша қабылдауы керек» – деп белгіленіп, 3-тармағында: «Дінді немесе наным-сенімді уағыздау тек заңмен белгіленген және қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті, денсаулық пен моральды және өзге адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қажет жағдайда ғана шектеледі» [85], – деп көрсетілген. Осы пактінің 20-бабының 1-тармағында: заң бойынша кез келген соғысқа үгіттеуге және 2-тармағында: кемсітушілік, жауласу мен зорлық көрсетуді білдіретін ұлттық, нәсілдік немесе діни жеккөрушілік пайдасы үшін сөз сөйлеуге тыйым салу [85] туралы айтылған.

1965 жылғы 21 желтоқсанда нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенция қабылданып, (1969 жылғы 4 қаңтарда күшіне еніп, 1969 жылғы 4 қаңтарда КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумында ратификацияланған) онда: «Нәсілдік айырмашылыққа негізделген кез келген артықшылық теориясы ғылыми қатынаста жалған, моральдық қатынаста: ерсі, әлеуметтік қатынаста әділетсіз және қауіпті болғандықтан, теорияда да, практикада да нәсілдік кемсітуге ақтау жоқ» [86], – деп көрсетілген. Осы заңның 4-бабына сәйкес: «Мемлекет-қатысушылар кез келген нысандағы нәсілдік жеккөрушілік пен кемсітушілікті мақұлдап, соны ақтауға тырысушы белгілі тері түсі мен этникалық тектің бір тобының артықшылығы идеясына немесе теориясына негізделген кез келген насихаттау мен барлық әрекеттерді сынға алып, осындай кемсіту немесе кемсіту актілеріне азғырушылық жасауды, барлық зорлықшылдық актілері мен сондай әрекеттерге азғырушылықты жоюға бағытталған жедел және позитивті шаралар қабылдауды міндетіне алады, сондай-ақ, нәсілшілдік әрекеттер жасауға көмектесу, оны қаржыландыруды қосқанда заңға қайшы деп танылып, кез келген ұйымдасқан және басқа да нәсілшілдік кемсітуге қолдау көрсететін немесе барлық насихаттау әрекеттеріне азғырушы ұйымдардың әрекеттері заңмен жазаланатын қылмыстық әрекет» [86], – делінген.

Заң шығарушының жоғарыда көрсетілген халықаралық-құқықтық құжаттар сияқты адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропа конвенциясындағы (1950 жылғы 4 қарашада қабылданып, 1953 жылғы 3 қыркүйекте күшіне енген) экстремизм мәселесіне деген көзқарасы осы бағытта. Конвенцияның адамның өмір сүру құқығының заңмен қорғалуы

туралы 2-бабында адамның өмірін қию күш көрсету нәтижесінде болғанмен де абсолютті қажетті деп мойындалатын төмендегі жағдайларда осы бапқа қарама-қайшы деп қарастырылмайды, мәселен: а) кез келген тұлғаны заңсыз зорлықтан қорғау кезінде; ә) заңды түрде тұтқынға алуды жүзеге асыру кезінде немесе заңды түрде тұтқынға алынған адамның қашуын болдырмау мақсатында; б) бүлікті басу мақсатында заңды қолданылған әрекеттерде делінген.

Экстремизмге қарсы тұруға қатысы бар халықаралық-құқықтық актілерге талдау жасау арқылы әлемдік қауымдастықтың адам құқығы мен бостандығын жоғары құндылық ретінде бірінші кезекке қойғандығын байқаймыз. Осы құжаттарда адам құқығы мен бостандығына қолсұғушылық жасау сынға алынып, осы құқықтардың барлық нысанда бұзылуына ықпал етуші экстремизмнің зор қауіптілігі атап көрсетілген. Сөйтіп, халықаралық-құқықтық актілерге сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі» [81],– делінсе, 5-баптың 3-тармағына сәйкес «Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады» [81],– деп көрсетілген.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасы Конституциясы ашық түрде мемлекеттіліктің және адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзушы барлық әрекеттерге тыйым салады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар екендігі туралы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленетіндігі айтылған. Осы баптың 3-тармағында: «Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді» [81],– деп белгіленген.

Конституция Қазақстан Республикасының жоғарғы заңы ретінде халықаралық құқықтың жалпы мойындалған қағидаттары мен нормаларына сәйкес адам құқықтары мен бостандығына кепілдік береді. Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесі болғандықтан, терроризммен, сепаратизммен және жалпы экстремизммен халықаралық заңдарға сәйкес, халықаралық ұйымдар шеңберінде күрес жүргізіп келеді.

Экстремизм мен терроризмге қарсы күрес жүргізу қағидаттары және терроризмге қарсы күрестегі мемлекеттерді өзара ықпалдастығының маңыздылығы төмендегідей халықаралық-құқықтық құжаттарда белгіленген: 1937 жылы алғаш рет терроризмнің алдын алу мен оны жазалау туралы бірінші Конвенция қабылданған болатын. Онан кейін 1977 жылы терроризмнің алдын

алу туралы Европалық Конвенция, 1987 жылы Оңтүстік Азия мемлекеттері аймағында терроризмнің алдын алу туралы Конвенция, 1994 жылы халықаралық терроризмді жою шаралары туралы халықаралық Конвенция, 1997 жылы жарылғыш терроризммен күрес туралы халықаралық Конвенция, 1999 жылы ТМД мемлекеттерінің терроризммен күресінің ынтымақтастығы туралы шарт пен басқа да құқықтық мәні бар көптеген құжаттар қабылданды.

Соңғы жылдары экстремизм және терроризммен күресте БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің де белсенділігінің арта түскендігін байқаймыз. 1999 жылы қабылданған 1269-резолюция террористік актілерге қарсы тұру бойынша шаралардың бастамасы [87]. Ал 2002 жылғы 1373-резолюция мен 2004 жылы қабылданған 1566-резолюциялардың да экстремизм мен терроризмге қарсы күресуде маңызы зор құжаттар. Қауіпсіздік Кеңесінің терроризммен күрес жүргізуге қосылуы БҰҰ осы бағыттағы рөлін күшейте түсті. 1996 жылы терроризмге қарсы халықаралық құқықтық күрес жүргізу мәселелерін әлемнің жетекші мемлекеттері мен үкімет басшылары кеңінен талқылаған еді. Сол кезден бастап, БҰҰ Бас Ассамблеясы халықаралық, аймақтық және ұлттық терроризм туралы оннан астам резолюциялар қабылдағанына қарамастан, осы құбылыстың қандай да бір ортақ және тиімді пайдалануға болатын анықтамасы қабылданбағандығын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, соңғы жылдары заң әдебиеттерінде «халықаралық экстремизм» терминінің жиі қолданылып жүргендігі бар [84; 88; 89, с.50]. Бұл терминнің осы күнге дейін халықаралық құқықтық дефиниция мәртебесіне ие болмауы экстремизмге қарсы күрестегі халықаралық ынтымақтастық тиімділігінің артуына кедергі жасайды деп пайымдаймыз. Біз Р.С. Тамаевтың ғылыми айналымға «халықаралық экстремизм» ұғымын енгізу туралы және халықаралық экстремизм белгілеріне: оның қоғамдық өмірдің барлық салаларына енуі, халықаралық және оның ішінде саяси қылмыстылық белсенділігінің артуын, интернет компьютерлік желісіне кеңінен енуін жатқызуы туралы пікірін қолдаймыз [89, с.152].

Халықаралық экстремизм ұғымын, оның нысандары мен көріністерін белгілеу атамаш терминді жеке әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [88, с.12].

Экстремизмнің барлық түрлері мен нысандары егер ол халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікке қауіп төндіретін немесе зиян келтіретін жағдайда құқыққа қайшы, мемлекет тарапынан сәйкес күш қолдануды қажет етеді. Осы орайда 1992 жылғы 15 мамырда ТМД мемлекеттері арасында қабылданған ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт – бұрынғы КСРО республикалары арасындағы құқықтық мәртебесі бар бірінші құжат. Бұл құжатта қатысушы мемлекеттердің мемлекетаралық қатынастарда күш қолдану немесе күш қолдану қаупін төндіруден өздерін ұстау, өзара және өзге мемлекеттермен болған келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу туралы міндеттемелер алғандықтарын белгілейді. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт пен оның негізінде қабылданған халықаралық келісімдер ұжымдық қауіпсіздікке байланысты барлық маңызды мәселелерді (қатысушы мемлекеттердің Қарулы күштер құруынан бастап, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесімен ынтымақтастығына дейін) [90] реттейді.

Қазіргі таңда әскери-саяси ақиқаттың өзгеруі мен әлемдік қауіпсіздікке қауіп төндіруші факторлардың көбеюіне байланысты Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымы (бұдан әрі – ҰҚШҰ) көп салалы, көп қызметті құрылым ретінде дамуда. Ұйым жұмысының басты бағыттарының бірі: саяси, діни экстремизм, терроризм мен ҰҚШҰ аймағында заңсыз көші-қонға қарсы тұрудың тиімді жүйелерін қалыптастыру. ҰҚШҰ тарапынан өткізіліп жатқан соңғы саммиттердің міндеті біреу ғана, ол – осы әскери блоктың мүше мемлекеттерінің өзінен алыс емес жерлерде болып жатқан соғысқа дайындығын түсінулері. Осы орайда ағымдағы жылдың 21 желтоқсанында Мәскеу қаласында ҰҚШҰ саммиті өтіп, онда қатысушы мемлекеттер арасындағы мәселе әлемдік экстремизм және терроризмге, саммит соңында терроризммен күресу туралы өтініш қабылданды.

Қазақстан Республикасы үшін халықаралық экстремизм мен терроризмнің өршіп тұрған кезінде таяудағы көршілес мемлекеттермен жасалған ұжымдық қауіпсіздік мәселесі өте өзекті. Осы мақсатта 2000 жылы Астана қаласында Кедендік Одақ мүшелері: Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусь, Ресей арасында өткен кездесу кезінде Кедендік одақ жұмысын қорытындылай отырып, толық масштабты интеграцияның жаңа 3-кезеңіне өтіп, Еуразиялық экономикалық қауымдастық құратындықтары туралы жариялады. Осы қауымдастыққа мүше мемлекеттер арасында қауіпсіздік саласына, экстремизмге қарсы тұру бойынша жеке келісім жасалды. Ең маңыздысы Мәскеуде 2003 жылғы 21 ақпанда жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарт [91]. Осы Келісімнің 2-бабына сәйкес тараптар сыртқы шекараларда терроризм актілерін, қару-жарақтың және оқ-дәрінің, жарылғыш, улы, есірткі және психотропты заттардың, радиоактивті материалдардың және контрабанданың өзге де заттарының заңсыз тасымалдануының жолын кесу бойынша, сондай-ақ заңсыз көші-қонмен және діни экстремизмнің пайда болуымен күресте ынтымақтастықты жүзеге асырады [91]. Сөйтіп, Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шарт оның хаттамаларымен бірге қауымдастыққа мүше мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздігі туралы негізгі құжаттардың бірі.

Біздің мемлекетіміз үшін 2000 жылғы 21 сәуірде Ташкентте Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан республикалары арасында терроризм, саяси және діни экстремизмге қарсы күрес жүргізуде бірлесіп әрекет ету туралы келісім-шартқа қол қойылуының саяси-құқықтық мәні зор [92].

Заңның жалпы ережесінде тараптардың саяси, идеологиялық, нәсілдік, этникалық, діни немесе кез келген басқа да сипаттағы пайымдаулар бойынша ақталуы ешқандай мүмкін емес терроризмді, саяси және діни экстремизмді сөзсіз айыптайтындықтары айтылып, террористерге, экстремистерге баспана немесе жеңілдіктер беруден бас тартатындықтарын қуаттайды. Заңда тараптардың өзара ынтымақтастығының тиімділігін арттыруға бағытталған барлық өзекті мәселелер реттелді.

Экстремизмге қарсы тұруға бағытталған келесі халықаралық-құқықтық акт – Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құру туралы Декларация. ШЫҰ мақсаты – қатысушы мемлекеттер арасындағы достықты, көршілестікті, өзара сенімді нығайту, оларды өзара саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және басқа да салалардағы тиімді ынтымақтастыққа ынталандыру және аймақта бейбітшілік пен қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, жаңа демократиялық, әділ, рационалды саяси және экономикалық тәртіп құру. 2002 жылғы 23 мамырда Астана қаласында ШЫҰ қатысушы мемлекеттердің құқық қорғау органдары мен мемлекеттің қызметтерінің басшылары аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы Келісім жобасын талқылап мақұлдады. Себебі терроризмнің дамуына Орта Азияның, Таяу және Орта Шығыстың кейбір аймақтарынан Конвенцияның қатысушы мемлекеттері аумағына өтетін заңсыз көші-қон ықпал етіп, нәтижесінде ШЫҰ қатысушы мемлекеттер аумағына халықаралық террористік және экстремистік ұйымдардың енуіне мүмкіндік туындайды. Орта Азия аумағындағы жағдай ШЫҰ қатысушы мемлекеттер тарапынан келісе отырып белсенді түрде әрекет етуді талап етеді. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының 2002 жылғы 7 маусымда қол қойылған Хартиясы ШЫҰ Халықаралық дәрежедегі құқық субъектісі екендігін белгілеп, негізгі мақсаты мен міндеттері – терроризм, сепаратизм және экстремизм көріністеріне қарсы тұрып, есірткі мен қару-жарактың заңсыз айналымына және басқа да трансұлттық қылмыстық әрекеттер көрінісіне қарсы күресу екені айқындалды. ШЫҰ мүше мемлекеттердің экстремизм көріністеріне қарсы күрес жүргізудегі маңызды қадамы: терроризмге, сепаратизмге, экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясын қабылдауы. 2001 жылғы 15 маусымда терроризмге, сепаратизмге, экстремизмге қарсы күрес туралы қабылданған Шанхай [93] ратификацияланды.

Ташкентте ШЫҰ мүшелерінің аймақтық терроризмге қарсы орталықтары жұмыс істеп, жыл сайын ШЫҰ қатысушы-мемлекеттердің террористік топтарды залалсыздандыру, жою бағытындағы бірлескен әскери жаттығулары өткізіледі. Мұндай жаттығулар ҚХР, РФ, Қырғыстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Қазақстан Республикасы аумақтарында өткізілді.

Осы Конвенция мен басқа да Халықаралық міндеттемелерге сәйкес, сонымен қатар ұлттық заңнаманы есепке ала отырып, тараптар экстремизмді ескерту, анықтау, жолын кесу саласында ынтымақтастықты жүзеге асырады. Конвенциядағы ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі – құқыққа қайшы әрекеттерге қарсы тұру бағытындағы мемлекеттердің өзара әрекеттестігінің негізі мемлекеттер аралық ақпарат алмасуы. Конвенцияда ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі ретінде жедел-ізвестіру шараларын жүргізуге сұрау салуды орындау белгіленіп, оны жіберу процедурасы Конвенцияда егжей-тегжейлі қарастырылған. Конвенцияда тәжірибе алмасу, нормативтік-құқық актілері, оларды қолдану тәжірибесі туралы ақпараттармен алмасуды қарастырады. Дегенмен, Конвенцияда терроризм, сепаратизм, экстремизмге қарсы күресу алдымен оларды туындатушы факторларды жоюға негізделуі керектігі назарға алынбаған. Қауіпсіздік принциптері, бағдарламалары қорғанушылық сипатта, сондықтан оларда террористік, басқа қауіптердің

туындауын болдырмауға бағытталған ережелері қарастырылмаған. Конвенцияға қатысушы мемлекеттер арасында этникалық, конфессионалдық, әлеуметтік, саяси өзгерістер, ағымдарға мониторинг жүргізуді жүзеге асыру, қоғамдық құрылымдағы әділетсіздікке байланысты мәселелерді шешу, жұмыссыздық пен кедейлік, қиын жағдайда мәмілеге келтіре білуге көмектесу аймақтағы экстремизм көріністерінің пайда болуының негізгі себептерін жоюға көмектесер еді.

Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің ТМД шеңберінде әскери ынтымақтастыққа қатысты біраз тәжірибелері бар. Осы ұжымдық қауіпсіздік туралы Келісім шеңберінде тәжік-ауған шекараларын халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұру мақсатында күзету және т.б. шаралар жүргізеді. Терроризмге қарсы тұрудағы ынтымақтастық мәселесі бойынша 2005 жылғы 26 тамызда «ТМД мемлекеттері басшыларының Кеңесі ТМД қатысушы мемлекеттердің терроризм, экстремизмнің басқа да зорлықшыл көріністерімен күресудегі ынтымақтастық концепциясы туралы шешім» [94] қабылдады. Құжатта ТМД қатысушы мемлекеттер өздері қабылдаған халықаралық міндеттемелер мен осы саладағы ұлттық заңнамаға сәйкес терроризм, экстремизмнің басқа да зорлықшыл көріністерімен күресудегі ынтымақтастық концепциясын қабылдайтындықтары туралы айтылған. Концепцияда терроризм және экстремизммен ТМД шеңберінде күресудегі ынтымақтастықтың негізгі бағыттары, нысандары туралы айтылып, мұндай ынтымақтастық мақсаты мен міндеттері, принциптері белгіленді. Конвенция мазмұнын қарастырып, оның БҰҰ Жарғысына сәйкестендіріліп жасалғандығын көреміз. Концепция шеңберінде ШЫҰ қатысушы мемлекеттердің халықаралық экстремизмге қарсы тұру мәселесі бойынша келісілген алдын алу шараларын, жедел-іздістіру шаралары мен тергеу амалдарын, бірлескен антитеррористік шаралар өткізу, жедел-іздістіру, анықтамалық, криминалистік ақпарат алмасу, мәліметтер банкі, байланыс жүйесін құру, құқықтық көмек көрсету т.б. амалдардан тұратын ынтымақтастықтарының басты нысандары қарастырылған.

ТМД шеңберінде: «ТМД қатысушы-мемлекеттердің терроризм, экстремизм басқа да зорлықшыл көріністерімен күресудегі ынтымақтастық Бағдарламасы» жүзеге асырылуда. Бағдарлама шеңберінде ТМД қатысушы-мемлекеттерінде терроризм актілерінің жолын кесу мақсатында бірлескен оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілуде [95].

Қазір халықаралық деңгейде экстремизм көріністеріне қарсы тұру саласындағы басты мәселелердің бірі – инфотелекоммуникациялық жүйелердің дамуы. Телекоммуникациялық құралдарды аутентификациялау, оның пайдаланушыларын персонификациялау мәселесі мемлекеттің құқық қорғау органдары мен халықаралық өкілетті органдардың экстремизмге халықаралық деңгейде қарсы тұрудағы шешімін таппай отырған сұрақ [96].

Тәжірибе көрсеткендей, қарастырылып отырған мәселемен бір мемлекет шеңберінде күрес жүргізу мүмкін емес. Интернет желісінің кең мүмкіндіктерін пайдалануда біздің мемлекетіміз де қалыс қалған жоқ. Жастар арасында жүргізілген сауалнамада «Түрлі діни ағымдардың қоғам өміріне тигізер жаман әсері туралы ақпаратты қайдан естідіңіз?» деген сұраққа олардың 13,2%

университет қабырғасында өткен түрлі шаралар арқылы білдім десе, 19,6% дәріс сабақтарында естідім, ал 11,2% мешіттен білгенін айтса, 48,6% БАҚ (оның 40% интернет желісінен) білгенін және 7,4% ата-анасы мен туыстарынан естігендіктерін айтуы сөзімізге дәлел (қосымша Г-ны қараңыз).

Интернет желісі арқылы адамзат тарихындағы теңдессіз мүмкіндіктерге ие болғанымыз рас. Интернет желісі қоғамымыздың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларына кеңінен еніп, өркениетті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Алайда, ғылыми-техникалық өрлеудің басқа көріністері сияқты интернет желісі жанға жайлылық беретін қолайлылығымен қатар, оның мүмкіндігінің «басқа қырларын» байқау жағдайлары көптеп кездесуде. Ақпараттық сипаттағы осы қауіп көріністерінің алуан түрлілігі батыс сарапшыларының айтуы бойынша ақпараттық соғыс, ақпараттық терроризм, ақпараттық қылмыстарға апаратын жол.

Алынған соңғы мәліметтер бойынша 2020 жылғы қаңтар айында ғана «Одноклассники» әлеуметтік желісінде: 1 610086, «Ютуб-та»: 1 471227, «Вконтакт-де»: 770565 Қазақстандық пайдаланушылар тіркелген [97] Миллиондаған пайдаланушылардың ішінде рухани танымы қалыптаспаған, дін саласына қатысты білімі, тұрақты көзқарасы жоқ адамдардың деструктивті бағытты насихаттаушылардың ықпалына түсіп кету жағдайлары жиі кездеседі. Соңғы жылдары Таяу Шығыста үлкен қуатты күшке айналып бара жатқан, агрессивті жиһад идеологиясын ұстанып, жаулап алған аумақтарында халифат құруға тырысатын «Ирак және Левант ислам мемлекеттерінің» интернет желілерінде белсенді насихат жүргізу тәжірибесі кеңінен таралған. 2006 жылғы құрылған ұйымның CD, DVD дискілер, брошюралар, постерлер және интернет желілері арқылы таратуға ақпараттық материалдар әзірлейтін «Аль-Фуркан» медиа-агенттігі бар. Бұл ұйым аз уақыт ішінде интернет желісіне жоғары сапаға ие, экстремистік мазмұндағы түрлі бейне роликтер, деректі фильмдер шығарды. Солардың қатарында 2014 жылғы 19 тамызда интернет желісіне берілген американдық журналист [98] Джеймс Фоулидің 2014 жылғы 2 қыркүйекте түсірілген американдық журналист Стивен Сотлоффың өлімі [99] түсірілген бейнеролик болып табылады. Осы терроризм актісін көрсететін бейнероликтер интернет желілерінен осы күнге дейін алынып тасталмаған. Мұны ҰҚК қызметкері: «Қолданылған құқықтық шараларға қарамастан интернет желісін террористік, діни экстремистік ұйымдардың құқыққа қайшы мақсаттарда пайдаланулары өзекті. Әдетте, мұндай сайттар шет мемлекеттердің серверлерінде орналастырылып, желілік технологиялардың кең қолжетімділігі осы экстремистік сайттарға кіру мүмкіндігін береді. Осыған байланысты қазір мемлекетаралық, парламентаралық деңгейде сәйкес құқықтық механизмдерді жасау мәселесі өткір тұр» [100, с.14],– деп түсіндірген. Шынымен, Қазақстандық құқық қорғау органдарының шетелдік серверлерде тіркелген сайттарға қатысты жедел шешім шығару мүмкіндіктері жоқ. Бұл жағдайды экстремистік және террористік қауымдастық өкілдері кеңінен пайдалануда. Мәселен, Египеттің «Аш-Шарк аль-Аусат» газетінің мәліметтері бойынша «Аль-Кайда» бүкіл әлемдік желіде «джихад ғылымы мен оның негіздері және түрлеріне» үйретуші виртуалды терроризм университетін құрған. Бұл ақпарат

«Бүкіләлемдік исламдық ақпараттық орталық» деп аталатын сайтта орналастырылған. «Университетте» үш факультет бар «психологиялық джихад», «Жарылғыш құралдар дайындау және автомобиль мен көлік құралдарын миналау», «электронды джихад». «Аш-Шарк аль-Аусат» мәліметтеріне сәйкес, исламистік экстремистік топтар интернет кеңістігіндегі ақпараттық–психологиялық соғысты белсенді түрде кеңінен таратуда. Осы талпыныс шеңберінде түрлі елдердегі ұсақ топтарды біріктіруші «Исламдық ақпарат майданы» құрылған. «Майдан» сәйкес материалдарды дайындап, интернет–сайттарға орналастырушы «Нұр әл-Хакк» («Шындық шырағы») деп аталатын трансұлттық корпорация құруды жоспарлауда [101]. Интернет желілерін белсенді пайдаланатын ең маңызды террористік ұйымдарға төмендегі ұйымдарды жатқызуға болады: ХАМАС (исламдық қарсылық көрсетуші қозғалыс), «Хезболла» (Алла партиясы), «Әл-Джихад» (Египеттік исламдық джихад), «Мұсылман–ағайындар», «Палестинаны азат етуші халықтық фронт», «Конграгел» (бұрынғы Курдистан жұмыс партиясы), «Шынайы ИРА» (Ирландия), «Ирак және Левант ислам мемлекеттері» (ИЛИМ) т.б. Жаһандық желі көмегімен ұйымдар өздерінің басты міндеттерін потенциалды неофиттер (пассионарлық қабілеттері бар жастар) аудиториясын неғұрлым кеңінен қамтып, мәлімдемелерін соңғы тұтынушыға дейін тез, әрі цензурасыз жеткізуді шешеді [102].

Қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы «Байланыс туралы» заңының 41-1-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, интернет-ресурс болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдарын сот үкімінсіз тоқтата тұру процедурасы осы мәселеге қатысты біраз жеңілдіктер әкелгені анық. Бұл шараның құқықтық артықшылығы - жеделділігі, уақыт ұтатындығы [168]. Қазір экстремизм мен терроризмге қатысты отандық заңнамаларымызды күшейту мақсатындағы заң жобасында Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі қарастырылуда. Осы заң жобасында еліміздегі байланыс саласына бақылау және қадағалау жасаушы күзіретті органға жедел, ауыр немесе аса ауыр қылмыстарға соқтыруы мүмкін төтенше жағдайларда байланыс жүйелері мен тораптарының жұмысын тоқтату күзіреті берілмек. Сондай-ақ, Қазақстанның байланыс жүйесінде IMEI-кодтары бірдей абоненттік құрылғыларды пайдалануға тыйым салу шаралары қарастырылмақ. Осы мақсатта Қазақстанда қолданылатын және кіргізілетін бүкіл құрылғылардың бірыңғай IMEI-код базасын жасау көзделген.

Құрылғыларды пайдаланушылардың абоненттік нөмірімен сәйкестендіру мақсатында тіркеуден өту міндетті болып табылады. Бұл құқық қорғау және арнайы органдардың тексеруін қажет ететін нысандарды жедел анықтауға жағдай жасайды деп күтілуде. Өкілеттілігі бар органдарға тіркелмеген абоненттік нөмірлерді анықтау үшін абоненттердің қызметтік ақпаратын қарау күзіреті берілмек [103].

Алайда, бұл бағытта жасалған бірқатар жұмыстарға қарамастан, инфотелекоммуникациялық желілердегі экстремизм көріністеріне қарсы тұру мәселесі осы күнде толық шешімін тапты деп айта алмаймыз. Өкінішке қарай, әлем бойынша мемлекеттер арасында экстремизм, терроризмге қарсы тұру

механизмінің бір жүйеге келтірілмеуі (унификация) халықаралық қарым-қатынас жасау және қабылданған шешімдер мен құжаттарға талдау жасау кезінде бірден байқалады. 2008 жылы ҰҚШҰ әскери-саяси одағы шеңберінде ақпараттық технология саласы мамандарының мәжілісі өтіп, онда осы саладағы ынтымақтастықтың маңызды бағыттары талқыланған болатын. «Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыс айрықша сала. Басты ерекшелігі телекоммуникациялар жүйесі шекарасының жоқтығы. Қылмыс бір елде ойластырылып, коммуникация бойынша үш-төрт басқа елден өтіп, бесіншісінде жасалуы мүмкін. Бұл жағдай бізді өзара әрекеттестікке баруға итермелейді» [104, с. 15]. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі: «...ақпараттық технология саласындағы қылмыстарды ескерту мен ашуға маманданған құқық қорғау органдары мамандарын ұйым шеңберінде даярлау және қайта дайындықтан өткізу» [104, с.16].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ҰҚШҰ мүше мемлекеттердің саяси, экономикалық, қорғаныс қауіпсіздігіне тигізер әсерінің өсуіне байланысты 2008 жылғы 5 қарашада: «Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарт Ұйымына қатысушы мемлекеттер ақпараттық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру бойынша бірлескен іс-қимыл Бағдарламасын» қабылдады. Осы орайда, «Қазақстан Республикасы ҰҚК Антитеррористік орталығы ШЫҰ Аймақтық Антитеррорлық Құрылымын мен ТМД Антитеррорлық Орталығы кеңістігін пайдалана отырып, өз бастамаларын ұсынуда. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасын жүзеге асыру мақсатында ҰҚК ұсынысымен ШЫҰ мүше мемлекеттердің өкілетті органдарының сарапшыларынан және ШЫҰ ААТҚ Атқарушы комитетінің өкілдерінен тұратын бірлескен жұмыс тобы құрылып, террористік, сепаратистік, экстремистік мақсаттарда интернет желісін пайдалану сияқты қылмыстарды анықтау, ескерту және жолын кесу үшін 2013-2014 жж. жұмыс жоспары қабылданды. Мұнан басқа, ШЫҰ мүше мемлекеттер аумағында қызметтеріне тыйым салынған терроризм идеологиясын насихаттаушы интернет-сайттардың тізімі бекітілді. ТМД АТО ынтымақтастығы желісінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, «ТМД қатысушы-мемлекеттерінің терроризм, экстремизмнің басқа да зорлықшыл көріністерімен күресудегі ынтымақтастықтың 2014-2016 жж. Бағдарламасын» қарастыру және келістіру бойынша сәйкес жұмыстар жүргізілді. Бағдарламада ҰҚК ұсыныстары көрініс тауып, Қазақстан Республикасы Антитеррористік орталығының алдында тұрған мақсаты, міндеттері есепке алынды. Көрсетілген аймақтық антитеррористік құрылымдармен ынтымақтастықтың позитивті үлгісі ұйымға мүше мемлекеттерде тыйым салынған террористік, экстремистік, сепаратистік ұйымдардың тізімін қабылдау, террористік, экстремистік әрекеттері үшін іздестіру жарияланған тұлғаларды іздестірудің бірыңғай реестрінің болуы, жыл сайын ШЫҰ, ТМД мүше мемлекеттері аумағында бірлескен антитеррористік оқу-жаттығулар өткізу болып табылады. ШЫҰ ААТҚ, ТМД, АТО базасында мамандандырылған қорғалатын мәліметтер банкі жұмыс істейді» [100, с.17]. Қазақстан Республикасы Президенті 2014 жылғы 19 желтоқсанда «Ақпарат саласындағы қылмыстық іс-әрекеттерге қарсы іс-қимыл бойынша Ұжымдық

қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылы туралы хаттамаға қол қою туралы» №982 Жарлыққа қол қойды.

Бұл бағытта Ұлыбритания киберқауіпсіздік туралы ұлттық Концепцияны 2011 жылы Нидерланды, Индия, Испания, Турция, Венгрия, Польша 2013 жылы қабылдаса, РФ 2016 жылдан бастап ақпараттық қауіпсіздік туралы жаңа Доктринамен жұмыс істейді деп күтілуде. Қазақстанда мұндай Концепция әзірге жоқ. Жоғарыда аталып өткендей, бір мемлекеттің бұл бағытта қабылдаған ұйымдастырушылық және тәжірибелік шаралары тек қана интернет желісін террористік, экстремистік мақсаттарда пайдалануға қарсы тұрудың бірдей халықаралық-құқықтық механизмі болған кезде ғана нәтижелі болмақ.

Ақпараттық кеңістіктегі экстремизмге қарсы тұрудың ұйымдастырушылық шараларын жетілдіруге байланысты кейбір практик-қызметкерлер [101] қазіргі таңда Қазақстан Республикасы өзге мемлекеттерімен төмендегідей мәселелерді реттеуші нормативтік келісім жасау қажеттігін ұсынады:

- интернет желісінде пайда болған материалдарды экстремистік деп танудың бірдей өлшемдерінің болуы;
- байланыс операторларының экстремистік сайттарға ену мүмкіндігін жабу және құқық қорғау органдарына экстремистік сипаттағы материалдарды ұсынған автор туралы мәліметтерді беру міндеттерінің болуы;
- провайдерлерге сайт мазмұны мен абоненттерге тыйым салынған интернет-ресурстарға қолжетімділік жасағаны үшін жауапкершілік тағайындау;
- өкілетті органдардың жаһандық желіге мониторинг жасау мүмкіндігін беру.

Сонымен, Халықаралық ынтымақтастық мәселесіне мүмкіндігінше талдау жасап, енді шет мемлекеттердің заңнамалық базасына назар аударып, олардың экстремизммен күресуге байланысты заңнамаларының құқықтық және ұйымдастырушылық негіздеріне көңіл аударуды жөн санаймыз.

Кейбір шет мемлекеттерде нәсілдік сөздер сөйлеуге, нәсілдік насихат, адамның діни наным-сенімі ұлты негізінде жеккөрушілік немесе менсінбеушілік білдіретін алауыздық немесе арандатушылық туғызатын сөздер сөйлеп, өтініштер жасауға тыйым салатын заңдар бар.

Зерттеушілердің пікірінше, Канада, Дания, Франция, Германия, Нидерландыда діни алауыздық, дінге сенушілердің діни сезімдерін кемсітуді қоздыруға (бірқатар елдерде: hate speech – «жауыздық сөзі» деп аталады) тыйым салатын заңдарды қолдану тәжірибесі ұқсас. Барлық жерлерде бұл заңнамалар қылмыстықпен қатар азаматтық жауапкершілікті де қарастырып, жеке тұлғалардың намысын қорғауға бағыттталып, белсенді қолданылады [102].

Канада, Дания, Франция, Нидерландыда қабылданған заңдар діни топтармен қатар нәсілі, ұлттық, этникалық шығу тегі бірдей топ мүшелерін қорғауды қамтамасыз етеді. Адамның діни сезімдеріне кемсіту жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы заң Нидерланды [103, с. 58] және Канада [104, с.287] мемлекеттерінде бар. Қазіргі таңда нәсілшілдікке қарсы күрес жүргізуші ұйымдарға Орталық және Шығыс Еуропа, Батыс Еуропа, Солтүстік Американың 60 үкіметтік емес ұйымдары жатады. Олардың ең ірісі – Еуропа кеңесінің нәсілшілдікке қарсы комитеті.

Францияда нәсілдікпен күрес жүргізуші үкіметтік емес ұйымдардың нәсілдік әрекеттері үшін адамдарды азаматтықпен қатар қылмыстық жауапқа тартып, іс қозғау құқықтары бар. Мұндай істердің басым бөлігін нәсілшілдікке қарсы күрес жүргізуші ұйымдар қозғайды. Францияда азаматтарды экстремистік бірлестіктер, діни секталар тарапынан болатын түрлі қылмыстық қол сұғушылықтардан құқықтық қорғау мәселесі көптеген заңдармен, заңға тәуелді актілермен реттелген [105-107]. Мұндай шаралар Францияда экстремистік ұйымдардың өз белсенділіктерін арттырып, террористік актілер санының өсуімен түсіндіріледі. Олардың Қылмыстық кодексінде алдын алу әдістері қолданылатын тұлғалар саны айтарлықтай кеңейтілген. Қылмыстық жауапкершілік субъектілеріне жеке тұлғалармен қатар заңды тұлғалар да жатады.

Францияда қоғамдық тәртіпке немесе елдің қоғамдық қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін шет елдіктерді, сондай-ақ, француз билігіне күмән туғызған тұлғаларды тексеруден өткізу тәртібі қарастырылған. Заңда артық формальдылық алынып тасталып, тексеру процедуралары жеңілдетілген, саусак іздерін фотоға түсіруге және алуға мүмкіндік беріліп, жарылғыш, уландырғыш немесе басқа да адам өміріне тікелей қауіп туғызушы заттары бар деп болжамдалған тұлғаларды ұстау шаралары белгіленген [107].

Террористік актілерді көп жағдайда шет елдік азаматтар жасайтын болғандықтан адамдар арасында қобалжу тудырушы тұлғалар, егер де билік олардың мемлекетте болуы ел азаматтары үшін қауіпсіз емес деген жағдайда шетел азаматтарын елден шығару қылмыстылықтың алдын алу шарасы ретінде түсіндіріледі. Мемлекет үшін тиімді емес деген шет ел азаматтарын Франция аумағынан қудалау Францияның №86-1019 «Шетелдіктердің Францияға кіру және болу шарттары туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Франция заңнамасында құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды құқық қорғау органдарымен ынтымақтастықта жұмыс істеуге тарту шаралары да бекітілген. Қылмыстық топты әшкерелеуге немесе сыбайластарын ұстап беруге көмектескен тұлға жауапкершіліктен босатылады. Францияның №86-1026 «Терроризммен және мемлекеттік қауіпсіздікке қол сұғушылықпен күрес туралы» Заңында террористік қылмыс жасағаны үшін толығымен немесе жартылай жазасынан босату жағдайлары қарастырылған (6-бап) [108].

Францияда террористік қылмыстар жасағаны үшін өмір бойы абақтыға жабу жазасы қолданылады, бірақ құқық қорғау органдарының жұмысына көмектескен тұлғаларға қатысты 20 жылға бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылатын ерекше ереже бар. Осындай нормаларды заңнамаға кіргізу қажеттілігінің дәлелі бұл ережелердің Францияның Қылмыстық Кодексінің 4-кітабының II бөлімінің 2-тармағына («Ерекше ережелер») ешбір өзгеріссіз енгізілу фактісі бола алады [108].

Соңғы уақытта Франция қылмыстық заңнамасы экстремизм белгілері бар әрекеттерді криминалдандырумен ғана шектелмей, жауапкершілігін де арттыра түсті. Франция біз қарастырып отырған қылмыс түрі үшін бас бостандығынан айыру түріндегі классикалық жаза түрімен қатар айыппұл тағайындау, саяси,

азаматтық және отбасы құқығынан уақытша айыру сияқты жаза түрлерін де белгілейді [109, с.68].

ГФР Конституциясына 80 жылдардың ортасынан бастап экстремистік ұйымдардың кез келген әрекеттеріне тыйым салу туралы түзетулер енгізілген. ГФР Негізгі заңында: діни наным-сенімі немесе саяси көзқарастарына байланысты ешкімге қиянат жасауға немесе басымдылық танытуға болмайды; адамдардың діни наным-сеніміне, намыс бостандығы, дүниетанымдарына қол сұғуға тыйым салынады; мемлекет діни дәстүрлердің кедергісіз қолданылуына кепілдік береді; мақсаты мен әрекеттері қылмыстық заңдарға қарсы келетін немесе конституциялық құрылымына немесе халықтар арасындағы өзара түсіністік идеясына қарсы бағыттағы бірлестіктер қызметіне тиым салынады; мемлекеттік қызмет атқару, мемлекеттік қызмет ету барысында берілген құқықтар, азаматтық, саяси құқықтарды пайдалану діни наным-сеніміне байланысты тәуелді емес [110] деп көрсетілген.

Германия қылмыстық кодексінің ерекше бөлімінде экстремистік бағыттағы қылмыспен күресуге бір қатар нормалар бар. ГФР 86-параграфы Конституцияға қарсы ұйымдардың насихаттау материалын таратқаны үшін жауапкершілік белгілейді. Бұл норма мұндай материалды дайындау, таратқаны үшін емес, сонымен қатар Германия аумағына әкелгені үшін де жауаптылық белгілейді. Ал 86а-параграфында «Конституциялық емес ұйымдардың айыру белгілерін пайдаланғандық үшін» жауаптылық қарастырылған. 86-параграфтың 3-тармағы мен 86а-параграфының 3-тармағында егер де бұл материалдар, белгілер азаматтық үгіттеу құралы ретінде конституцияға, өнер мен ғылымға, тарихқа қайшы келмесе, кінәлілердің әрекеттерінде қылмыс құрамы жоқ болып есептеледі [111]. Яғни нормалар германдық қоғамның көп конфессионалдығы мен көп дінділігін көрсетіп, қоғамның заң шеңберінде діни сенім бостандығының бар екендігін белгілейді.

Экстремизм белгілері бар қылмыстардың екінші тобы «Мемлекет билігіне қарсы тұру деп аталатын» ГФР қылмыстық кодексінің ерекше бөлімінде орналасқан [112]. Оның 111-параграфы «Жазаланатын әрекеттерді жасауға шақырғаны үшін» жаза тағайындайды. Осы параграфтың 1-тармағына сәйкес құқыққа қайшы әрекетке шақыратын кез келген жария түрдегі, жазбаша материалдар қылмыс болып табылады. Әрекеттің мұндай түрі айдап салушылық деп аталады.

Экстремизм белгілері бар қылмыстардың үшінші тобы «Қоғамдық тәртіпке қарсы жазаланатын әрекеттер» [112, с.275] деп аталып, ол ГФР қылмыстық кодексінің ерекше бөлімінде қаралған. Осы бөлімдегі 129-параграф «Террористік бірлестіктер құрғаны» үшін жауапкершілікті белгілейді. Қылмыстық бұл түріне: мақсаттары кісі өлтіру, геноцид, адамзатқа қарсы қылмыстар, әскери қылмыстар және басқа да қоғамдық қауіп бар қылмыстар жасауға бағытталып, соған қатысқаны, қолдау көрсеткені жатады. Заңда терроризм дифинициясының анықтамасы жоқ, заңшығарушы террористік әрекеттерді санамалаумен шектелген. ГФР қылмыстық кодексінің экстремистік қылмыстарға қатысты Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінен басты айырмашылығы олардың санкцияларында көтермелеу шараларының болуы,

яғни қылмыскер қылмыс жасаудың кез келген кезеңінде өз райынан қайтқан жағдайда жазаға тартылмайтындығы болып табылады.

АҚШ экстремизмнің кез келген көріністеріне қарсы күрес жүргізу – мемлекет ішкі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең маңызды міндеті. Қарулы экстремизм заңсыз қолданылған немесе күшпен қауіп төндіру, адамдарды немесе жеке меншікті мәжбүрлеу немесе үкімет пен қоғамды қорқыту үшін саяси, діни немесе идеологиялық мақсаттар үшін қарулы күш көрсету деп белгіленеді [113]. Дегенмен қазіргі АҚШ заңнамасында жалпыға түсінікті экстремизм ұғымы жоқ. Доктринада экстремистерге террористер мен саяси, нәсілдік, ұлттық, діни, сонымен қатар дәстүрлі емес сексуалды бағыттағы топтарға қатысты жеккөрушілікке негізделген қылмыс жасаушыларды жатқызады [114, с.101]. АҚШ құқық жүйесінің ерекшелігі айтылған идеялар, ойлар, пікірлердің құқықбұзушылықтар жасауға үндемеген жағдайда мемлекет тарапынан шектеулердің азайтылуы [113, с.77]. Пікірімізді жинақатасақ, АҚШ аумағында тұратын халықтың билікке деген құқықтарын жүзеге асырудың бір тәсілі демократия белгісі деп есептейді.

Қазіргі уақытта АҚШ экстремизм негізіндегі заңнамасының федералдық деңгейі 3 актіден тұрады: (ағылшынша «hate crimes», кейде «bias motivated crimes» термині қолданылады) [115, с.40]. Олардың біреуі ғана: «Hate Crimes Sentencing Enhancement Act» қылмыстық-құқықтық заң болып табылып, өзге екеуі жеккөрушілік уәжімен болған қылмыстарға құқықтық анықтама беріп, олар үшін жазаны қаталдандырады.

Қазір терроризммен күреске үлкен мән беретін АҚШ осы мақсатта өз заңнамаларын қаталдандыра түсуде: 1958-1999 жж. аралығында діни экстремизм, терроризмге қандай да бір қатысы бар 40 құқықтық актілер қабылданса, оның ең маңыздысы 1995 жылғы маусым айында қабылданған Президенттің №39 құпия атқару директивасы, 1996 жылғы сәуір айында қабылданған терроризммен күресуді күшейту туралы заңы және 1998 жылғы мамыр айында қабылданған №62 атқару директивасы [116].

Терроризмге қарсы қызметке АҚШ қарулы күштері тартылып, ол үшін сәйкесінше құқықтық және ұйымдастырушылық қызметтік негіздер әзірленген. Терроризмге қарсы қарулы күштер қызметіне қатысты негізгі құқықтық ережелерге американдық мамандар төмендегілерді жатқызады:

- террористік актілер жасалған жағдайда әскери құрылымдардың қатысуымен антитеррористік операциялар өткізу жағдайларын нақты белгілеу;
- әскери органдардың, құрылымдар мен лауазымды тұлғалардың әрекеттерін ТФБ-ның (тергеу федералды бюросы) міндетті түрде үйлестіруі;
- барлық дәрежедегі командирлер АҚШ континенталды бөлігінде, басқа жерлерде орналасқан әскери бөлім немесе әскери объектілерде заңдылық пен тәртіптің сақталуына жауапты. Олардың кез келген террористік актілерге жауап ретінде барлық шараларды қолдану құқылары бар. Шет мемлекетте шоғырланған әскери объектіге қарсы террористік актілер жасалған жағдайда командирдің жоғарыда айтылғанға ұқсас құқықтары бар, дегенмен ол өз әрекеттерін сол мемлекет өкілімен және АҚШ мемлекеттік департаментімен келісуі қажет;

– өздері орналасқан аумақтан тыс жерлерде терроризммен күресу шараларына қарулы күштерді пайдалану президенттің директивті нұсқауы бойынша ғана жүзеге асырылады [117].

АҚШ қарулы күштерінің терроризмге қарсы қызметінің осы құқықтық негіздері әскери құрылымдарды ұйымдастыру мен олардың қызметтерінің базасы болып табылады. Олардың мақсаты – терроризмге қарсы шараларды уақытылы және мұқият жоспарлау, даярлану, жүзеге асыру[118].

Қазіргі таңда АҚШ жасаған терроризмге қарсы күрес жүргізу жүйесі қалаулы нәтижелерге қол жеткізіп келеді десе болады.

Италияда 1988 жылы жаңа қылмыстық процессуалдық кодексі шығып, онда соттың конституциялық принциптерін сақтау және жеке тұлға құқықтарын қорғау қажеттілігі аталды. Италияның жаңа ҚПК ұлттық, діни алауыздықты, кемсітушілік идеяларын дәріптейтін ұйымдар құруға, олардың әрекет етуіне тиым салынған, оларды ұйымдастырушылар, қатысушыларды және оларға ықпал етуші тұлғаларды жазалау шаралары, тыйым салынған эмблемалар мен символдарды қоғамдық орындар мен ереуілдерде көрсеткені үшін қылмыстық жауапкершілік бекітілген [119].

Терроризммен тиімді күрес жүргізу мақсатында итальяндық заңнама реттелген қылмыстық іс жүргізушілік және әкімшілік құқықтар қарастыратын ерекше тергеу тәсілдерін қолданады. Италияда 1975 жылы нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысанын жою бойынша халықаралық Конвенция ратификацияланып, №654 Заң қабылданды, қылмыстық кодекске қылмыстың бір қатар жаңа құрамдары енгізілді. Конвенцияға сәйкес ұлттық, діни алауыздық, кемсітушілік идеяларын насихаттаушы ұйымдардың құрылуы, қызметіне қатаң тыйым салынып, оны ұйымдастырушы, қатысушылар мен «көмектесуші адамдарға» жазалау шаралары тағайындалды [201, с.424-425]. Ал 1993 жылы бұрынғы заңнамаға превентивті шаралар қолдану, жаза түрлерін кеңейту жолымен айтарлықтай бір қатар толықтырулар енгізген № 205 Заң қабылданды. Осы заңмен экстремистік ұйымдар қызметін тоқтатуға арналған айрықша тәртіп енгізілді.

Жапония Конституциясының 14, 19, 20-баптарында барлық адамдар заң алдында тең құқылы және саяси, экономикалық және әлеуметтік жағынан нәсілі, діні, жынысы, әлеуметтік жағдайы мен шыққан тегіне қатысты кемсітуге тиым салынады; ой мен намыс бостандығы бұзылмауы тиіс және ол үшін кепілдік беріледі; бірде-бір діни ұйым мемлекет тарапынан ешқандай басымдылық алмауы және ешқандай саяси билікті пайдаланбаулары тиіс; кез келген діни актілер мен мейрамдарға, жора-жолғылар, әдет-ғұрыптарға қатысуға ешкімді мәжбүрлеуге болмайды; мемлекет пен оның органдары діни оқулар мен қандай да болмасын діни әрекеттер жасаудан аулақ болуға тиіс деп [121] көрсетілген.

Жапонияның мемлекеттік полицейлер басқармасының экстремизм мен терроризмді ескерту, оның алдын алуға байланысты тәжірибесі де мақұлдарлықтай деп есептейміз. Онда офицерлерді белсенді халықаралық террористік топтар туралы ақпараттар жинақтау мақсатында, болашақта террористік әдістерге жүгінуі мүмкін топтарды анықтап, нақты және толық

ақпараттар алып, тәжірибе алмасу үшін шет елдерге жібереді. Террористік актілердің алдын алу мақсатында қажетті жағдайларда өзге мемлекеттерге тиісті органдармен ақпарат, тергеу әдістерін зерттеу, кепілге адамдар алған тұлғалармен сөйлесу және террористік актілердің алдын алуға бағытталған басқа да әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында сарапшылардан тұратын командалар жіберіледі [122].

Ұлыбритания экстремизммен күресте белгілі бір жетістіктерге қол жеткізіп, осы бағыт бойынша тәжірибе жинақтаған мемлекеттер қатарында. Дегенмен, оларда экстремизмге қарсы тұру туралы заңнамалары жоқ [123, с.119]. Терроризмге экстремизмнің радикалды нысаны ретінде айрықша назар аударып, 1974 жылы Ұлыбританияда «Терроризмді ескерту туралы» Заң қабылданды. Осы заңнама шеңберінде террористік қызметке материалдық қолдау жасау да террористік әрекет ретінде қарастырылады [124]. Қоғамдық тәртіпсіздікке қарсы тұру мақсатында 1998 жылы «Қылмыстар мен тәртіпсіздіктер туралы» Заң қабылданды [125]. Бұл заңнаманың басты ерекшелігі экстремизмге қарсы тұру мақсатында нәсілдік қылмыстар үшін жаза мерзімі 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру болып белгіленді. 2007 жылы сәуір айында Лондонда болған террористік актілерден кейін экстремистік идеялардың таралуын тоқтату мақсатында «Күш көрсететін экстремизмнің алдын алу» [126]. Ол – алдын алу, қудалау, қолдау көрсету, дайындық түріндегі төрт қағидатқа негізделді. Оның нәтижесінде ПД Ұлыбритания Парламентіне экстремизмге қарсы күресуге байланысты шараларды, соның ішінде экстремизм немесе заңсыз, қоғамдық қауіпті әрекеттерімен күдікті болған немесе байқалған шет ел азаматтарының Бірлескен Корольдікке кіруіне жол бермеу көрсетілген тізімді ұсынды [127]. Сөйтіп, Ұлыбритания үкіметі шетел азаматтарының елге кіру ережелерін қатайту туралы шешім қабылдаған соң, ПД басшысы экстремистік бағытты ұстанушы барлық адамдар үшін ел есігінің жабық екендігі туралы хабарлады. 2006-2009 жж. аралығында Ұлыбританияға кіру үшін алатын виза 230 адамға осы негіздер бойынша берілмесе, оның 80 діни экстремизмдік бағытты ұстанушы тұлғалар болып танылды [128]. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, британдық заң шығарушының экстремизм сияқты жағымсыз құбылыстың дамуының алдын алу мақсатында бірқатар шаралар кешенін жүзеге асырғандығына көз жеткіздік.

Экстремизмге қарсы күресте соңғы жылдары белсенділік танытып жатқан мемлекеттердің бірі – Қытай халық республикасы. Солтүстік Батыс Қытай, оның ішінде Синьцзян Ұйғыр Автономды ауданы Орта Азиямен шекаралас. Олардың табиғи, климаттық жағдайы ұқсас, әлеуметтік-экономикалық мәдениеттері бауырлас. Олардың ортақтылығы осымен бітпейді. Кейбір ғалымдар, егер 60–70 жылдары экстремизмнің шарықтау шегі Еуропаға келсе, енді ол бұрынғы кеңестік мемлекеттерге ауысқандығын дәлелдеуде. Ал Орта Азияда олардың қызметтері үшін аса жайлы саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-психологиялық, геосаяси [19, с.5] жағдай бар. Сондықтан Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай мемлекеттері арасында халықаралық экстремизм, терроризм сияқты жағымсыз құбылыспен күресуге бағытталған «Шанхай бестігі» құрылды. Осы әрекеттен басқа ҚХР басшылығы 20 жылдан

астам уақыт бойы дін мәселесіне араласудан бойын аулақ салып, діни экстремизммен күресуге бағытталған басқа ұйғарым шығармағандығы белгілі.

Ал қазіргі жағдай үкімет басшылығынан жаңа, батыл шешімдер қабылдауды талап етеді. Ал 18 баптан тұратын жаңа ереже экстремизм дегеніміз не, оған қандай әрекеттер жатады, осы құбылыстың таралуын болдырмау мақсатында қандай діни қызмет салаларына шектеу қойылатындығы сияқты сұрақтарға жауап береді. Заң нормаларына сәйкес діни объектілер ішінде де, сыртында да жиһад, діни экстремизмге байланысты бейне материалдар көріп, оны таратуға тиым салынады. Діни ұйым қызметкерлері мен лидерлері діни экстремизмге қатысы бар кез келген жағдай туралы тиісті органдарға хабарлауға міндетті. Жаңа нормаларға сәйкес жеке тұлғаларға интернет желісі, ұялы телефондар мен сандық қосымшалар арқылы діни экстремизм идеяларына, ұлттық бірлікке ірткі салуға, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық алауыздықты өршітуге бағытталған әрекеттері үшін 5000–30 000 юаньға (\$807-\$4847) дейін айыппұл салу [129] белгіленген.

ҚХР қазіргі нормативтік-құқықтық базасы коммунистік идеологияға негізделген. ҚХР кез келген қарулы бүлікті ұйымдастыру немесе тікелей жүзеге асырумен байланысты әрекет халық немесе мемлекетке айтарлықтай зиян келтірген жағдайда өліммен жазаланады.

ҚХР қылмыстық кодексінің 103-бабының 1-бөлімі мемлекетті жікке бөлу мен мемлекеттік билікті бұзуға бағытталған әрекеттер үшін жауапкершілік белгілеген. Жеке нормалармен Қытайдың мемлекеттік билігі мен социалистік құрылымын құлатқаны және қарулы бүлік жасағаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Бұл нормалардан Қытай заң шығарушысының мемлекет тұтастығы мен қауіпсіздігіне айрықша мән беретіндігі көрінеді. ҚХР қылмыстық кодексінің 294-бабы экстремизм белгілері бар қоғамдық қауіпті әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік белгілеген [130].

2015 жылғы 27 желтоқсанда ҚХР жоғарғы заң шығарушылық органы терроризмге қарсы іс-қимыл туралы заң қабылдап, ол 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап заңды күшіне енді. Заңнамада «терроризм» термині зорлықшылдық, іріткі салу және қауіп төндіру арқылы қоғам қауіпсіздігін төмендетіп, жеке тұлға мен жеке меншік құқықтарын бұзатын және үкіметтік органдар мен халықаралық ұйымдарға белгілі бір идеологиялық немесе саяси мақсаттармен қауіп төндіретін кез келген әрекет немесе әрекетке шақыру ретінде сипатталған. Оның мазмұнына сәйкес байланыс операторлар мен интернет-провайдерлер терроризмге қарсы тергеу амалдарын жүргізу барысында полиция мен мемлекеттік қызметшілерге қолдау көрсетуге міндетті. Жалпы заң терроризмге қарсы қызметтің негізгі қағидаттарын белгілеп, оның алдын алу шараларын күшейтуге бағытталып, халықаралық кооперация шарттарын сипаттайды [131].

Чех Республикасының экстремизмге қарсы күрес бойынша заңнамасы да назар аударарлық. Олардың қылмыстық кодексінде экстремизм түсінігінің мазмұны ашылмағанмен, түсінік жиі қолданысқа ие. Мәселен, экстремизмге қатысты жыл сайын жасалатын баяндамада (1998 ж.) ЧР Ішкі істер министрлігі Әділет министрлігімен бірлесе отырып, Қауіпсіздік, барлау қызметінің, Сыртқы байланыс және ақпарат басқармасының, Сыртқы істер министрлігінің, Білім

мен жастар және спорт министрлігінің, Мәдениет министрлігінің, Еңбек және әлеуметтік істер министрлігінің, Жоғары мемлекеттік прокуратураның, осы елдегі адам құқықтары бойынша мемлекеттік Кеңестің қатысуымен бірлескен жұмыс жүргізілетіндігі туралы айтылған. Экстремизм түсінігі ЧР ІІМ 2002 жылғы жұмыс қорытындысы туралы баяндамасында құқық нормаларынан айтарлықтай ауытқыған, интолеранттық элементтерін көрсететін және ЧР Конституциясының 1, 2, 5, 6, 9-баптарында және 1991 жылғы 9 қаңтарда қабылданған негізгі құқықтар мен бостандықтар Хартиясының 1-3-баптарында қарастырылған Конституциялық принциптерге озбырлық жасайтын идеологиялық позиция ретінде қалыптастырған ЧР Конституциясының 3-бабына сәйкес бұл Хартия оның құрамдас бөлігі [132] болып табылады.

ЧР Конституциясы бойынша Чехия адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құрмет тұтуға негізделген Егеменді, бірыңғай, демократиялық және құқықтық мемлекет (1-бап). Халық барлық мемлекеттік биліктің көзі (2-бап). Конституцияның 5-бабында ЧР саяси жүйесі негізгі демократиялық қағидаларды құрметтейтін және өз мүдделерін қорғау құралы ретінде күшті жоққа шығаратын, еркін және ерікті құрылатын және еркін бәсекеге түсетін саяси партияларға негізделген делінген [133].

Негізгі құқықтар мен бостандықтар Хартиясының 1-3-баптарында адам намысы мен бостандықтары бойынша еркін және тең; негізгі құқықтар мен бостандықтар бөлінбейді, ескірмейді және алынып тасталмайды, құқықтарына адамдардың жынысына, нәсіліне, терісінің түсіне, тілі, діні мен сеніміне, саяси немесе басқа ұстанымдарына, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, ұлттық немесе этникалық аз халыққа жатуына, мүліктік жағдайына немесе басқа жағдайларына қарамастан кепілдік беріледі [134]. Қазіргі таңда ЧР Ұлттық заңнамасы экстремизммен күрес жүргізу және оның алдын алу мәселелері бойынша жетілдірілуде.

Сөйтіп, халықаралық ынтымақсатық пен шет мемлекеттер тәжірибесін зерделей отырып, «экстремизм мен терроризмнің көпқырлылығы мен болашақта оның басқа өңге ие болу мүмкіндігі нәсілі, діні, әлеуметтік тегіне қарамастан, бүкіл адамзат баласын осындай қатыгездікпен күресуге шақырады» [135, б.92] деген қорытынды жасаймыз.

Шетелдік экстремизмге қарсы тұру туралы заңнамаларымен таныса отырып, төмендегідей мүмкіндіктерге ие болдық: 1) түрлі мемлекеттерде экстремизм үшін құқықтық жауапкершілікке тартудың даму тенденциялары мен жалпы сипатын білу; 2) мәселенің құқықтық реттеудегі айырмашылықтарды анықтау; 3) Қазақстандық құқық жүйесіне енгізу үшін оңтайлы, көңіл аударарлық шетелдік құқық нормалары мен институттарын табу.

Осы бөлімшеде қарастырылған экстремизмге қарсы күрес жүргізу мәселесіне қатысты халықаралық ынтымақтастық және шет ел тәжірибесі негізінде төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

Экстремизмге байланысты қылмыстар ең алдымен, адам құқығы, ар-намыс пен діни наным–сенім бостандығына байланысты қоғамдық қатынастарға қол сұғушылық жасайтындығына байланысты осы қатынастарды реттеуші

халықаралы-құқықтық нормалар зерделенді. Әлемдік қауымдастықтың адам құқығы, бостандығын жоғары құндылық ретінде бірінші кезекке қойып, осы құқықтардың барлық нысанда бұзылуына ықпал етуші экстремизмнің зор қауіптілігін атап көрсетеді.

Қазақстан Республикасы экстремизм көріністеріне қарсы тұру мақсатында ТМД өзара әрекеттестігін күшейтуде. Мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық: терроризм, экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастықтың құқықтық базасын жетілдіру; террористік, экстремистік сипаттағы қылмыстарды ескерту, анықтау, жолын кесу және тергеу амалдарын жүргізу, оның салдарын азайту; террористік, экстремистік ұйымдарды қаржыландыруға қарсы тұру бойынша шарттар жасау, оларды жүзеге асыру түрінде көрініс тапқан.

Экстремизм көріністеріне қарсы тұру бойынша халықаралық ынтымақтастықта мемлекеттердің заңнамаларын жүйелендіру, үйлестірудің маңызы зор. Ол – терроризм, экстремизмге қарсы күресуде кедергі келтіруші құқықтық сипаттағы факторларды жойып, мемлекет саясаты негіздеріне бірдей қарауды қалыптастыруға мүмкіндік.

Диссертант экстремистік бағыттағы қылмыстылықпен күресу мақсатында барлық мемлекеттердің құқықтық әрекеттерін халықаралық құқыққа барынша бағындырып, бақылау жасау мүмкіндігін беру қажет деп санайды. Автор халықаралық ұйымдардың қатысуымен халықаралық деңгейде «халықаралық экстремизм» дефинициясын енгізу туралы осыған дейін де айтылған көптеген зерттеушілер пікіріне қолдау жасай отырып, «халықаралық экстремизм» дефинициясының халықаралық құжаттарға енгізілуі экстремизммен халықаралық деңгейде күресу тиімділігін арттырып, көптеген халықаралық деңгейдегі мәселелердің шешім табуына ықпал еткен болар еді деп санайды.

Мемлекеттердің өзара ынтымақтастығы шеңберінде қоғамдық көңіл-күйдің «радикализациялануының» алдын алу, экстремистік ұйымдардың интернет желісінің озық ақпараттық технологияларын өз мақсаттарында пайдалануларына қарсы тұру шараларын жетілдіру сияқты бағыттарға ерекше мән беру, халықаралық экстремизммен қатар, халықаралық терроризм көрсеткіштерін төмендетуші фактор.

Халықаралық экстремизмге қарсы күрестегі маңызды мәселе Қазақстандық құқық кеңістігінен тыс жердегі шетелдік серверлерде тіркелген интернет-сайттарды экстремистік мақсаттарда пайдалану. Ақпараттық кеңістіктегі экстремизмге қарсы тұру бойынша ұйымдастырушылық шараларды жетілдіру бір немесе екі мемлекеттің ғана мүмкіндігі аясындағы мәселе болмауына байланысты халықаралық кешенді шаралар тетігін ойластыруды қажет етеді.

Ұлттық және шет елдік экстремизмге қарсы күресуге бағытталған заңнаманы зерделей отырып, шет ел тәжірибесінде біз үйренуге тұрарлық озық тәжірибелерінің бар екендігіне көз жеткіземіз. Көптеген шет мемлекеттерде экстремизммен күресуде қылмыстық жазалау шараларымен қатар экстремистік қылмыстардың алдын алуды ұйымдастырудың «сақтанушылық» басқа да

тетіктерін қолданулары жалпы мемлекеттік ескерту шаралары тиімділігін арттырады.

Шетел тәжірибесін зерделей отырып, мәселеге тек бір жақты – шығарылған заңның ақаулары болғандықтан ғана тиісті нәтижеге қол жеткізе алмай отырмыз деп қарау аздық етеді. Қандай тиімділігі жоғары норма белгілесек те, ол билік етуші органдардың қатал, әрі жүйелі бақылауынсыз өз тиімділігін жоғалтары анық.

2 ӘЛЕУМЕТТІК, ҰЛТТЫҚ, РУЛЫҚ, НӘСІЛДІК, ТЕКТІК-ТОПТЫҚ НЕМЕСЕ ДІНИ АРАЗДЫҚТЫ ҚОЗДЫРУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

2.1 Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың объективтік белгілері

Қолданыстағы қылмыстық кодекстің 174-бабы әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру мәселесіне арналған. Осы мақала шеңберінде біз қылмыстық кодекстің 174-бабының объективтік белгілеріне сипаттама беруді өзімізге мақсат етіп отырмыз.

Қылмыстық құқық ғылымы дами бастаған Кеңес үкіметі кезеңінен бастап осы уақытқа дейін әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға қатысты қылмыс құрамына сипаттама беру бойынша пікірлердің сан алуандығы әлі де өзекті. Қазақстан Республикасы ҚК «Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру» (174-бабы) қылмысының құрамына қатысты даулы пікірлер жалғасып келеді.

Жалпы қылмыс объектісі теориясы (қазіргі қазақстандық қылмыстық құқық тұжырымдамасындағы қылмыстық құқық бұзушылық) қазіргі іргелі зерттеулерде бірқатар қарама-қайшылықтардан тұратынын осы мәселені қарастырушы ғалымдар жиі айтады. Ұзақ жылдар бойына мызғымастай болып көрінетін қылмыстық қолсұғушылық объектісі ретіндегі қоғамдық қатынастар тұжырымдамасы қазіргі таңда теориялық тұрғыдан қайта қарастырылуда. Теориялық зерттеулер динамикасына талдау жасау арқылы қылмыстық құқық теориясында объект ұғымына қатысты төмендегідей анықтамалардың барлығына көз жеткіземіз: 1) «қоғамдық қатынастар мен құқықтық норма» [136, с.56-57]; 2) «қылмыстық әрекет қолсұғушылық жасаушы игіліктер (мүдделер)» [137, с.29]; 3) қоғамдық қатынастар мен қоғамдағы өндіріс күштері [138, с.168]; 4) қоғамдық қатынастардың тікелей қолсұғушылық жасалушы жеке элементтері [139, с.7]; 5) «белгілі бір қоғамдық өмір қатысушысының мүмкіндігінің жүзеге асырылуының қоғам мүдделеріне сәйкестігі»; 6) заңмен қорғалатын әлеуметтік құндылықтардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар [140, с.218].

Қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің тұжырымдамасы көптеген түсіндірмелерден тұрып, ерекше теориялық сипат пен жоғары дәрежелі абстрактілікке ие екендігін есепке алған жөн. Сондай-ақ, көптеген зерттеушілер

белгілегендей, қоғамдық қолсұғушылықтың нақты актісінің жеке қасиеттерден тұратын белгілі игіліктерге қолсұғушылық жасайтыны сөзсіз.

Қылмыстық құқық теориясында кеңінен таралып, қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің «классикалық» анықтамасына айналған «қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастарды» өміршең анықтамалар қатарына жатқызуға болады. Қылмыстық құқық ғылымында объектінің осындай тұжырымдамасын қолдайтын авторлар қоғамдық қатынастарды «адамдар арасындағы бірлесіп жұмыс істеуі үдерісінде туындайтын алуан түрлі байланыстар құқық нормасы қорғауында тұрған өздерін қызықтырушы заттар мен құбылыстар, материалды және материалды емес әлем» ретінде белгілейді [141, с.141].

Кейбір зерттеушілер осы қылмыс құрамының тікелей объектісі азаматтардың ұлттық және нәсілдік теңдігі [142, с.47],– десе, басқа зерттеушілер оған нәсілдік және діни теңдікті және кез келген дінді уағыздау немесе дінге сенбеуді [143, с.585] жатқызады. Сондай-ақ, қылмыс объектісіне ұлттық, нәсілдік немесе діни жеккөрушілікті қоздыратын насихат пен үгітті болдырмау түріндегі конституциялық қағидат [144, с.377] немесе азаматтардың нәсілдік және ұлттық теңдіктерін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқару негіздері [145, с.15],– деп пікір білдіру, бұл қылмыс объектісіне тіптен «қоғамдық қауіпсіздік негіздерін жатқызу жағдайы» [146; 116, с.187] да кездесті. Қарастырылып отырған әрекет объектісі ретінде адам намысын белгілеу туралы көзқарастар да бар. Мысалы С.В. Дьяковтың анықтамасы бойынша ұлттық, нәсілдік және діни жеккөрушілікті қоздыру «ұлттық немесе нәсілдік тегіне немесе дінге деген қарым-қатынасына қарамастан пайдаланылатын және қорғалатын азаматтардың намысына, олардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қолсұғушылық жасайды» [147, с.51].

Берілген қылмыс түрінің тікелей объектісіне егер айдап салу немесе жала жабу түрінде белгілі бір ұлт, нәсіл, дін және тағы басқалар арқылы араздық немесе жеккөрушілік туғызылса, қандай да бір ұлттың (дін, нәсіл және т.б.) белгілі өкілінің конституциялық құқықтары да жатуы мүмкін деген пікірлер бар. Мұндай жағдайларда әрекетті қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы бойынша, дәлірек айтсақ, қорлау (нақты адамның адамгершілігін кемсіту үшін жауапкершілік қарастыратын құрам ретінде) және ҚК 174-бабымен саралау талап етіледі. Бірақ, мұндай саралау тек кінәлінің негізгі мақсаты – әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік–топтық немесе діни алауыздықты қоздыру болып табылған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін. ҚК 174-бабы құрамы жайлы сөз қозғағанда адамның намысы мен абыройына (белгілі бір діни көзқарас, ұлттық және нәсілдік белгілердің иесі) қолсұғушылық жасалу туралы емес, адамдар тобының ұлттық, нәсілдік, діни құндылықтарына қолсұғушылық туралы айтылған. Мұндай зерттеулер ғылыми тұрғыдан құнды болып, қылмыстық заңнаманы жетілдіруге игі ықпал етуі керек. Қылмыстық қолсұғушылық объектісі туралы теориялық ілім абстрактілігі дәрежесінің жоғарылығы қазіргі теориялық тұжырымдама аясында жеке қызметтік жүйе құру жолымен нақты ғылыми міндеттерді сәтімен шешуге мүмкіндік береді.

Біз қарастырып отырған объектісіне талдау жасау бізге қылмыстық құқық бұзушылық объектісіне қатысты осы догмалық ұғымнан бас тартуымызды қажет ететіндей. Осыған байланысты біз «қоғамдық қатынастар ұғымы шынайы құбылыстың керексіз абстрактілі моделі» [148, с.104],–деп бекітуші зерттеушілер көзқарасын толық бөлісіп, ал «дүдәмал «қоғамдық қатынастар» институты осы қатынастар пайда болған себептер мәні параметрін бағалауға немесе өлшеуге мүмкіндік бермейді» [149, с.31],– деген пікірді қолдаймыз. Осы себептерге байланысты автор қылмыстық құқық бұзушылық объектісін мүдде, игілікке зиян келтіру үшін қолсұғушылық жасау ретінде түсіндіру дұрыс деп санайды.

Отандық қылмыстық құқық теориясында қалыптасқан объектілерді «тігінен» (жалпы–тектік–тікелей) және «көлденеңнен» (негізгі және қосымша) деп бөлу діни экстремизм қолсұғушылық жасайтын түрлі қылмыстық қатынастар объектісінің типологиялық (түрлік) сипатын анықтауға мүмкіндік бермейді. Яғни, XX ғасырдың ортасында қылмыстық құқық теоретиктерінің қылмыстың түрлік объектілерін бөлу қажеттілігі туралы идеялары [150, с.193-207] (ішінара ресейлік заң шығарушылар мен ғалымдар тарапынан қабылданғанымен [16, с.162], Қазақстандық қылмыстық заңда бекітілмеген) кездейсоқтық емес.

Қылмыстық-құқықтық ғылымда біраз уақыттан бері қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамдас объектісін бөлу қажеттілігі туралы ойлар [151] айтылып жүр. Ал қоғамдық қауіпті қолсұғушылықтар жеке тобын (сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстарды) белгілеуде дәстүрлі тізімдік жолмен жүретін отандық заң шығарушы бағытын негізге алатын болсақ, қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамдас объектісі туралы ойлар үлкен өзектілік пен теориялық мәнге ие.

Сонымен осы ғылыми жұмыстың зерттеу объектісі қажеттілігін есепке ала отырып, зерттеушілердің қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамдас объектілері туралы теориялық пікірлерін негізге алып, қарастырып отырған қылмыс құрамы сипатамасын теориялық тұрғыдан негіздеуге тырысамыз. Экстремистік бағыттағы қылмыстарды (заңнамалық тізімге енгізілген барлық құрамдар) жасау кезінде қылмыстық заңнамамен қорғауға қойылатын қоғамдық қатынастардың барлығы қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамдас объектісін құрайды. Алайда, осы ғылыми мақала қажеттіліктерін есепке ала отырып, бұл негіздемеміз аздық етеді деп санаймыз. Себебі осы жұмыс аясында қарастырып отырған қылмыстар тобы заңнамада белгіленген ортақ белгілер емес, криминологиялық ортақ сипатқа, талданатын қылмыс құрамдары уәжіне негізделеді. Осыған байланысты барлық экстремистік қылмыстардың құрамдас объектісінде біз оның құрылымдық бөлігін белгілеп, оны «жүйелендірілген қоғамдық игіліктер» деп атап және құрылымдық жағынан Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің ерекше бөлігінде даралапрадикализ көріністеріне қарсы тұру қажеттілігіне байланысты қылмыстық заңмен қорғалуға қойылған әр текті қоғамдық қатынастар жиынтығы ретінде белгілейміз.

«Жүйелендірілген қоғамдық игіліктер» ұғымы өзінің ерекше ғылыми-қолданбалы сипатына қарамастан мағыналы түсінік. Сонымен, қылмыстық заңмен қорғалатын игілік дегеніміз не? Бұл – өз діндарлығыңды еркін білдіру, Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдік берілген белгілі дінді уағыздау немесе ешқандай діни көзқарасты ұстанбау, діни наным-сенім мен өз діндарлығыңды жүзеге асырудың заңды нысанына қарамастан намысыңды қорғау құқығы. Біз қарастырып отырған қылмыс құрамы үшін жауапкершілік тағайындай отыра заң шығарушы адамның осы игіліктері мен заңды мүдделерін қорғайды. Бұл ұсыныстың әмбебаптығы мен дұрыстығына таласпаймыз, дегенмен біздің көзқарасымызда қайшылық жоқ деп бағамдаймыз. Сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылықтар объектісін абстрактілі-теориялық тұрғыдан топтастырудың экстремизмнің өзге түрлерін (саяси, әлеуметтік, жастар экстремизмі және т.б.) қарастыруда ғылыми маңызы болуы мүмкін.

ҚК 174-бабында көрсетілген құлсұғушылықтар жасау кезінде қылмыстық заңмен қорғауға қойылатын қоғамдық қатынастардың әр тектілігі қоғамдық қауіпсіздікпен, мемлекеттің конституциялық құрылымына қолсұғылмаушылықпен және мемлекеттік басқару жүйесінің қалыпты қызметімен қамтамасыз етілетін қоғамдық игіліктерді қорғауды белгілейді.

Кез келген қылмыстық жазаланушы әрекеттердің объективтік белгілерін сипаттау үшін заңнамалық ережелерге егжей-тегжейлі талдау жасау қажет. Ол заң шығарушының жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды қоғамдық қауіпті деп тану, әрекеттің немесе әрекетсіздіктің қауіпті белгілерін белгілеудегі және жасалған қылмыстық әрекеттің қоғамдық қауіптілік сипатын айқындаудағы ойын білуге көмектеседі. «Халықаралық Құқықтық Бастама» Қоғамдық қорының Президенті А. Шорманбаева, 1997 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы ҚК 164-бабына талдау жасау барысында «Қазақстан Республикасы ҚК 164-бабымен қарастырылатын қылмыстардың объективтік жағы бойынша ұлттық, нәсілдік және діни алауыздық немесе араздық сияқты түрлері түсініктілеу болғанмен, әлеуметтік және рулық алауыздық немесе араздық сөздері қарапайым азаматтармен қатар мамандарға да түсініксіз» [152],– деп белгілей отырып, Қазақстандық құқық қолдану практикасынан нақты мысалдар келтіреді. Автордың айтуы бойынша елімізде қылмыстық істер ұлттық, нәсілдік немесе діни алауыздық немесе араздықтар үшін емес, әлеуметтік алауыздықты қоздырғаны (мысалы, «Қаражанбасмұнай» мұнайшылар компаниясы кәсіподағының заңгері Наталья Соколоваға қатысты қылмыстық іс; 2011 жылғы 16 желтоқсанда Жаңаөзенде болған қанды оқиғадан кейін оппозициялық саясаткерлер мен белсенділерге қатысты әлеуметтік алауыздықты қоздырғаны үшін деген айыптың тағылуы) үшін қозғалғандығын айтады. Автор осы даулы белгіні (қолданыстағы ҚК 174-бабы бұрынғы ҚК 164-бабы редакциясын толығымен қабылдаған) тиісті қылмыстық-құқықтық нормадан алып тастау туралы пікірін жүйелі түрде негіздейді. Біріншіден, ол «қоздыру» және «алауыздық» терминдерінің қарастырылып отырған бапта ғана кездесетіндігін және «араздық» терминінің ҚК (ҚК 99-бабының 2-бөлігінің 11-тармағында) кейбір басқа баптарында қылмыс уәжі ретінде кездесетіндігін айтады. Бір жағдайда «әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни жеккөрушілік немесе

араздық уәжі бойынша», ал басқасында «әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік немесе діни араздық уәждері бойынша»; Екіншіден, «әлеуметтік топ» терминінің тіптен арнайы зерттеулерде де нақты анықтамасының жоқ болуына байланысты қылмыстық заң мәтінінде «әлеуметтік алауыздықты қоздырушы» деп көрсетілуін қате деп санап, қылмыстық заң мәтінінен бұл тіркес алынып тасталуы керектігін жазады [153].

Қазақстандық қылмыстық заңнамаға талданып отырған құрамның енгізілуіне қатысты шетелдік сарапшылардың да айтқан пікірлері осыған ұқсас. Олар үшін де заң шығарушының «әлеуметтік алауыздық» ұғымын адам құқықтары туралы халықаралық құжат шеңберіне енгізуі түсініксіз, ал «әлеуметтік топ» ұғымын абстрактілі түсінік [154],– деп санайды.

Заңды күші бар Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі жобасын әзірлеу кезінде зерттеушілер 174-бап белгілерінің басқа нұсқаларын да ұсынғандықтары белгілі, сондай-ақ, «рулық араздық» терминін енгізу де мақсатқа сай емес деп саналды, себебі қылмысты ауырлатушы мән-жайлар тізімінде де, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жеке құрамдарының ұқсас саралаушы белгілерінде де (мысалы, адам өлтіру) мұндай жағдай белгіленбеген. Қарастырып отырған тақырыппен нақты байланысының жоқтығына қарамастан, біз қылмыстық заңнамада мүмкіндігінше дәл, нақты және біртекті белгілердің болуы қажет деп санайтын жоғарыда айтылған автор пікірімен келісетінімізді білдіреміз. Нақты, әрі дәл берілмеген заңнама ең соңында құқық қолдану практикасындағы түрлі «ауытқушылыққа» әкеліп, заңның қылмысты ескертуіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Қолданыстағы ҚК 174-бабының диспозициясы әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік, топтық немесе діни араздықты қоздыруға бағытталған әрекеттердің қасақаналықпен жасалатындығын көрсетеді. Сондай-ақ, мұндай материалдардың барлығында бірдей жеткізбек ойлары мен идеялары ашық нысанда айтылмайтындығын да есепке алған жөн. Кейбір айтылған ойлар мен жазылған мақалаларда авторлар өз көзқарасын түрлі айла-амалдар көмегімен жанама түрде жеткізуге тырысуы мүмкін. Нәтижесінде қандай да бір, этникалық, нәсілдік, діни топтың араздығын қоздыруға, ұлттық намысын кемсітуге бағытталған ақпараттар бүркемеленсе де оқырман мен тыңдарманға түсінікті болып жатады.

ҚК 174-бабы құрамының мазмұнында пайдаланылатын «қоздыру» ұғымының мазмұны көптеген зерттеушілерге түсініксіз болып табылады. Бір зерттеушілердің анықтамалары бойынша, «қоздыру» дегеніміз – «жария немесе бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жалпы саны белгісіз азаматтарды араздыққа, жеккөрушілікке иландыра отырып, өзге ұлт немесе нәсіл өкілдеріне қатысты олардың имандылықтары мен адами қадір-қасиеттеріне тіл тигізу және жаратпаушылыққа ашық түрде шақыру, үгіт немесе насихат жүргізу» [155, с.208]. Зерттеліп отырған проблемаға қатысты осыған ұқсас анықтаманы басқа белгілі жұмыстан да байқауымызға болады: «көрсетілген идеялар мен көзқарастардың таралуы үгіт және насихат түрінде болуы мүмкін...» [147, с.84]. Бұл пікірлерді біз әбден дұрыс деп санай алмаймыз. Бұл жерде назар қылмыстық жазаланушы әрекеттің өзінен (ақпараттық-экстремистік әсер ету нәтижесі ретіндегі алауыздықты қоздыру фактісі) белгілі бір әрекетті жүзеге

асыру (оны жасау әдістері мен тәсілдеріне) үдерісіне ауып кетеді деп санаймыз. Яғни, адамдардың санасы мен психикасына әсер етудің, олардың белгілі бір деструктивті көзқарастары мен бағыттарының қалыптасуының өлшемі болып табылатын осы әрекетті жасау кезіндегі психологиялық аспект есепке алынбайды. Ал үгіттеу мен насихаттау шараларына келетін болсақ, оларды қылмыстық жазаланушы әрекеттерді жасау тәсілі ретінде қарастыру қажет деп санаймыз. Сондай-ақ, адамның өз ойын жеткізу бостандығына шектеу жасаушы қылмыстық заңнама нормалары терминологиясының стандарттары мәселесіне арналған халықаралық ұсыныстарға да көңіл аудару қажет. Тұжырымдалған ой нақты және түсінікті болып, кез келген адам қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз мінез-құлқы (әрекеті) салдарынан нені күтуге болатындығын болжауына мүмкіндік беруі қажет. Ал, «араздық», «қадір-қасиетті қорлау», «айрықшалығын, артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау» деген сияқты түсініктер полисемантикалық (көпмағыналы) сөздер болғандықтан, оны түсіндірудің көп нұсқасы болу мүмкіндігі адам құқықтары бойынша Еуропалық Сот берген «құқықтық анықтылық» қағидатына қайшы келетіндіктен, халықаралық сарапшылар пікірі бойынша жол берілмейтін қателік деп танылады [156, с.411].

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қасақана ниет насихат жүргізуге бағытталған идеялар мен көзқарастар, мәтіннің белгілі бір әлеуметтік-психологиялық бағыты мен қоғам ойына ақпараттармен, арнайы тілдік, бейнелеу және жеткізудің басқа да құралдарын пайдалану арқылы айла-әрекет жасай отыра оқырмандарға (көрермендер мен тыңдармандарға) қандай да бір ұлт, нәсіл, дін туралы кем қалыпта көрсететін мінездеме беру, теріс бағалау, жағымсыз көзқарастар білдіріп, түрлі әрекеттерге үндеу түрінде жүзеге асырылған жағдайда айрықша күрделі сипатқа ие болады.

Мәселені осы жағынан қарастыратын болсақ, РФ Бас прокуратурасының Заңдылықты нығайту және құқықтық тәртіп проблемасы Ғылыми Зерттеу Институтының (мұнан әрі – ҒЗИ) жұмыс тәжірибесі назар аударарлық дәрежеде деп санаймыз. ҒЗИ әзірлеген «Бұқаралық ақпарат құралдарының ұлттық, нәсілдік және діни теңдікті бұзулары туралы істер мен материалдар бойынша арнайы танымды пайдалануға әдістемелік Ұсыныстар» жеке терминдер мен ұғымдардан тұрып, әрқайсы толық зерделеніп, зерттелгендіктен, Қазақстандық заң шығарушылар мен құқық қолданушылар назарына ілінетіндей жұмыс. Әдістемелік әзірлемеге қысқаша шолу жасайтын болсақ, онда «қоздырушы ақпарат» ұғымына төмендегідей анықтама беріледі: «бұл белгілі бір этникалық (ұлттық), нәсілдік (антропологиялық), конфессиялық (діни) топтар немесе осы топ мүшелері ретіндегі жеке адамдарға қатысты теріс эмоционалды баға мен жағымсыз көзқарас, олардың құқықтарын шектеуге немесе оларға қарсы зорлықшыл әрекеттерге айдап салу». Діни, нәсілдік, ұлттық намысты қорлау бұл құжатта «Ұлттық немесе діни құндылықтарға енетін тарих, мәдениет, салт-дәстүр, психикалық тұлға, наным-сенімдер, идеялар, оқиғалар, ескерткіштер мен құжаттар туралы жалған пікірлер шығару, бұрмаланған немесе біржақты қарастырылған, этникалық немесе конфессиялық топты немесе оның жеке

өкілдері мен топ мүшелерін масқаралайтын және қорлайтын, оларға деген келемеждік, жеккөрушілік немесе жаратпаушылықты білдіретін мәліметтер тарату» ретінде көрсетілген. Ұлттық айрықшалық дегеніміз «бір ұлттық топтың басқасынан өзгешелігі, өзіндік ерекшелігі емес, соңғысының толыққанды еместігі негізінде оның табиғи, биологиялық, әлеуметтік, адамгершілік кемістігі мен әдепсіздігі іспеттес артықшылығын» білдіреді. Әдістемелік ұсыныстарда, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ҚК 174-бабы құрамының объективтік жағын түсіндіруде қолдануға болатын «діни, нәсілдік немесе ұлттық айрықшалықты насихаттауға» толық анықтама беріледі. Насихаттау ұғымы – «Адамдардың кең ауқымы арасында азаматтар теңдігін бұзып, әрекеттерге баруларына түрткі болатын идеялар, көзқарастар мен түсініктерді тарату. Ол шақыру, үндеу, уағыз, кеңес беру, талап ету, сақтандыру, болжам жасау, қоқан-лоққылық көрсету және тағы да басқа нысандарда көрініс табуы мүмкін». Ұсыныс авторлары ұлттық, нәсілдік немесе діни айрықшалық, төзімсіздік және араздықты насихаттаудың басты белгілеріне мыналарды жатқызады: 1) жағымсыз этникалық (конфессиялық) стереотиптің, ұлт (конфессия) бейнесінің қалыптасуы мен нығаюы; 2) жеке өкілдердің түрлі жағымсыз мінез-құлықтары мен кемшіліктерін барлық этникалық (конфессиялық) топқа тасымалдау; 3) барлық этникалық (конфессиялық) топ өкілдеріне қазіргі мәдениет тарапынан жағымсыз бағаға ие ежелгі салт-дәстүр, діни наным-сенімді жатқызу; 4) бір ұлттың (конфессия) табиғи артықшылығы мен басқа ұлттың толыққанды еместігі немесе кемістігі туралы бекіту; 5) бір ұлттың (конфессияның) өзгеге араздық әрекеттері мен қауіпті пиғылын қосулары; 6) жеке адамдардың әрекеттері үшін кінә мен жауапкершілікті бүкіл этникалық (конфессиялық) топқа жүктеу; 7) белгілі ұлттың (конфессияның) бастапқы араздығы туралы сендіру; 8) берілген этникалық (конфессиялық) топтың өзгелердің мүдделерімен қарама-қайшылығы және үйлесімсіздігі туралы сендіру; бір ұлттық (конфессиялық) топтың басқасына қарсы астыртын сөз байласуы мен құпия жоспарларының барлығы туралы сендіру; 9) бүгінгі, болашақ және ертеңгі ауыртпалықтар мен сәтсіздіктерді белгілі этникалық (конфессиялық) топтың мақсатты (нысаналы) әрекеттерімен түсіндіру; 10) қандай да бір ұлтқа қарсы әрекеттерге үндеу; 11) қандай да бір ұлтқа (конфессияға) қатысты геноцидті, жер аудару мен қуғын-сүргінді мақұлдау, ақтау; 12) белгілі бір ұлт (конфессия) өкілдерін қызметтің түрлі салаларынан ығыстыруды талап ету; 13) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуді немесе ұлттық (конфессиялық) белгілері бойынша артықшылық жасауды талап ету; 14) белгілі бір ұлт (конфессия) өкілдеріне қатысты зорлық әрекеттер жасау қаупі мен соған адамдарды айдап салу [156].

Сондай-ақ, осы құжатта авторлар тарихи, діни, саяси және тағы да басқа сипаттағы шынайы мәліметтер мен фактілер туралы ақпарат мәтінінің ұлттық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыруға бағытталмағандығын айтады. Мұндай мәлімдемелердің мәні ғана, яғни олардың қандай көзқарастар мен идеяларды пайдаланатындығы, қандай түсініктер мен көзқарастар және қандай құралдар көмегімен насихатталып, танылатындығы анықтаушы фактор болып табылатындығын ашып айтады.

Экстремистік, оның ішінде діни экстремистік қылмыстарды сипаттаушы белгілерді біріздендіру (унификациялау) бойынша талдау жұмысы Қазақстанда да жүргізілуге тиіс және мұндай ресми түсіндірме жұмыстары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының актілерінде көрініс табуы қажет деп санаймыз.

2.1 Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың субъективтік белгілері

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстардың ерекшеліктері осы қолсұғушылық түрін жасаушы адамдар кінәсінің тек қасақаналық нысанмен жасалатындығында. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни сипатта жасалған қылмыстар адамның өзін қандай да бір көзқарастардың нағыз «жақтаушысы», қандай да бір дінді (діни наным-сенімді) айрықша немесе жалғыз «адал» құбылыс ретінде фанатизммен қабылдауына байланысты болатындықтан, мұндай қылмыс түрлерінің қасақаналық мазмұнға ие екендігі ешкімнің көңіліне күмән туғызбайды.

Отандық қылмыстық заңнамада белгіленген әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздыруға байланысты қылмыстар құрылымы көп жағдайда тиісті баптардың диспозициясына қосымша ескертулер енгізу, сонымен қатар, осы қолсұғушылықтың объективтік белгілерін егжей-тегжейлі сипаттау арқылы кінәнің басқаша түсіндірілуіне жол бермей, қасақаналық нысанының интеллектуалдық тұтастығын күшейте түседі. Ал, қолданыстағы ҚК 174-бабының диспозициясы әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік, топтық немесе діни араздықты қоздыруға бағытталған әрекеттердің қасақаналықпен жасалатындығын көрсетеді. Сондай-ақ, мұндай материалдардың барлығында бірдей жеткізбек ойлары мен идеялары ашық нысанда айтылмайтындығын да есепке алған жөн. Кейбір айтылған ойлар мен жазылған мақалаларда авторлар өз көзқарасын түрлі айла-амалдар көмегімен жанама түрде жеткізуге тырысуы мүмкін. Нәтижесінде қандай да бір, этникалық, нәсілдік, діни топтың араздығын қоздыруға, ұлттық намысын кемсітуге бағытталған ақпараттар бүркемеленсе де оқырман мен тыңдарманға түсінікті болып жатады.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға бағытталған қасақана ниет насихат жүргізуге бағытталған идеялар мен көзқарастар, мәтіннің белгілі бір әлеуметтік-психологиялық бағыты мен қоғам ойына ақпараттармен, арнайы тілдік, бейнелеу және жеткізудің басқа да құралдарын пайдалану арқылы айла-әрекет жасай отыра оқырмандарға (көрермендер мен тыңдармандарға) қандай да бір ұлт, нәсіл, дін туралы кем қалыпта көрсететін мінездеме беру, теріс бағалау, жағымсыз көзқарастар білдіріп, түрлі әрекеттерге үндеу түрінде жүзеге асырылған жағдайда айрықша күрделі сипатқа ие болады.

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудағы бағытты ұстанушы тұлғалардың жоғары интеллектуалдық қабілет

иесі еместігін, жалпы эрудицияларының төмендігін ескерер болсақ, кейбір басылым беттерінде абайсыз немесе қате пікірлердің көрініс табуы олардың әрекеттерінің қасақаналықпен жасалатындығының белгісі болып табылады. Басқа діни экстремистік қылмыстар құрамдары кінәнің қасақаналық нысанының интеллектуалдық сәтінің (бұл адамның өз мінез-құлқы салдарынан душар болған жағдайды, оның әлеуметтік мәнін түсіну қабілеті) күшейе түскендігін белгілейді. Мысалы, ҚК 258-бабы тікелей ниеттің интеллектуалдық сәтінің күшейе түскендігін экстремистік немесе террористік әрекеттерді қаржыландыруды жүзеге асырушы немесе экстремизм мен терроризмге басқадай дем беруші адамның жеке немесе заңды тұлғалардың әрекеттерінің экстремистік немесе террористік сипатта екендігін көрінеу біле тұра өз әрекеттерімен солардың қызметіне ықпал ететіндігінен байқаймыз. ҚК 260-бабының диспозициясы тұлғаның террористік немесе экстремистік қылмыс жасаудың машықтары мен дағдыларын үйретуге бағытталған даярлықтан өтуін оның сол мүмкіндіктерін экстремистік немесе террористік қылмыстар жасауға бағытталатындығын және оның «көрінеу белгілі болғандығын» көрсетеді.

Біз ҚК 3-бабының 39-тармағымен қарастырылған экстремистік қылмыстар тізімі қылмыстық жазаланушы қолсұғушылықтар жасалу кезіндегі экстремистік уәжді ескеру қажеттілігіне толық жауап бере алмайды деп ойлаймыз. Бұл жағдай есепке алудағы олқылықтар мен Қазақстан Республикасындағы қазіргі қылмыстылықтың тиісті сегментіндегі алдын алу шараларының әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Мысалы, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни жеккөрушілік немесе араздық уәжі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасау бірқатар басқа құрамдарда да кездеседі (99-баптың («Адам өлтіру») 2-бөлігінің 11-тармағы, 106-баптың («Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру») 2-бөлігінің 8-тармағы, 107-баптың («Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру») 2-бөлігінің 6-тармағы, 110-баптың («Қинау») 2-бөлігінің 6-тармағы) [2].

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстардың субъективтік белгілері сипаттамасының маңызды элементтерінің бірі – тиісті қолсұғушылықтар уәжі болып табылады. Қылмыстық құқық ғылымында қылмыстық жазаланушы әрекеттер уәжінің көптеген анықтамалары бар. Қылмыстық құқық бұзушылықтың кез келген уәжі – «қажеттіліктер жүйесінен туындаған, өзінің қылмыстық әрекеттерін идеалды негіз ретінде қабылдаушы және сол әрекеттерін ақтаушы адамның бағаланған ниеті» [157, с.120].

Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінде қарастырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының біраз бөлігінде уәж берілген құрамдар аясында қарастырылмайды. Дегенмен, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстардың мәселесінде қылмыстық жазаланушы қолсұғушылықтар уәжі заң шығарушыға осы қолсұғушылықтарды бір топқа біріктіруге мүмкіндік беруші интегралды-анықтаушы фактор деп санаймыз. Яғни, заңнамалық тұрғыдан қылмыстық құқық бұзушылықтың түрлі құрамдарына енгізілген діни экстремизм көріністерінің объективті қауіпті

нысандарының көптігіне қарамастан діни экстремистік уәж осы қылмыстық жазаланушы қолсұғушылықтардың криминологиялық тұтастығының орталық буыны болып табылады. Дәстүрлі түрде қылмыстық құқық бұзушылық уәждері қылмыстық құқық бұзушылық құрамында төмендегідей қызметтік міндеттерді орындайды: 1) қылмыстық құқық бұзушылықтың негізгі құрамының міндетті белгісі болу; 2) қылмыстық құқық бұзушылық құрамының саралаушы (немесе айрықша саралаушы) міндетті белгісі болу; 3) қылмыстық құқық бұзушылықтың артықшылықты құрамының (қылмыс құрамында негізгі белгілермен қатар жауапкершілік пен жазаны жеңілдетуші мән-жайлардың болуы) міндетті белгісі болу; 4) жазаны ауырлатушы немесе жеңілдетуші мән-жай ретінде ескерілу; 5) қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты құрамы шеңберінде мәні болмағанмен, сот тарапынан қылмыстық жаза тағайындау кезінде ескерілу.

Діни экстремизмге байланысты қылмыстардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасына талдау жасау барысында біз белгілеген экстремистік қылмыстар тізіміндегі қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірде-бір құрамында (тиісті қылмыстық-құқық нормалары диспозицияларын мәтіндік түсіндіру) қылмыс жасау уәжі конститутивті белгілер тізіміне енгізілмегендігіне көз жеткіздік. Алайда, бұл қылмыстардың криминологиялық ортақтығы осы қылмыс түрін тікелей қалыптастыратын және алуан түрлі, объективті сараланған қолсұғушылықтарды бірдей, біртекті топтарға біріктіретін діни экстремистік уәжімен анықталады.

Қылмыстық құқық ғылымында жасалған қылмыстың діни уәжі сирек бөлінетіндіктен, мұндай зерттеу жұмыстары да аз кездеседі. Отандық заң шығарушы бір ғана діни уәжді, яғни экстремистік қылмыстар құрамында тікелей көрініс таппағанмен елеусіз түрде оларды біріктіруші діни жеккөрушілік немесе араздық уәжі болып табылатын діни уәжді белгілеген. Осы уәж діни алауыздықты қоздырушы және азаматтардың діни сезімдерін қорлауға бағытталған (Қазақстан Республикасы ҚК 174-бабы) әрекеттерді жасауға, діни экстремизмге дем беріп, діни экстремистік әрекеттерді қаржыландыруға (Қазақстан Республикасы ҚК 258-бабы), діни экстремистік ұйымдардың жаңа жақтаушыларын азғырып көндіруге (Қазақстан Республикасы ҚК 259-бабы), діни экстремистік ұйымдар құруға (Қазақстан Республикасы ҚК 404-бабы) итермелейді. Бұл жерде, әрине, көрсетілген қылмыс уәждері әртүрлі (пайдақорлық, тұлғаның өзін-өзі таныту, кек алу және тағы да басқа уәждермен байланысты) болуы мүмкін. Сондай-ақ, діни экстремизмге байланысты қылмысты жасаушы тұлға тікелей өзі радикалды діни көзқарастарды ұстанбағанымен, өзге адамдардың діни экстремистік көңіл-күйлерін пайдалану жағдайы да кездеседі. Мысалы, қандай да бір діни ұйым басшысы діни емес, басқа уәждерді (пайдакүнемдік, жеккөрушілік, қызғаныш және т.б.) негізге ала отырып, өз лауазымдық міндетін пайдаланып, бірақ сырт қарағанда мұндай қылмыс діни салт-жораны орындап жатқан сияқты болып көрінетіндей (мысалы, бастамалық салт-жора, яғни діни бірлестіктің жаңа мүшесін қабылдау) қылмыс жасауы мүмкін [158, с.84].

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың діни уәжі түрлі нысанда жүзеге асырылуы мүмкін. Мәселен, қандай да бір діни конфессия өкілдерін жою көп жағдайда діни уәжге ие. Жәбірленушінің діни тегі (тиістілігі) діни уәж бойынша жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауда соншалықты маңызды болмауы да мүмкін. Іс жүзінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың діни уәжі қылмыстық құқық бұзушылық жасаушы адамның қоғамдық қауіпті ниеті оның діни немесе атеистік сенімдерінің болуымен байланысты.

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстарды діни уәждің бір түрі ретінде қарастыру қажет. Осыған байланысты діни жеккөрушілік немесе араздық уәжі бойынша жасалған құқық бұзушылықтарды басқа діни уәжге байланысты жасалған қолсұғушылықтардан (мысалы, ҚК 99-бабының 1-бөлігі бойынша саралауға жататын салт-жора бойынша адам өлтіру) шектей білген жөн.

Сонымен, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстарды біріктіруші фактор ретінде діни экстремистік уәжді белгілі бір діни конфессияға, сонымен қатар белгілі бір дінге қатысты ілімнің және оны уағыздаушылардың толыққанды еместігін және «дұрыс» діни догмаларды негіздеу және белгілеу қажеттілігі туралы тұрақты жеккөрушілік сезіміне негізделген тұлғаның жеке сенімі деп белгілеуге болады. Жеккөрушілік немесе араздықтың діни экстремистік уәжін ҚК 145-бабында («Адамның және азаматтың тең құқықтылығын бұзу») пайдаланылатын кемсітушілік уәжімен шатастыруға болмайды. «Кемсітушілік» ұғымы жеккөрушілік немесе араздықты қоздыруға жатпайтындықтан, ҚК 145-бабы да экстремистік қылмыстар тізіміне енгізілмеген. Дегенмен, бұл жағдай берілген қолсұғушылықтардың объективті үйлесімділік ықтималдылығын жоққа шығармайтындықтан, бұл құлсұғушылықтар қылмыстар жиынтығы бойынша саралануы мүмкін. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстардың уәжін нақты белгілеу маңыздылығы бірқатар факторларға байланысты.

Біріншіден, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждері жағынан қылмыс жасаушы адамдар көп жағдайда діни идеология әсерінде болып қана қоймайды. Адамдарды азғырып көндіруді ұйымдастырушы, экстремистік даярлықтан өткізуші, діни экстремизмді қаржыландырушы субъектілер көбіне пайдакүнемдік және басқа да өзімшілдік уәждерін басшылыққа алып, тіптен олардың әрекеттері сенуші адамдар есебінен арамтамақтыққа салыну және олардың мүлкін алып алу мақсаттарымен байланысты болып келеді. Мұндай жағдайда қылмыс уәжін мұқият зерделеу діни экстремизмге байланысты басқа қылмыстар мен құлсұғушылықтардың жолын кесуге ықпал етеді.

Екіншіден, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстар уәжін егжей-тегжейлі зерделеу деструктивті идеяларды «жұқтырған» адамдарды анықтауға ықпал етуі мүмкін. Ал мұндай адамдардың өз қылмыстық әрекеттерін «құдай қалайтын іс жасау», «жасаған күнәларын жуу» және тағы да басқа әрекеттер

жасауға тырысуымен түсіндіруі ол субъектінің шеткі экстремистік көзқарастарды ұстанатындығын және осыған байланысты қылмыстарды қайталап жасауы жоққа шығарылмайтындығын көрсетеді.

Үшіншіден, діни жеккөрушілік немесе араздық уәжі нақты адамның қылмыстық мінез-құлқын анықтаушы басқа да уәждермен (мысалы, идеологиялық немесе діни сипатқа ие саяси уәждер) бәсекелестікте екендігін есепке алу қажет. Субъект діни экстремистік сипаттағы қылмыс жасай отыра өзге сенімдерге деген өз жеккөрушілігін немесе араздығын білдіріп қана қоймай, социумды діни доктриналардың біріне қайта ыңғайлауға тырысады [159, с.114].

Төртіншіден, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстар бірқатар факторлар, оның ішінде сыртқы детерминанттар әсерімен де қалыптасатындығын есепке алу қажет. Діни жеккөрушілік немесе араздық уәжі бойынша жасалатын қылмыстар себептілігі мен детерминация үдерісі арасындағы айырмашылық сыртқы орта жағдайы әсерімен тікелей емес, белгілі бір салыстырмалы-тұрақты тұлғалық мінез-құлықтың қалыптасуы арқылы жүзеге асырылатынында екендігін айта кеткен жөн.

Бесіншіден, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстар қандай да бір топ адамын немесе қандай да бір көзқарасты қабылдамау түріндегі ғана емес, сонымен қатар ешқандай көзқарасты ұстанбаушы адамдарға қатысты жағымсыз көзқарас түрінде де қылмыстық мінез-құлық туындатады.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» қолданыстағы Заңы экстремизм түрлерін тиісті объектіге (қоғамдық қатынастар немесе қоғамдық қатынастар тобы) қол сұғушылық жасау белгілері немесе әрекеттің объективтік белгілері бойынша бөледі. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстар сипаттамасының қылмыстық-құқықтық және криминологиялық параметрлерін зерделей отырып, заң шығарушының бұл қылмысты топтастыру өлшемдерін мінсіз емес деп пайымдаймыз. Себебі, біз қарастырып отырған қылмыс түрлері әдетте, оқшау түрде емес, өзара байланысып, экстремистік идеологияның мәнін ашуда қатар жүреді. Мысалы, саяси экстремизм мен діни экстремизмнің өте ұқсас екендігі және көптеген ғалымдардың діни экстремизмге саяси элементтің тән екендігін белгілейтіні туралы біз осыған дейін де айтқан болатынбыз. Жалпы экстремистік қылмыстарға көп уәжділік тән, олар құқыққа қайшы мінез-құлықтың негізгі уәжімен қатар басқа уәждерді үйлестіретіндіктен, оларды әрекеттің объективтік белгілері бойынша емес, экстремистік уәж (саяси, діни, әлеуметтік) ерекшелігін анықтау арқылы бөлген дұрыс деп санаймыз. Экстремистік сипаттағы уәж нақты қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерінің тізіміне тікелей енгізілмегендігіне қарамастан, экстремистік қылмыстарды қылмыстық қолсұғушылықтың басқа түрлерінен ажыратушы негізгі белгі болып табылады.

Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстардың субъектісін сипаттаудағы маңызды аспект адамның белгілі бір радикалды көзқарастар мен шеткі төзімсіздігінен басқа осы қоғамдық қауіпті қолсұғушылық субъектісінің жас ерекшелігі болып табылады. Қылмыстық жауапкершілік параметрлерін белгілеуде адам жасы шешуші фактор және қоғамдық қауіпті қолсұғушылық жасаған адамның қылмыстық жауапкершілікке тартылмауының ең жиі кездесетін себебі болып саналады. Зерттеушілер адам жасын «белгілі бір дәуір немесе дамудың бір баспалдағы, оның мәні дамудың жалпы цикліндегі орнымен анықталатын, даму заңдары әр уақыт сайын сапалы түрде өзгеріп отыратын дамудың белгілі, салыстырмалы түрдегі тұйық кезеңі» ретінде қарастырады [160, с.57].

2014 жылы қабылданған қолданыстағы қылмыстық заңнаманың 15-бабының 2-бөлігі 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкіндігін қарастыратын қылмыстық қолсұғушылықтарға едәуір өзгерістер енгізіп, оған біз қарастырып отырған қылмыс түрін де жатқызған.

Қылмыстық құқық доктринасында қылмыстық жауапкершілікке тартудың төменгі жасы (14 жас) мынадай белгілі бір факторларға байланыстылығы туралы тұрақты көзқарас бар: 1) қоғамдық қауіпті қолсұғушылықтың сандық-сапалық сипаты (бұл өлшемнің абсолюттік мәні жоқ болғандықтан басқаларымен жиынтық түрде бағаланады); 2) осы әрекет түрінің сол 14 жасқа толғандар және одан асқандар арасында кеңінен таралуы; 3) 14 жасқа толған кәмелетке толмағанның психологиялық жас ерекшеліктеріне және әлеуметтік жетілуіне байланысты жасаған әрекеттерінің қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесін саналы түрде түсінетіндігі.

Жоғарыда санамалаған өлшемдер негізінде әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстар үшін жауапкершілікті 14 жастан бастап белгілегенде отандық заң шығарушы негізін басшылыққа алды екен деген заңды сауал туындайды. Қазіргі зерттеушілер бүгінгі таңда осы бағыттағы қылмыстардың «жасару» тенденциясы барлығын көрсетуде [161].

Қазіргі қылмыстық-құқық және криминология ғылымдарында жастар экстремизміне айрықша назар бөлінуде. Қазақстандық зерттеушілердің пікірі бойынша жастардың біраз бөлігі радикалды ислам идеяларын Интернет арқылы, сондай-ақ, әдебиеттер мен адам көп жиналатын жерлерде таратылатын үнпарақтар арқылы біліп жатады. Сондай-ақ, діни экстремизм көріністері үшін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларын өтеп жатқан адамдардың 90%-дан артығы 15-30 жас аралығындағы жастар [162].

Зерттеушілердің пайымдаулары бойынша жастар экстремизмі өзінің ұйымдастырудағы кемшіліктерімен және стихиялығымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, жастарға көп жағдайда өзін социумға қарсы қоюмен байланысты демонстративтілік, агрессиялық қылмыстар тән болып келеді. Жастардың экстремистік әрекеттерге қатысуына экстремистік идеяларды белсенді түрде насихаттау және бір қатар ілеспелі факторлар да (отбасы өмірінің келеңсіздігіне байланысты әлеуметтік сапалы жағдайдың болмауы, білім алу мен жұмысқа

орналасудағы қиындықтар, заңға сәйкес өмір сүру мотивациясының әлсіздігі және басқа да себептер) итермелейді.

Жастардың ең көп әлеуметтік топ екендігін және діни экстремизмге байланысты қылмыстар уәжінің деструктивті, сондай-ақ түзетуге көне қоймайтын құбылыс екендігін ескере отырып, осындай адамдарға превентивті әсер ету мәселесі, оның ішінде сауатты қылмыстық-құқықтық құрылым арқылы ықпал етудің қаншалықты маңызды міндет екендігіне көз жеткіземіз.

Криминологтар жастардың өз өмірлік жолын белгілеуде даулы мәселелерді ықтимал нұсқаларды салыстыра отырып шешетіндігін көрсете отырып, жастарға тән эмоционалдық әсерленгіштік, өзін-өзі ұстай білмеу, күрделі емес даулы жағдайлардың өзін шешу дағдыларының жоқтығын және осы айтылғандардың барлығы девиантты әрекеттер жасауға әкелуі мүмкін екендігін айтады [163, с.76].

Жастардың әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстадың ушығуына қарсы пәрменді іс-қимыл шараларының жоқтығы, осындай жағымсыз үдерістерді жете бағаламаушылық жастардың әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауына әкеп соқтыруы әбден мүмкін. Мұндай болжам жасауымызға еліміздің Ақтөбе, Алматы сияқты қалаларында жас жігіттердің бастамаларымен орын алып, адам шығынына әкелген террористік актілер себеп болып отыр. Демек, осындай қолсұғушылық түрлері үшін қылмыстық жауапкершілікті қаталдандырудың криминологиялық негізі бар. Сонымен қатар, балалардың өте ерте әлеуметтік жетілуі, діни экстремистік идеологияны таратушы түрлі діни-этникалық топтарда «ересектердің» әлеуметтік рөлін атқаруға тартылулары сияқты басқа да бір қатар факторларды ескеру қажет. Алайда, бұл мәселелер зерттеудің қылмыстық-құқықтық талдау пәніне енбейтіндігін және бұл сұрақты біз діни экстремистің тұлғалық ерекшеліктерін ашуда толығырақ тоқталғандығымызды ескерте отырып, мәселені тек қылмыстық-құқықтық қырынан ғана қарастырамыз.

Сондай-ақ, жастардың мінез-құлқы уәжінің қалыптасуындағы ересек адамдардың рөлінің жоғарылығын, қазіргі қылмыстық заңнаманың әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстадың көріністеріне бағытталған жаппай превенциялау шараларын ескере отырып, ҚК 132-бабының (Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту) 5-бөлігіне өзгерістер енгізіп, оны «кәмелетке толмаған адамды әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың уәждеріне байланысты қылмыстар жасауға тарту» деген сөйлеммен толықтыру қажет деп санаймыз.

Біз қарастырып отырған қылмыс құрамының (ҚК 174-бабының) саралаушы белгілері әрекетті адамның қызмет бабын пайдалана отырып немесе қоғамдық бірлестік лидері, яғни қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектісінің жасауы болып табылады. Отандық заң шығарушы қылмыстық заңнамада «қызмет бабын пайдалана отырып», «мемлекеттік функцияларды

орындауға уәкілеттілік берілген адам» және «жауапты мемлекеттік қызметте отырған адам» деген тіркестерді қолданатындығын ескеру қажет. Біз бұл тіркестерді жалпы және жеке деп ара қатынастарын белгілейміз, яғни «қызмет бабын пайдалана отырып» деген тіркес мемлекеттік қызметтерді орындауға уәкілеттілік берілген лауазымды тұлғалар мен сәйкес белгісі жоқ басқа да қызметшілерге қатысты қолданылуы мүмкін. Талданушы құрамдарда адамның қызмет бабы көмегімен діни экстремистік қылмыстардың жасалуын жеңілдету, қылмыстық жазаланушы қолсұғушылықтарды ескерту көлемін кеңейту болып саналады. Діни экстремизмге байланысты қылмыстарды мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берілген адам немесе жауапты мемлекеттік қызметте отырған адам (олардың ұғымдары ҚК 3-бабының тиісті тармақтарында ашылған) жасайтын болса жасалған қылмысты қылмыстық құқық бұзушылық жиынтығы бойынша (мысалы, ҚК 361-бабы (Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану), ҚК 362-бабы (Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану), ҚК 370-бабы (Қызметтегі әрекетсіздік) саралау қажет. Құқық қолдану тәжірибесі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми түсіндіру актілерінде қажетті түсіндірмелердің болуын керек ететіні даусыз.

«Қызмет бабын пайдалану» ұғымының мазмұны адамның қасақана түрде өз қызметтік өкілеттігін пайдалану түрінде ғана көрініс таппай, адамның отырған лауазымының маңыздылығы мен беделін өзге адамдарға әсер ету үшін, жеккөрушілік немесе араздықты қоздыруға, сонымен қатар адамның немесе адамдар тобының намысын қорлауға бағытталған әрекеттер мен басқа да әрекеттер жасау мақсатында пайдалануы.

Қоғамдық бірлестік лидері жасаған әрекеттердің саралаушы белгілері сияқты ұғымды түсіндіру біраз қиындықтар туғызады. ҚК 3-бабының 21-тармағына сәйкес, қоғамдық бірлестік лидері – өзінің ықпалы мен беделі арқылы осы қоғамдық бірлестіктің қызметіне жеке-дара басқарушылық ықпал жасауға қабілетті қоғамдық бірлестіктің басшысы, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктің өзге де қатысушысы. Сонымен, қоғамдық бірлестік лидері ұғымының ресми түсіндірмесі жоқ, ал қылмыстық заңда ол діни экстремизмге байланысты қылмыстар жасау барысында қандай да бір үдерістерге өз беделі мен әсерін пайдаланудың әлеуетті мүмкіндігін алға тартатын, формальды, анықталған мәні жоқ криминологиялық өлшем негізінде анықталады. Жалпы алғанда осы зерттеу жұмысының авторы үшін қылмыстық заңнамада мұндай терминологияның шектен тыс криминологиялық «қанықтылығы» қажетті деңгейде негізделмеген сияқты болып көрінеді. ҚК 404-бабының 3-бөлігінде қарастырылатын қылмыстық құқық бұзушылық құрамы мазмұнындағы «белсенді қатысу» тіркесіндегі ұғымдық белгілер де біздің пікіріміз бойынша біраз түсініксіздікке алып келуі мүмкін. Отандық қылмыстық заңнамада түрлі заңсыз ұйымдасқан құрылымдарға қатысқаны үшін жауапкершілік белгіленген, алайда «белсенділіктің» бағалау өлшемі практикада жай және белсенді қатысу түсініктерін шектеуімен байланысты объективті қиындықтар туындауы мүмкін. Яғни, құқық қолданушыға адамның экстремистік ұйым қызметіне белсенді түрде қатысқандығын дәлелдеу керек болады. Ал бұл белсенділік өлшемін

формальды түрде қалайша анықтауға болады?

Берілген ұйым басшылары немесе құрушылары берген тапсырмалардың орындалу санымен бе, әлде осы «белсенді» қатысушы орындаған қандай да бір іс-шара маңыздылығына байланысты ма деген заңды сауалдар туындайды. Осы жағдайлардың барлығы діни экстремистік қылмыстардың қылмыстық-құқықтық сипаттамасын беруде қолданылған бірқатар бағалау ұғымдарының ресми түсіндіруді қажет ететіндігін көрсететіні сөзсіз. Сонымен, діни экстремизмге байланысты қылмыстардың субъективтік белгілері оларға сипаттама беруде объективтік белгілермен қатар осы қылмыстық құқық бұзушылық ерекшеліктерін құрайды.

Жалпы алғанда олардың ерекшеліктерін төмендегідей белгілеуге болады:

Экстремизмге байланысты қылмыстар кінәнің тек қана қасақана нысанында жүзеге асырылып, жасалатын әрекеттердің интеллектуалдық аспектіде қабылдануына екпін қойылады.

Экстремизмге байланысты қылмыстарға сипаттама беруде мотивацияның алар орны айрықша. Осы зерттеу жұмысының авторы үшін діни экстремизмге байланысты қылмыстар уәжі жасалған қол сұғушылықтың қылмыстық мінез-құлқын қалыптастыру мен оған құқықтық баға беруде шешуші фактор болып табылады. Сондай-ақ, діни экстремистік уәж қылмыстық заңнама мәтінінде берілмеуі мүмкін. Бұл жерде қылмыстық-құқықтық теорияда қалыптасып қалған қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті және факультативті белгілері ережелеріне қатысты қайшылықтар жоқ деп санаймыз. Діни экстремизмге байланысты қылмыс субъектісі экстремистік мотивацияны «жеткізуші» болуы керек. Мотивацияның экстремистік мінез-құлқтың қалыптасуы мен дамуында шешуші мәні бар екендігін ескере отыра, осы зерттеу жұмысының авторы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» арнайы заңында экстремизм түрлерін экстремистік уәж (саяси, діни, әлеуметтік) ерекшелігін анықтау арқылы бөлген дұрыс деп санайды.

Қазіргі уақытта жастар арасындағы экстремистік көріністің алдын алу қажеттілігіне байланысты көптеген экстремистік қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық жасын 14 жасқа дейін төмендетуге барлық (әлеуметтік, әлеуметтік-саяси, криминологиялық және қылмыстық-құқықтық) негіздер бар деп пайымдаймыз.

2.3 Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни араздықты қоздырудың қылмыстық-құқықтық жауапкершілігі

Экстремизмге қарсы тұруды құқықтық қамтамасыз етілуін жетілдіру мәселесі елімізде экстремизм сияқты қоғамдық қауіпті құбылысқа қарсы тұруға бағытталған, жаңартылған бірқатар қылмыстық-құқықтық құрылымнан тұратын жаңа Қылмыстық кодексі қолданысқа енгізілген соң да өз өзектілігін жоймай отыр. Нақтырақ тоқталар болсақ, экстремистік сипаттағы қылмыстық жазаланушы әрекеттермен байланысты қылмыстық заңнамадағы өзгерістер

бірқатар аспектілерді белгілеу (нақтыландыру, бірізділендіру, унификациялау) түріндегі жаңа мәселелерді туындатып отыр десек дұрысырақ болар.

Жаңа қылмыстық заңнама қабылданып, күшіне енген соң экстремизмге қарсы тұру мәселесін реттеуші жалғыз, арнайы заңнамалық акт – Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» №31-III Заңының жаңа қылмыстық құқық ережелерімен едәуір қайшылықтарының бар екендігі анықталды.

Осы заңның негізгі ұғымдары мазмұндалатын 1-бабына екі ғана өзгертулер енгізілді. Олар 3 және 8-тармақшаларға енгізілген «экстремизмді қаржыландыру» және «экстремистік топ» ұғымдарын ашу болып табылады. Бұл өзгертулер қолданыстағы Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексі заңды күшіне енген соң, 2015 жылғы 2 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді. Артынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайырымдылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №403-V Заңы негізінде экстремистік және террористік әрекеттерді қаржыландыру түрі ретіндегі демеушілік көмек көрсету алынып тасталынды [164]. Сондай-ақ, «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заң (мұнан әрі заң) мен Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі арасындағы өзара байланыс өте әлсіз, көптеген сұрақтар туындатады деп санаймыз:

Біріншіден, заң мәтінінде экстремизмнің үш түрінің белгіленуі бұған дейін де айтып кеткендей мінсіз емес. Сондай-ақ, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды («әлеуметтік топ» және «тектік-топтық» ұғымдарының мағынасын ашудағы қиындықтарды ескере отыра) заңның саяси экстремизмге жатқызуын негізсіз деп санаймыз. «Әлеуметтік топ» белгілерін анықтау өлшемінің нақты еместігі соншалықты, «экстремистік әрекеттер» анықтамасында әлеуметтік тиістілік және әлеуметтік алауыздыққа нұсқауды алып тастау қажеттілігіне қатысты зерттеушілер пікірлерін толық негізді деп ойлаймыз. Ал ғылым мен тәжірибеде талданып отырған заңнамалық актімен салыстырғанда экстремистік көріністің біраз түрлерінің бар екендігі туралы біз басқа бөлімдерді қарастыру барысында тілге тиек еттік. Осы себептен алдыңғы бөлімшеде экстремизм түрлерін тиісті қол сұғушылықтың объективтік белгілері емес, экстремистік уәж ерекшеліктері бойынша саралау ұсынылған болатын.

Екіншіден, берілген заңда діни экстремизм «діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы» деп белгіленген. Бұл мәтін мазмұны қолданыстағы қылмыстық заңнамадағы экстремизм ұғымына қайшы түсінік десек қателеспейміз. Жалпы қылмыстық заңнамада «экстремизм» терминінің аты аталғанмен ҚК 3-бабында оның анықтамасы жоқ. Сонымен, «экстремизм» ұғымы пайдаланылатын құрамдардың (соның ішінде ҚК 258, 405-баптары) диспозициялары бланкетті сипатқа ие деп айтуға болады, яғни норманың басқа

нормативті-құқықтық актілерге жүгінуін қажет етуі, біздің жағдайымызда ол «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заң болып табылады. Тиісінше, діни экстремизмді біз талдап отырған арнайы заңнамалық актіде көрсетілген мазмұнда түсінуіміз қажет. Осыған байланысты бізде төмендегідей сипаттағы, көңіл аударуды қажет етуші қиындықтар туындайды. Діни экстремистік қолсұғушылық объектілері ішінде азаматтардың өмірі, денсаулығы, адамгершілігі, құқығы мен еркіндігі аталады. Ал ҚК 3-бабының 39-тармағында көрсетілген экстремистік қылмыстар тізіміндегі қолсұғушылық объектілерінің басым көпшілігінің Заңда көрсетілген тізімге еш қатысы жоқ. Егер адамның өмірі, денсаулығы, құқықтары мен еркіндігінің ҚК 3-бабының 39-тармағында көрсетілген тізімге сәйкес діни экстремистік қылмыстардың қосымша объектілері түрінде қарастырылуы мүмкін болса, адамгершілік қазіргі уақытта діни экстремистік қылмыстар объектісі ретінде қылмыстық заңнамада белгіленбеген. Біздің пікіріміз бойынша мұндай қайшылықтар тиісті түзетулер енгізуді қажет етеді. Экстремистік қылмыстардың негізгі уәждері қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлатушы мән-жайлар («ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәждері бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасау») ҚК 54-бабының 2-бөлігінің 6-тармағында қарастырылған тізімде көрсетілген. Берілген уәж қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінің біраз баптарында әртүрлі түсінікте кездеседі. Мысалы, ҚК 99-бабының («Адам өлтіру») 2-бөлігінің 11-тармағы, 106-бабының («Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру») 2-бөлігінің 8-тармағында «...әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша» деп көрсетілсе, ҚК 314-бабының («Өлген адамдардың мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау») 2-бөлігінің 3-тармағында «...ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділік не араздық уәжі бойынша») деп көрсетілген [2]. Сөйтіп, қылмыстық заңнамада қажетті бірізділіктің болмауы сөзсіз түрде оның тиімділігін төмендетеді. Сондықтан, қылмыстық заңнама мәтініндегі экстремистік қылмыстың (діни экстремистік) саралаушы уәждерін мазмұндауды бір нысанға келтірудің маңызы зор.

Сондай-ақ, ҚК 314-бабында («Өлген адамдардың мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлау») қарастырылған қылмыс жасаудың экстремистік уәжімен қатар «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 1-бабында қолсұғушылық объектісі ретінде көрсетілген қоғамдық адамгершілік қатынастарына да қолсұғушылық жасалып тұрғандығын айта кетуге болады. Сонымен, қолданыстағы ҚК редакциясы, дәлірек айтар болсақ экстремистік қылмыстар тізімі экстремистік қылмыстар ұғымы мен оған қарсы тұрудың жалпы мемлекеттік саясатына сәйкес келе ме? Саралаушы белгісі ретінде әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік не діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша жасалған экстремистік уәж қарастырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтар қатарын қай топқа жатқызамыз деген заңды сұрақтар туындайды. Біздің пікіріміз бойынша берілген әрекеттер тобы да оқшауланып, оның экстремистік сипаты белгіленуі керек. Бұл құқық бұзушылықтар тобы ҚК 3-бабына енгізіліп, «экстремистік сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталып, «экстремистік қылмыстар» ұғымымен қатар болуы керек. Мұнан бөлек, экстремистік сипаттағы қылмыстық жазаланушы әрекеттер тобы да тізімдік

тәсілмен ресімделіп, онда саралаушы белгі ретінде берілген экстремистік уәж көрсетіліп, барлық қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары енгізілуі керек. Экстремистік уәж бойынша сараланған әрекеттерді экстремистік бағыттағы қылмыстарға жатқызу ыңғайы ресейлік қылмыстық заңнамада сақталған [165].

Үшіншіден, экстремистік бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтың жеке тізімін жасаудың қосымша дәлелі ретінде кейбір әкімшілік деликтілерді криминализациялап, қылмыстық теріс қылықтар санатына жатқызылуын атап көрсетуге болады. ҚК 183-бабы (Бұқаралық ақпарат құралдарында экстремистік материалдарды жариялауға рұқсат беру) бұқаралық-ақпарат құралдарында ұлттық, рулық, нәсілдік, әлеуметтік және діни араздықты тұтандыруға бағытталған, тектік-топтық айрықшалықты, соғысты насихаттайтын, билікті күштеп басып алуға, билікті күштеп ұстап тұруға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге және осы норма диспозициясында келтірілген басқа да экстремистік мақсаттарды қамтитын мәліметтер мен материалдарды жариялауға рұқсат бергені үшін жауапкершілік белгілейтін қылмыстық теріс қылықтар құрамын қарастырады. Бұл жерде тағы да экстремистік уәжді мазмұндау жүйелілігі мен бірізділігінің бұзылуы және осыған дейін де біз сөз қозғаған терминдер және ұғымдармен жиынтықта экстремистік көріністердің қылмыстық-құқықтық сипатының санаттық аппаратын күрделендіре түсетін, сондай-ақ, қолданылуы күмән туғызатын «тектік-топтық айрықшалық» термині назар аудартады. Заң шығарушы тарапынан қылмыстық теріс қылық (ең жоғарғы жаза мерзімдері қылмыстық жазаға сәйкес) ретінде белгіленген осы қылмыстық жазаланушы әрекет экстремистік қылмыстармен тікелей байланысты болғандықтан қылмыстық заңнама мәтінінде көрініс табуы керек. Сондықтан біз ұсынған «экстремистік сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың» қосымша тізіміне қылмыстық құқық бұзушылықтардың осы құрамы енгізілуі қажет деп санаймыз. Осылардың барлығы жиынтық түрде экстремистік, оның ішінде діни экстремистік бағыттағы қылмыстарға қарсы тұрудың қылмыстық-құқықтық шараларын кеңінен қамтуға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, Қазақстан Республикасы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасы бірдей ұғымдар мен олардың дефиницияларын пайдалануды, терминологияларды бірізділікке салуды талап етеді. Жоғарыда айтып кеткендей, «экстремизм» термині анықтамасы бір нұсқада қарастырылып, екі нормативтік-құқықтық актілерге енгізілуі керек. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасы мен Қазақстан Республикасы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңында анықтамалары берілмеген «экстремистік даярлық», «экстремистік қызмет» және «азғырып көндіру» сияқты бір қатар терминдер мен ұғымдардың нақты қызметтік анықтамаларын дамыту қажет.

Зерттеу жұмысында, діни экстремизмге байланысты қылмыстардың объективтік белгілерінің сипаттамасын беру барысында қылмыстық құқық бұзушылықтардың тиісті құрамдарының көптеген бағалаушылық ұғымдарын егжей-тегжейлі нақтылау қажеттілігі жайлы тоқталған болатынбыз. Қазақстан Республикасының экстремизмге қарсы күрес бойынша заңнамасының үйлесімді ұғымдық-санаттық аппаратын әзірлеуде экстремизмнің оның ішінде діни

экстремизмнің филологиялық, теологиялық, тарихи, әлеуметтік және тағы да басқа аспектілері ескерілуі қажет. Мұнан басқа, құқық қолдану тәжірибесі біз қарастырған қылмыс құрамдарын бір-бірінен ажырата білу, бірдей саралау, осындай қылмыс түрлері үшін жауапкершілікті жүзеге асыру мен жаза тағайындау ережелерінің болуын қажет етеді. Посткеңестік кеңістіктегі елдердің басым бөлігінде Жоғарғы Сот сатылары беретін ресми түсіндіру актілеріне айрықша мән беру үрдісі қалыптасып қалған. Сондықтан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының экстремистік қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза тағайындауға қатысты арнайы нормативтік қаулыларында түсіндірме берілуі әсіресе, қолданыстағы заңнамада экстремистік қылмыстардың бір қатар жаңа құрылымдарының енгізілуіне байланысты мемлекетіміздің құқық қолдану тәжірибесі үшін аса маңызды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының қылмыстық заңнамаларында экстремистік қылмыстар бағытындағы ұғымдық аппараттар мен экстремистік қылмыстарды криминализациялау тәсіліндегі біраз айырмашылықтарға қарамастан, Ресей Федерациясы заңнамасындағы кейбір оң тәжірибеге назар аударуға болады деп санаймыз. Мысалы, РФ 2011 жылғы 28 маусымдағы Жоғарғы Сот Пленумының «Экстремистік бағыттағы қылмыстар жөніндегі қылмыстық істер бойынша сот тәжірибесі туралы» №11 Қаулысын алып қарастырар болсақ [166], оның төмендегідей оң бағыттылығы бар: қаулы преамбуласындағы экстремизмге қарсы тұру мәселесі бойынша халықаралық-құқықтық стандарттар мен конвенцияларға сәйкестілік; экстремистік қылмыстар құрамын саралау мен олардың бір-бірінен айырмашылықтарына қатысты ережелер белгілеу; экстремистік бағыттағы қылмыстар уәжіне назар аударып, түсіндірме беру; экстремистік қылмыстардың объективтік белгілерін егжей-тегжейлі түсіндіру; өз ойын білдіру мен айтуға қатысты шектеулерге жол бермеушілік, оның ішінде «жеке тұлғаларға қарағанда лауазымды тұлғалардың (кәсіби саясаткерлер) сын айту мүмкіндіктері шегінің кең болуына байланысты бұл адамдардың әрекеттері мен көзқарастары барлық жағдайларда адамның немесе адамдар тобының арнамысын қорлау ретінде бұқаралық ақпарат құралдарында қарастырылмауы керектігі» [166] туралы және тағы да басқа мәселелерге қатысты арнайы ескертпелері бар.

Жоғарыда тоқталып өткендей, қазір ағымдағы жылдың жаз айларында орын алған террористік актілерге байланысты Елбасының экстремизм және терроризммен қарсы күрестегі заңнамамызды күшейту туралы тапсырмасына сәйкес бір қатар заңдарымызға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы қарастырылуда. Осы заң жобасында қылмыстық кодекске экстремистік қылмыстар бойынша жазаны қаталдандыру қарастырылып, жаза шегі екі жылдан бес жылға дейін көбейтілген және кінәлінің мүлкін тәркілеу міндетті болып табылатындығы туралы өзгерістер енгізу жоспарлануда. Мұнан басқа, әкімшілік құқық бұзушылықтарды реттеуші заңнамаға көші-қонға байланысты тәртіп бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту және қару-жарақ және жарылғыш заттарды ұстау құқығы бар күзету ұйымдарына айрықша талаптар қою көзделуде. Осы мәселе қазіргі таңда ғалымдар мен құқық қолданушылар

тарапынан қызу талқылануда. «Экстремизмге қатысты кез келген мәселені күштеп шешуге талпыну қарсылықты ұлғайта бермек. Мәжбүрлеу шараларының қажеттілігіне күмән келтірмегенмен қазақ қоғамының қазіргі даму кезеңінде жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін экстремизмнің барлық нысандарымен күресу парадигмасын өзгерту талап етіледі» [167, р.174]. Сондықтан ең алдымен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту аспектісіне ерекше мән беру арқылы жалпы қылмыстылықтың алдын алған жөн деп санаймыз.

Осы зерттеу жұмысының авторы экстремистік қылмыстар бойынша жаңа қылмыстық-құқықтық құрылымдарды зерделеу және оған талдау жасау нәтижесінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіруге қатысты төмендегідей ұсыныстар жасайды:

Қылмыстық заңнаманы зерделеу барысында ҚК 24-бабы («Қылмысқа дайындалу және қылмысқа оқталу») заңнамалық қисындылық тұрғысынан бір қатар сұрақтар туындататыны белгілі болды. Осы баптың (ҚК 24-бабы) 2-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылық ауыр немесе аса ауыр қылмысқа дайындалғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа дайындалғаны үшін туындайтыны көрсетілген Ал осы баптың (ҚК 24-бабы) 4-бөлігіне сәйкес қылмыстық жауаптылық ауырлығы орташа қылмысқа, ауыр немесе аса ауыр қылмысқа оқталғаны үшін, сондай-ақ террористік қылмысқа оқталғаны үшін туындайды деп белгіленген. Осы орайда «заң шығарушы экстремистік қылмыстар жайында мүлдем ұмытып, террористік қылмыстарды қандай өлшемдерге сәйкес бөлек белгілейді?» деген заңды сұрақ туындайды. Заң шығарушы белгілеген барлық террористік және экстремистік қылмыстарға санаттық тиістілігі бойынша талдау жасау бұл қол сұғушылықтардың жалпы жиынтық түрде шамамен бірдей қоғамдық қауіптілік дәрежесін (тиісті қылмыстық-құқықтық нормалар санкцияларында формальды көрсетілген) белгілейді. Барлық террористік және экстремистік қылмыстар (ҚК 405-бабының 2-бөлігін қоспағанда) ауыр және аса ауыр санаттағы қылмыстарға жатады. Мұнан басқа, террористік және экстремистік қылмыстар толығымен оқшауланбағандықтан кейбір қылмыстық құқық бұзушылық құрамдары бойынша (ҚК 3-бабының 30, 39-тармақшаларын қараңыз) сәйкестіктер бар. Сондай-ақ, көптеген қылмыстық-құқықтық құрылымдар террористік және экстремистік қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асыруда тең арнайы ережелерге мегзейді. Сондықтан барлық террористік қылмыстар ҚК 11-бабына сәйкес санаты бойынша ауыр және аса ауыр қылмыстарға жататын болса, «ҚК 24-бабында көрсетілген заңнамалық ереженің қисыны неде?» деген сауал келеді. Бұл жағдайда заңнамалық техниканың айтарлықтай бұзушылығы болып табылатын мәтін артықтығының бар екендігін [168, 108-б.] айтуға болады.

Тиісінше, бұл жағдайдағы ең дұрыс шешім террористік қылмыстарға қатысты арнайы ескертпені алып тастау арқылы ҚК 24-бабының 2 және 4-бөліктерінің мазмұнын өзгерту болып саналады. Бұл мәселеге басқа қырынан қарайтын болсақ, қылмыстық заңның салықалы салмағын, заңнамалық техника тұрғысынан қателіктері болғанмен отандық заң шығарушының қазіргі

қылмыстық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру мақсатында экстремизмге байланысты қылмыстық қол сұғушылықтардың қоғамдық қауіптілік дәрежесін көрсетуге талпынған тұжырымдық ойын назарға алу қажет деп санаймыз. Алайда, тиісті қылмыстық-құқықтық құрал негізділігіне қарамастан, қылмыстық-құқықтық құрылымды қажетті бағыт бойынша түзету қажет. Сонымен, ҚК 24-бабының 2 және 4-бөліктерінің редакциясына қатысты дәлелдемені негізге ала отырып, бұл кемшілікті ҚК басқа нормасына – ҚК Жалпы бөлігінің 56-бабына «Аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау» түзету енгізу арқылы қалпына келтіруге болады деп санаймыз. Көрсетілген баптың 2 және 3-бөлігі редакциясын өзгерту – заң шығарушының экстремистік және террористік қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа қатысты айрықша бағытын нақты және орынды көрсетуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз. ҚК 56-бабының 2 және 3-баптарында қылмысқа дайындалғаны және қылмысқа оқталғаны үшін жаза көлемін тағайындауда экстремистік және террористік қылмыстарға қатысты арнайы ескерту жасау қажет [2]. Сонымен жоғарыда айтылған пікірлерді тұжырымдау мақсатында төмендегідей қорытындылар жасаймыз:

Қазақстан Республикасы ҚК 24-бабының 2 және 4-бөліктері қисындық тұрғыдан қате және мәтіндік тұрғыдан артық болуына байланысты террористік қылмыстар деген тіркесті мәтіннен алып тастау түріндегі түзету енгізу қажет.

Қазақстан Республикасы қазіргі қылмыстық саясаты тұжырымдамасына және экстремистік-террористік қылмыстар құрамының санаттық ұқсастығы негізінде тек террористік қылмыстарға қатысты қылмыстық жауапкершіліктің арнайы шарттарын белгілеуді осы зерттеу жұмысының авторы негізсіз деп санайды.

Қолданыстағы қылмыстық-құқықтық құрылымға қисындық аяқталғандық мән беру үшін Қазақстан Республикасы ҚК 56-бабының 2 және 3-бөліктерінің редакциясын өзгертіп, оны төмендегідей мазмұнда беру қажет:

– Қазақстан Республикасы ҚК 56-бабының 2-бөлігі: «Қылмысқа дайындалғаны үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында террористік және экстремистік қылмыстарды қоспағанда аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асыруға болмайды»;

– Қазақстан Республикасы ҚК 56-бабының 4-бөлігі: «Қылмысқа оқталғаны үшін жазаның мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында террористік және экстремистік қылмыстарды қоспағанда аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның анағұрлым қатаң түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үшінен асыруға болмайды».

Біз зерттеп отырған мәселеге қатысты қылмыстық заңнама мәтініндегі стильдік қателерге де көңіл аударуды жөн санаймыз. Дәлірек айтар болсақ, ҚК 54-бабының «Қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар» 2-бөлігінің 6-тармағында «ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасау...», – деп мазмұндалады. Бұл жерде қылмыстық заңнама мәтінінің көрсетілген морфологиялық бірлігіне төмендегідей стилистикалық өзгертулер енгізу қажет

деп санаймыз: «ұлттық, нәсілдік не діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасау...». Бұл мазмұн көрсетілген тізімнің нақты баламалылығын белгілейді.

Ұқсас стилистикалық өзгертулер ҚК 183-бабы «Бұқаралық ақпарат құралдарында экстремистік материалдарды жариялауға рұқсат беру» редакциясына да енгізілуі қажет деп санаймыз: «Ұлттық, рулық, нәсілдік, әлеуметтік және діни араздықты тұтандыруға бағытталған...» [2],– деп басталатын мәтіндегі «және» шылауы «немесе» шылауына ауыстырылуы қажет.

Сондай-ақ зерттеу жүргізу барысында ҚК 3-бабының 39-тармағында көрсетілген экстремистік бағыттағы қоғамдық қауіпті қолсұғушылықтар тізіміне ҚК 404-бабының 1-бөлігі де енгізілуі керек деген тұжырым жасадық. Себебі баптың осы бөлігінде тікелей көрсетілген қолсұғушылықтардың объективтік белгілері діни экстремизмге байланысты қолсұғушылық белгілеріне толық көлемде жауап береді, олар – азаматтарға зорлық-зомбылық көрсету, азаматтардың өз азаматтық міндеттерін орындаудан бас тартуына немесе басқа да құқыққа қайшы әрекеттер жасауларына түрткі болу. Сондықтан заң шығарушының экстремистік қылмыстар тізімін ҚК 404-бабының 2 және 3-бөліктерімен шектеудегі позициясы негізсіз деп санап, оны қазіргі қылмыстық заңнамадағы заң шығарушылық техника мәселесіндегі әрдайым жағымсыз жалғаспалы факторлармен байланысты динамизмінің жоғарылығымен байланыстырамыз. Біздің көзқарасымыздың қосымша дәлелі ретінде мына жағдайды алға тартамыз. Егер ҚК 404-бабының 1 және 2-бөліктерінде қарастырылған әрекеттердің объективтік белгілері әлі де қарастыруды (түзетуді) қажет етеді, ал ҚК 404-бабының 3-бөлігінің редакциясы қисындық және филологиялық талдау негізінде ҚК 404-бабының 1-бөлігімен де, 2-бөлігімен де байланысты болып табылады. Сондықтан ҚК 404-бабының 2 және 3-бөліктерінде көрсетілген қоғамдық бірлестік қызметіне белсенді қатысуды экстремистік қылмыстарға жатқызып, сол баптың 1-бөлігінде көрсетілген қоғамдық бірлестік құру немесе оған басшылық ету, сол сияқты діни негіздегі партия немесе кәсіптік одақ құру немесе оған басшылық етуді сол тізімге енгізбеу түріндегі заң шығарушы бағыты бізге түсініксіз. Осыған байланысты ҚК 3-бабының 39-бөлігінде қарастырылған экстремистік қылмыстар тізіміне 404-бапты толығымен енгізу қажет деп пайымдаймыз.

Сондай-ақ, экстремизмге байланысты қылмыс субъектілерінің белгілерін зерттеу барысында қол жеткізген қорытындылар негізінде ҚК 15-бабының 2-бөлігімен қарастырылатын 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілік белгілеуші тізімге ҚК 182, 259 және 260-баптарын да енгізу қажет.

Қылмыстық-құқықтық құрылымы тиімділігі мен жеткіліктілігін бағалаумен жалғасатын шектес сипаттағы мәселелердің бірі – қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасы ҚК қылмыстар тобын жеке түрлері бойынша, оның ішінде экстремистік топты бөлу орынды болып табылады. Қылмыс жасауға қатысушылық нысаны өлшемдерін анықтау мәселесі қылмыстық құқық ғылымында даулы болып отыр. Қазақстан Республикасының 1997 жылы қабылданған ҚК 31-бабында берілген қылмысқа қатысу нысанының

төрт буынды топтастырылуына қатысты теоретиктер мен практиктер тарапынан ұйымдасқан қылмыстық топ пен қылмыстық қауымдастық айырмашылықтарын белгілеуші өлшемдердің «бұлыңғырлығына» байланысты көптеген сындар айтылған болатын. Қазіргі уақытта қылмысқа қатысушылық нысандарын белгілеу мәселесі үш негізгі нысандар – адамдар тобы, алдын ала келісілген адамдар тобы және қылмыстық топ деп бөлу бойынша шешілген. Алайда, мәселенің осылай шешілуі қылмыстық қолсұғушылықтар жасаудың ұйымдасқан нысанын белгілеу өлшемдерін едәуір күрделендірген сияқты. Себебі, ҚК 3-бабының 24-тармағына сәйкес қылмыстық топ белгілері анықталмай, оның он түрі санамаланып шығады. Сондай-ақ, қылмыстық әрекеттің ұйымдасқан нысандарының сапалық қасиеттері бойынша әртүрлі өлшемдері белгіленбеген. Криминогенді әлеуеті бойынша іс жүзінде әртүрлі ұйымдасқан нысандар (ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қауымдастық) «қылмыстық топ» деп аталатын жинақталған терминге біріктірілген. Сонымен қатар, «қылмыстық топ» ұғымына таза криминологиялық өлшемдермен – экстремистік және террористік топ (осы топ жасайтын қылмыстық құқық бұзушылықтар сипаты бойынша); трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қауымдастық (қылмыстық құқық бұзушылықты екі немесе онан да көп мемлекеттер аумағында немесе шет ел азаматтарының қатысуымен жасау немесе ұйымдастыру белгісі бойынша) немесе қандай да бір жеке объективті сипаттамалар (банда, заңсыз әскерилендірілген құрылымдар) белгіленетін ұйымдасқан нысан енгізілген. Жалпы өлшемдердің болмауы мен қылмыстық әрекеттің ұйымдасқан нысандары түрлерінің тым кеңінен алынуы біздің пікіріміз бойынша, отандық заң шығарушының қате шешімі деп санаймыз. Бұл пікірді экстремистік топ сияқты қылмыс тобының түріне де қатысты айтуға болады. Ойымызды әрі қарай негіздейтін болсақ, біріншіден, экстремистік топ ҚК 3-бабының мазмұнына сәйкес ұйымдасқан топтың бір түрі, ұйымдасқан топтан басты айырмашылығы – ҚК 3-бабының 39-тармағында қарастырылатын экстремистік қылмыстарды қарастыруында. Екіншіден, ҚК Ерекше бөлігі мазмұнында саралаушы және айрықша саралаушы белгілер арасында қылмыстық топ түрлері мүлдем көрсетілмеген. Экстремистік қылмыстардың бір қатар құрамдарында саралаушы белгі әрекеттің қылмыстық топпен жасалуы деп көрсетілген. Осы жерде мынадай сұрақтар туындайды: «Егер экстремистік қылмыс қылмыстық топпен ҚК 3-бабының 24-тармағында көрсетілген кез келген нысанында жасалған болса бұл топты экстремистік деп санауға бола ма? Қылмыстық құқық бұзушылық жасаушы экстремистік топтың экстремистік тізімге енбейтін әрекеттерін қалайша саралауға болады? Егер экстремистік топ бірнеше мемлекеттер аумағында әрекет ететін болса (бұл жиі кездесетін жағдай) оны трансұлттық ұйымдасқан топ деп санауға бола ма?». Бұл әрине, қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу нысанына қатысты қазіргі заңнаманы түсіндіруге байланысты сұрақтардың толық тізімі емес. Үшіншіден, қылмыстық заңнамада түрлі қылмыстық топтар құру мен олардың қызметтеріне қатысу құрамдары криминализацияланған. Сонымен, жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, төмендегідей жағдайдың орын алу мүмкіндігін жоққа

шығармаймыз: экстремистік қылмыстар жасау үшін құрылған (экстремистік) ұйымдасқан топ бірнеше мемлекеттер аумағында қызмет етеді (трансұлттық ұйымдасқан топ), өздерінің жарғысы, нақты белгіленген тәртібі және басқа да әскери атрибутикалары бар (заңсыз әскерилендірілген құрылым) экстремистік әрекеттер жасау үшін адамдарды азғырып көндірумен және үйретумен қоса басқа да қолсұғушылықтар – адамдарды саудалау, кәмелеттік жасқа толмағандарды Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерлерге алып кету, жалған құжаттар жасау және тағы да басқа әрекеттермен айналысады. Яғни, дамыған экстремистік құрылымдардың әрекет етуінің әдеттегі механизмін қолданады. Алайда, осы жағдайда бір қылмыстық топтың әр түрін (бір қылмыстық топтың болғандығына қарамастан) есепке алу және ҚК Ерекше бөлігінің 182, 264 және 267-баптары бойынша саралау қажеттілігі туындап отыр. Бұл жағдайды негізсіз, қылмыстық заңнаманы тым репрессивтілікке әкелуші және заң шығарушының қылмысқа қатысу нысанын түсіндіруге қатысты шешімінің қате екендігін көрсетеді деп санаймыз.

Сонымен осы бөлімшеде талданған ережелерді тұжырымдай отыра төмендегідей негізгі қорытындылар жасаймыз:

Қазақстан Республикасының «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» арнайы заңы мен қылмыстық кодексі арасында бір-біріне қайшы келу жағдайларының бар екендігіне көз жеткіздік.

Қылмыстық заңнаманың түрлі баптарындағы экстремистік уәждегі қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты мәтіні бірізділікке салып, жүйелеуді қажет етеді. Диссертациялық зерттеу жұмысының авторы Қазақстан Республикасы ҚК Ерекше бөлігінің жеке баптары бойынша бірқатар үйлесімсіздіктің барлығын анықтады. Қылмыстық құқық бұзушылық жасауда экстремистік уәжді белгілеуші барлық саралаушы белгілер ҚК 54-бабының 1-бөлігінің 6-тармағының «ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасау» мазмұнына сәйкестендірілуі керек.

Экстремистік қылмыстардың қазіргі тізімі экстремистік уәж бойынша жасалатын қылмыстық жазаланушы әрекеттердің бір қатарын есепке алмайды. ҚК Ерекше бөлігінің қылмыстық құқық бұзушылықтары құрамының едәуір бөлігінде саралаушы белгі ретінде ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгісі енгізілген. Қазіргі экстремистік қылмыстармен күресуге байланысты қылмыстық саясат экстремистік уәждер бойынша жасалған әрекеттерді назардан тыс қалтырмайды деп ойлаймыз. Осыған байланысты зерттеу жұмысының авторы ҚК 183-бабымен қарастырылатын қылмыстық теріс қылықтарды да қылмыстық заңнаманың экстремистік сипаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтар тізіміне енгізуді ұсынады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың осы тізіміне қатысты ҚК 3-бабының 39-тармағында қарастырылған экстремистік қылмыстарға байланысты қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың арнайы ережелерін белгілеу қажет.

Экстремистік қылмыстар тізіміне қолданыстағы ҚК 404-бабының тек 2 және 3-бөліктерін ғана емес 404-бапты толығымен енгізу қажет. ҚК 24-

бабының 2 және 4-бөліктерінен террористік қылмыстарға сілтемені алып тастау арқылы түзету енгізу керек деп болжаймыз. Зерттеу жұмысының авторы тарапынан бұл ережедегі террористік қылмыстардың санаттық тиістілігін жеткілікті дәрежеде есепке алмауына, сонымен қатар террористік және экстремистік қылмыстардың қоғамдық қауіптілік дәрежелерін тең көрмеуіне қатысты бағыттардың қателігі дәйекті түрде негізделген. Террористік және экстремистік қылмыстардың жоғары жауапкершілігі мен жазаланушылығы туралы мәселені шешудің жолы ретінде аяқталмаған қылмыс үшін жаза тағайындау ережелерін белгілеуші ҚК 56-бабының редакциясына өзгерістер енгізу ұсынылады.

Біздің тарапымыздан қылмыстық топтың өзге түрлері сияқты экстремистік топты бөлудің орынсыздығы туралы ереже дәйектелген. Себебі, қазіргі түрлерге бөлу тәжірибеде қылмыстық жазаны жүзеге асырудың заңдылық қағидатын бұзушы қайшылықтарға әкелуі мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасында бар діни ағымдарды зерделей келе олардың басым бөлігіне діни экстремизмнің саясиленген исламистік нысаны тән екендігін белгіледік. Діни экстремизмнің құқықтық табиғатын саралап, оған мынадай авторлық анықтама береміз: діни экстремизм – діни төзімсіздік уәжіне байланысты бір діни ұйым негізінде құрылған діни көзқарастар жүйесін қоғамға мәжбүрлі түрде таңу әрекеттеріне негізделетін қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға бағытталған қоғамға қауіпті іс-әрекеттер.

Республикамызда қызмет етіп жатқан діни ұйымдар қызметін зерделей отырып, олардың басым бөлігіне діни экстремизмнің саясиленген исламистік нысаны тән деген қорытындыға келдік.

Жалпы қылмыстылық ішінде экстремистік бағыттағы қылмыстық құқық бұзушылықтың пайыздық көрсеткіштерінің жоғары еместігіне қарамастан қылмыстық кодекстің 174-бабымен сараланатын қылмыстар көрсеткішінің соңғы екі жыл ішінде күрт өсуі осы қылмыстық құқық бұзушылық түрінің қоғамдық қауіптілігінің жоғары екендігін белгілейді.

Қазіргі статистикалық көрсеткіштер негізінде жалпы экстремизмнің, оның ішінде діни экстремизмнің күрт өсу тенденциясына ие екендігін байқаймыз. Діни экстремизм жалпы экстремистік қылмыстар құрылымының орташа есеппен алғанда 53,5% құрайды.

Кез келген әлеуметтік құбылыс ретінде жалпы қылмыстылықтың оның ішінде діни экстремизмге байланысты қылмыстардың дамуына ықпал етуші ішкі және сыртқы себептер бар. Сыртқы себептерге жаһандану, геосаяси факторлар, заңсыз көші-қонды жатқызамыз. Ішкі себептер ретінде елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, мемлекеттік немесе ұлттық идеологияның жоқтығы, қоғамдағы отбасы институты рөлінің төмендеуі, білім беру жүйесіндегі кемшіліктер, рухани негіздердің өзгеруі, азаматтардың билік беделіне, заңға және қауіпсіздіктеріне деген сенімдерінің аздығы, азаматтардың

діни сауаттылығының төмендігі мен адамдардың психологиялық денсаулық жағдайларын қарастырамыз.

Түрлі қайнар көздер мен әдебиеттерді зерделеп, әлеуметтік сауалнамалар жүргізіп, қылмыстық және сотталғандардың жеке істеріне талдау жасау нәтижесінде діни экстремистік бағытта қылмыс жасаушы субъектілер 14 пен 30 жас аралығындағы, орта білімі бар және мәдени деңгейі төмен, тұрақты табыс көзі жоқ азаматтар екеніне көз жеткіздік. Олардың қоғамдық мәні бар мүдделерінің болмауы және бос уақытының, күш-қуатының жеткілікті болуы оларды криминалды ортаға жетелейді деген қорытындыға келдік.

Экстремистік бағытта қылмыс жасаушы тұлғаларды пайдакүнемдік мақсаттарда діни экстремистік қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушы тұлғалар мен діни идеологияны ұстанушы қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаушы тұлғалар және өмірден өз жолын таба алмай жүрген өзін танытуға құштар тұлғалар деп шартты түрде үш топқа бөлдік.

